1 Qazaqstan Respwblikasinin Prezidenti N.A. Nazarbaevtin «Aleumettik – ekonomikalyq cangyrtu – Qazaqstan damytuinyn basim bagyty», atty Qazaqstan halqyna joldauy . 2012, 27 qantar,

2 http://akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana_1339760819 .

3 Libman A.M. Modeli regionalnoi integratsi. – M.: Ekonomika, 2011. – 333. – C.97.

4 Galagan A.I. Integratsionnye protsessy v oblasti obrazovania: analiz mirovyh tendentsii // Menedgment v obrazovanii. – №4, 2006. – 62 c.

5 Qazaq adebieti. – № 49. – 2011.

6 Jas Qazaq. – № 14. – 2011.

ӘОЖ 316.77

А.К. Қуанышбекова*, Ш.Б. Қожамқұлова

Журналистика және масс коммуникация департаменті, ҚМЭБИ университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail:anar.kuanyshbekova@gmail.com

Мемлекеттік науқан репрезентациясының салыстырмалы анализі: «Время» және «Казправда» газеттерінің «Халықтық IPO» бағдарламасын фреймдеуі

Фрейминг теориясы мен фрейминг матрицасы әдісін қолдану арқылы ҚазТрансОйл компаниясының «Халықтық IPOсы» туралы мақалалар зерттелді. Мемлекеттік «Казправда» және жекеменшік «Время» газеттеріне 2012 жылы шыққан 51 мақала сарапталды. Нәтижесінде қос газетке ортақ Абай бол! фреймі, төрт қарама-қарсы фрейм Халықтық IPO- Эксклюзивті IPO, Аншлаг- Сәтсіздік, Өткеннен сабақ- Дежа вю, Майлы жілік- KZTO-жария емес және дайынбыз! Жаппай оқыту,Табыс таппайсың тәрізді бірегей фреймдер табылды. Екі газеттегі цитаталардың 70%-ынан астамы «Мемлекет» және «Эмитент» категориялары өкілдеріне тиесілі. Қаржыгерлер, инвесторлар мен өзге де сарапшылардың үлесі алдыңғы екеуінен әлдеқайда аз болып шықты. Бұл зерттеу ақпарат көздері ортақ болғанның өзінде бір ғана зерттеудің мүлдем екі түрлі фреймделуі мүмкіндігін анықтады.
Түйін сөздер: фреймдер, фрейминг теориясы, газет, Халықтық IPO, ақпарат көздері.

A.K. Kuanyshbekova, Sh.B. Kozhamkulova

Comparative Analysis of Representation of the State Campaign: How Vremya and KazPravda frame the "People's IPO"

Using framing theory and framing matrix approach the authors examined coverage of the "People's IPO" in Kazakhstan. This research revealed that the same issue might be covered in completely distinct ways: only *Be Careful!* frame was mutual for both newspapers out of 13 frames. Despite the fact that more than 70% of quotes belong to "State" and "Issuer" source categories, meanings of articles completely differ.
Key words: frames, framing theory, newspapers, People's IPO, news sources.

А.К. Куанышбекова, Ш.Б. Кожамкулова

Сравнительный анализ репрезентаций государственной программы: как Время и Казправда обрамляют «Народное IPO»

Используя теорию фрейминга и метод фреймингoвой матрицы, авторы исследовали статьи про «Народное IPO» в Казахстане. Сравнительный анализ показал, что одно событие может освещаться в совершенно разных обрамлениях: из 13 фреймов, найденных в двух газетах, только один фрейм «Будь осторожен!» был общим для обоих изданий. Также несмотря на доминирующую долю источников из категории «Государство» и «Эмитент», фрейминг «Народного IPO» в статьях двух газет сильно отличается.
Ключевые слова: фреймы, фреймингoвая теория, газеты, Народное IPO, источники информации.

Абзалында БАҚ болған оқиғаны қазақалпында жеткізуі тиіс. Бірақ мәселенің сан қыры бар. Сондықтан тілшілер естіген ақпараттың кейбір тұстарына көбірек мән беріп, кейбір тұстарын ескерусіз қалдырып, журналист мәтінін белгілі бір мағынаны жеткізетіндей етіп жазады. Осы құбылысты фрейминг теориясы түсіндіреді. «Фрейм» сөзі суреттің рамасы немесе терезенің жақтауы деген тәрізді мағына береді. Роберт Ентманның [1993] айтуынша, «Фрейм жасау дегеніміз қабылданған шындықтың кейбір тұстарын таңдап алып, белгілі бір мәселені анықтап, оның себебін түсіндіріп, мораль тұрғысынан бағалап және одан шығу жолдарын түсіндіру үшін оны коммуникациялық мәтінде үлкейтіп көрсету». Джим Куйперс [2009]

журналистер бейтарап дәйектерге белгілі бір мағына беріп, фреймдейді деп тұжырымдайды. Ал Еделман [1993] қоғамдық шындықты ненің көрсетіліп, ненің көрсетілмеуіне байланысты сан түрлі ықтимал шындықтарды көрсететін калейдоскопқа теңейді: «Мәтінге ақпаратты қосу немесе алу арқылы кез келген құбылыстың сипаты, себебі және салдары мүлдем әртүрлі болып көрсетілуі мүмкін». Фреймдерді метафора, тұрақты сөз тіркестері, мәселені тудырушы тарап, дерек, дәйек, мәтінге берілген сурет немесе мақаланы оқыған кезде зерттеушінің ойына келетін бейне арқылы табуға болады [Ентман 1993; Гамсон,1989; Райан, 1991].

«ҚазТрансОйл» компаниясы акцияларының бұқара халыққа сатылуын зерттеген мамандар «Халықтық IPO» бағдарламасының әлеуметтік тұрақтылықты нығайту, қор нарығына серпін беру және халықтың қаржылық сауатын ашу мүмкіндіктеріне көңіл бөлген [Абазов & Ыстыбаева, 2011; Пизар, 2011; Стуттард, 2011]. Ал осы зерттеу мемлекеттік «Казахстанская правда» [Omarov, 2013] және жекеменшік «Время» [IREX, 2012] газеттеріндегі 2012 жылы жазылған мақалалардағы фреймдер мен ақпарат көздерін салыстыруды мақсат етті. Авторлар төмендегі екі сұраққа жауап берді:

ЗС1: «*Казправда» және «Время» газеттеріндегі фреймдердің ұқсастығы мен айырмашылықтары қандай?*

ЗС2: *Екі газетте берілген ақпарат көздерінің цитаталары қандай фреймдерге кіреді?*

Әдістеме

Мақалалар «Народное IPO» кілт сөзін енгізу арқылы www.kazpravda.kz және www. time. kz сайттарынан жинақталды. 2012 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында шыққан материалдар арасынан «Халықтық IPO» тақырыбына арналған 51 мақала осы зерттеу үшін іріктеліп алынды. Оның 40-ы «КазПравда», 11-і «Время» газетінен. Фреймдерді анықтау үшін Райан [1991] түзіп, Уинет [1993] дамытқан *фрейм матрицасы* әдісі қолданылды. Бұл әдіс 1) аты, 2) сипаттамасы, 3) метафора, 4) тұрақты сөз тіркесі, 5) мәтінді оқып отырғанда зерттеушінің ойында пайда болған бейнелер, 6) мәселені тудырушы, 7) мәселенің шешімі, 8) жүгінілген принцип тәрізді фреймнің сегіз қырын анықтайды. Менаше мен Зигелдің [1998] жолын ұстанып, алдымен, мәтіндердегі аргументтер анықталды. Содан кейін бұл аргументтер жоғарыдағы сегіз тарапты толықтыра отырып, фреймдерге біріктірілді. Аргумент анықтамасы ретінде «Осы мәселеде дәл осы ұстанымның жөн екенін дәлелдейтін деректі логикалық түсіндірме» алынды. Бірнеше аргумент бір фреймді құрайды [Такахаши, 2011]. Мысалы, «ҚазТрансОйлдың қаржылық есептері өте жақсы», «Тартылған қаржы мұнай құбырларын дамытуға жұмсалады» деген аргументтер *Майлы жілік* фреймін түзді. Екі кодердің аргумент анықтаудағы өзара сәйкестігі 85% құрады.

Ақпарат көзі ретінде мақалада сөзінен немесе баспасөз баянынан үзінді берілген жеке тұлға немесе ұйым анықталды. Оларды жіктеу үшін төмендегідейі бес категория құрылды:

А) Мемлекет (үкімет, парламент, «Нұр Отан» партиясы, Қазпошта, Ұлттық банк);

Ә) Эмитент («ҚазТрансОйл» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ);

Б) Қаржы секторы (брокерлер, банктер, қаржыгерлер қауымдастығы өкілдері);

В) Болашақ инвесторлар (Қазақстан азаматтары, зейнетақы қорлары);

Г) Қаржылық емес сектор (саяси шолушылар, экономистер, зерттеушілер).

Нәтижелер

Кодтау нәтижесінде «Казправда» және «Время» газеттері мақаларындағы аргументтер анықталды. Бұл аргументтерді топтастырғанда 13 фрейм шықты (жақша ішінде аргументтер саны көрсетілді). 1-кестеден фрейм матрицасындағы екі фреймнің сипаттамасын көре аласыз.

«КазПравда»: *Аншлаг* (25), *Жаппай оқыту* (21), *Майлы жілік* (17), *Халықтық IPO* (13), *Абай бол! (*12), *Дайынбыз! (*10) *Өткеннен сабақ*(4).

Время: *Сәтсіздік* (9), *Эксклюзивті IPO* (8), *KZTO- жария емес* (4), *Табыс таппайсың* (4), *Абай бол! (*3), *Дежа вю* (2).

1-кесте – Фрейм матрицасынан үзінді

Фрейм/ газет	Сипаттамасы	Метафора	Есте қалатын тіркес	Сипатталатын сурет	Мәселе тудырушы	Ұсынылатын шешім	Принцип
Аншлаг (Каз Правда)	Жұрт акция сатып алуға қызығып, белсенділік танытып жатыр	IPO жаулап алды	Жұрт келісімшарт бекітуге асығуда, сұраныс ұсыныстан екі есе көп	Өтініштерді қабылдап үлгеру үшін Қазпошта жұмысқа қосымша қызметкерлер шығарды	Азаматтар мен зейнетақы қорларының қызығушылығы	Жазыл!	Белсенді бол
Сәтсіздік (Время)	Азаматтардың қаржылық сауаты төмен, ал үкіметтің ақпарат тарату науқаны тиімсіз өткізілгендіктен бұл жоба сәтсіз өтеді.	Жобаны немен қосып жеу керек сауатсыздыққа қарсы күрес	Жоғары волатилді, төменгі волатилдік	Селқос азаматтар	Біліксіз науқаншылар	Жақсылап үйрет!	Бюджет қаржысын тиімді пайдалану

Бірінші зерттеу сұрағына жауап бере келсек зерттелген екі газеттен тек бір ғана *Абай бол!* ортақ фреймі табылды. *Жаппай оқыту, Дайынбыз!* фреймдері тек «Казправда» газетіне, *Табыс көрмейсің* фреймі «Время» газетіне ғана тән. Қос газет төрт тақырыпты қарама-қайшы мағынада фреймдеген:

1) Науқан (*Халықтық IPO, Эксклюзивті IPO*)

2) Қызығушылық (*Аншлаг, Сәтсіздік*)

3) 90-жылдардың купондары (*Өткеннен сабақ, Дежа вю*)

4) Эмитентті бағалау (*Майлы жілік, KZTO-жария емес*)

Екінші зерттеу сұрағына жауап беру үшін ақпарат көздері жіктеліп, цитаталардың жиілігі саналды. 2-кестені қараңыз.

2-кесте – Ақпарат көздері цитаталарының қолданылу жиілігі (%)

Категория	КазПравда (n=143)	Время (n=53)
Мемлекет	57.3	35.8
Эмитент	30	35.8
Қаржыгерлер	4.8	5.6
Болашақ инвесторлар	4.1	1.8
Қаржылық емес сектор	3.4	20.7

Екі газет мақалаларында да «Мемлекет» және «Эмитент» категориялары айқын басымдық алып отыр. Ал «Болашақ инвесторлар» мен «Қаржыгерлер» категорияларының үлесі өте аз. «Время» газеті «Қаржылық емес сектор» өкілдеріне «Казправда» газетінен төрт есе көп сілтеме жасаған.

Сонымен қатар ақпарат көздерінің сөздері қандай фрейм аясында қолданылғанын анықтау мақсатында цитаталар тағы бір мәрте жіктелді. Мәтіндегі цитатада тек бейтарап деректер келтіріліп, үзіндінің ешбір фрейм шеңберіне енбеу ықтималдығын ескере отырып, тағы бір Өзге фреймі енгізілді. Сөйтіп, «Казправда» газетіндегі 143 цитата сегіз фреймге, «Время» газетіндегі 53 цитата жеті фреймге сұрыпталды. 3-кестені қараңыз.

3-кесте



Қара бағана – КазПравда
Сұр бағана – Время

Дискуссия

Ентман айтқандай бір фреймді тұрақты түрде қолдану оны күшті қылады. «Казправда» бастан аяқ «Халықтық IPO» бағдарламасын қолдап жазса, «Время» сынап жазды. Мұның себептерін қарастырсақ, Казправда мемлекеттік газет болғандықтан ақпарат таратудан гөрі тек насихаттауды міндет санайтын тәрізді. Осы орайда мемлекеттік хатшы Марат Тәжин мемлекеттік БАҚ-ты сынаған еді: «Бұл, әрине, мемлекеттік БАҚ-тың өсуіне жол бермейді. Мен түсінемін, бұл – аса оңай позиция. Комментарийлер, талдаулар, журналистік зерттеулердің орнына уралап насихаттық материал жазу оңай, бірақ оны ешкім де оқымайды. Жетеді, бұндай практиканы тоқтату керек» [Мәметқазыұлы, 2013]. «Время» газетінің сыни бағытты ұстануының бірнеше себебі болуы мүмкін. Матестің [2009] тұжырымдауынша, жекеменшік газеттер тиражды өсіріп, жарнама берушілерді қызықтыру үшін ақпаратты әсірелеп беруге бейім. Немесе «Время» газеті мемлекеттік БАҚ пен «Халықтық IPO» бағдарламасының жарнамалық сарындағы материалдарынан өзге ақпарат таратып, ақпараттық кеңістікте қандай да бір тепе-теңдік қалыптастырмақ болуы ықтимал. Қалай дегенмен де, газеттің нақты қожайындары белгілі болмағандықтан кесіп айту қиын.

Қорытынды

Бір тақырыптың жекеменшік және мемлекеттік газеттерде жазылуындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді қорыта келе айтарымыз, екі газет бір тақырыпты мүлдем қарама-қайшы фреймдеуі мүмкін. Сондай-ақ ақпарат көздері үлесінің ұқсас болуы да мақалалар мазмұны ұқсас болады деген сөз емес. Бұл зерттеу орыс тіліндегі екі газетті ғана зерттеді.Осы екі газетке ұқсас өзге газеттерді зерттеу осы қортындыларды айқындай түсуі мүмкін. Қазақ тілді газеттердегі Қазтрансойл IPO-сы жайлы мақалалар зерттеу ауқымын кеңейтеді. Болашақ зерттеушілер осы екі бағытқа көңіл аударулары немесе табылған фреймдерді өзге алты компанияның IPO-лары туралы мақалалардан іздеулеріне болады.

Әдебиеттер

1 Abazov R., & Istybayeva, D. (n.d.). Will the «people›s ipo» help address social polarization in kazakhstan?. (2011). Central Asia Caucasus Institute, Retrieved from http://www.cacianalyst.org/?q=node/5553

2 Entman R. (1993). Framing:toward clarification of fractured paradigm. journal of Communication

3 Goldman A., & Kuypers, J. (2010). Contrasts in news coverage:a qualitative framing analysis of a list bloggers and newspaper articles reporting on jena 6. Relevant Rhetoric, Retrieved from http://relevantrhetoric.com/wp-content/uploads/Contrasts-in-News-Coverage.pdf..1177/000276428903300204

4 IREX. (2012). Media sustainability index 2012. Retrieved from http://www.irex.org/system/files/u105/EE_MSI_2012_Kazakhstan.pdf

5 Kuypers J. A. “Framing Analysis,” Rhetorical Criticism: Perspectives in Action. Jim A. Kuypers, ed. (Lanham, MD; Lexington Books, 2009).

6 Matthes J. (2009). What›s in a frame? a content analysis of media framing studies in the world›s leading communication journals,1990-2005.Journalism&mass communication quarterly, Retrieved from http://jmg.sagepub.com/content/86/2/349

7 Мәметқазыұлы Қ. (2013, ақпан 22). Мемлекеттік БАҚ ақпараттық, түсіндіру қызметін насихаттық функциямен алмастырмауы керек – М. Тәжин. Retrieved from http://www.inform.kz/kaz/article/2537181

8 Menashe C., & Siegel, M. (1998). The power of a frame:an analysis of newspaper coverage of tobacoo issues-united states, 1985-1996. Journal of health communication , 3, 307-325. doi: 1081-0730/98

9 Omarov J. (2013, march 20). Head of the managing board of the newspaper «kazakhstanskaya pravda» said about reformatting of the paper., Retrieved from http://ortcom.kz/ru/news/view/960

10 Pizur T. (n.d.). «the people›s ipo» build on kazakh stability. (2011). Central Asia- Caucasus Institute Analyst, Retrieved from http://www.cacianalyst.org/?q=node/5525

11 Ryan Charlotte. 1991. Prime Time Activism: Media Strategies for Grass Roots Organizing. Boston, MA: South End Press.

12 Stuttard J. (2012, May). Ipos uk experience of privatization and application to kazakhstan. Economic forum, Astana,Kazakhstan. Retrieved from http://www.aef.kz/ru/history/participants/stenogrammy/318695/

13 Takahashi B. (2011). Framing and sources: a study of mass media coverage of climate change in peru during the v algue. Public understanding of science, 20(4), 543-557. doi: 10.1177/0963662509356502

14 Winett Liana. 1997. “Advocate’s Guide to Developing Framing Memos.” Pp.420-433 in

15 Do The Media Govern? Politicians, Voters, and Reporters in America, edited by Shanto

16 Iyengar and R. Reeves. Thousand Oaks, CA: Sage.

Қазақ тіліндегі дерекке сілтеме:

Мәметқазыұлы Қ. (2013, ақпан 22). Мемлекеттік БАҚ ақпараттық, түсіндіру қызметін насихаттық функциямен алмастырмауы керек- М.Тәжин // www.inform.kz/kaz/article/2537181

ӘОЖ 654.191

Ш.С. Нұржанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: nurgans@mail.ru

PR-қызметті бағалау әдістері

Мақалада автор PR-қызметті бағалауға көмектесетін әдіс түрлерін талдайды.Болашақ PR мамандарына осы қызметтің қазіргі кезеңде қандай әдістерінің тиімділігі туралы біраз кеңестер береді.
Түйін сөздер: PR-қызмет, әдістер.

Sh.S. Nurzhanova

Methods of an assessment of PR activity

The author in this article analyzes the methods and types of assessment PR.
Designed for students of the future experts PR.
Keywords: PR activity, PR methods.

Ш.С. Нуржанова

Методы оценки PR-деятельности

В статье проведен анализ использования в Казахстане методов PR, их оценки. В данное время для многих компаний PR стал одним из важных для развития отрасли. В статье дана оценка значимости методов PR.
Ключевые слова: PR деятельность, методы PR.

Қазіргі кезде кез келген мемлекеттің негізгі міндеті ұлттық шаруашылық пен жекелеген экономикалық субъектілердің бәсекелес қабілетін қалыптастыру және қолдау болып табылады. Сондай жағдайдағы нарықтық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып қарастыратын болсақ, мемлекеттің ішкі экономикалық мүмкіндіктері мен өндірістік ахуалын одан әрі жақсарту мақсатында жаңа бағыттар белгіленуде. Кез келген өндірісті жаңаша құрудың, шығарылатын өнімдердің сұранысын арттырудың маңыздылығы да артуда. Осыған байланысты бүгінгі күні PR-қызметінің де маңыздылығы күннен-күнге артып отыр. Зерттеліп отырған тақырып та PR-қызметін бағалауға байланысты болып отыр.

PR-қызметті бағалауға көмектесетін нәтиженің екі түрі бар. Олар: сапалық және сандық нәтижелер.Сапалық нәтижелер. Бұл топқа PR-қызмет бағаланатын нәтиженің көпшілігін жатқызуға болады, себебі оны статистикалық көрсеткіштерімен бағалау мүмкін емес. Оның үстіне тәжірибеге де байланысты. Сондықтан шара кезінде бір қызметкердің тәжірибесі, екіншісінің білімі, үшіншісінің алғырлығы көрініп жатады. Түпкілікті нәтиже жинақ қорытындыға тәуелді. Сандық нәтижелер. Ондай нәтижелер айталық, хабардарлықтың пайыздық өсуін, арыз санының азаюын, әлдеқандай жұмыстың орындалуына үміткердің санының көбеюін, кезекті эмиссия кезіндегі акцияларға өтінімнің үлкен санын, аталудың рекордтық санын немесе компания жайында бұқаралық ақпарат құралдарында (баспасөз, радио, телевидение) көрсетілім жиілігін көрсетеді. Соңғы көрсеткіш спорт жарыстарға демеушілік көрсету кезінде байқалуы мүмкін. Нәтижелер айқын болады, егер маркетингтік зерттеулер өткізуге қаражат бөлудің қажеті жоқ болса, яғни олар тәжірибелі жолмен айқындалады

немесе расталады. PR-қызмет нәтижесінің айқындылығы, айталық, сол бұрынғы сатушылармен сол бұрынғы сауда жағдайында өнімге тапсырыстың өсіңкі санының сақталуы (айталық, жарнамалық сүйеніштің көлемінде). Бірден-бір өзгелік – PR-бағдарламаның бары. Қосымша бизнестің көлемін, сөзсіз, санның көрінісінде, яғни ақша пішінде бағалау болады, бірақ нәтижелер бәрібір айқын, сол себептен жағымды өзгерістің барын мойындау тиісті.

Айталық, алушылар тауардың сапасына шағымданды, себеп бірақ тұтынушылардың тауарды дұрыс пайдаланбағандарына байланысты болатын. Сәйкесінше PR-бағдарламасын өткізгеннен соң арыздар жойылды, демек, бұл бағдарламаның нәтижесі айқын деген сөз.

Мынадай тағы бір болжам жасайық, дамушы бір мемлекеттің үкіметі міндетті бастауыш білім алуды енгізді дейік. Өйткені сабаққа қатысу жөнінен мәселелер туындады. Біріншіден, сабаққа келмейтін балалардың ата-аналары сауатсыз еді, сондықтан білім алудың мәнін жете түсінбеді. Екіншіден, олар білім алғаннан гөрі балаларының фермада жұмыс істеп, тамақ асырағанын құп көрді. Бұл мәселелердің алғы шарттарын PR бағдарламалар тиімділігімен байланыстыруға болады. Нигерияда осындай жағдай орын алған кезде сауатты азаматтарға деген сұраныс артты-рылып еді, бірден балалардың оқуға жазылу саны да өсті. Бұдан PR-қызметінің атқарған жұмысы нәтижелі болғанын көреміз.

Бұл мысалдар кейде деректердің де тұжырымды мақсаттар есебімен, соншалықты айқын екенін көрсетеді. Бұл деген PR нәтижелерінің жай болмайтынын, міндетті түрде нәтиже беретінін білдіреді. Басқаша айтқанда, PR табысының дәрежесі PR-жоспармен келісім есебінде жүзеге асады.

PR-қызметін бағалаудың кейбір әдістері:

1. Сұраныстың санына қарай, егер компанияның жұмысын дәріптегеннен кейін сұраныстар мен тапсырыстардың саны молаятын болса, онда оның жалпы есебін сан түрінде бірден көрсетуге болады. Ал тапсырысты сатылым көлеміне қайта есептеу алған нәтижелерді құн түрінде анықтауға мүмкіндік береді.

2. Статистикалық деректер негізінде тыңдаушылар саны және рейтингтік көрсеткіш туралы, баспасөз, радио және телевидениеден берілетін ақпараттың қажеттілігі оның көлеміне және берілетін уақытына қарай бағаланып қана қоймай, сонымен қатар жинайтын аудитория көлеміне де байланысты анықталады. Ал аудитория қаншалықты көп жиналса, ақпараттың рейтинг көрсеткіші де мәлім болмақ. Соған қарап берілген ақпаратқа қанша адам көңіл аударды, олар кімдер, қандай санатта, кім оқи, тыңдай, көре алу мүмкіндігіне ие деген сан алуан сұрақтарға жауап алуға болады.

Оқырмандар туралы жиналған деректер басылымның таралымынан да қажетті нәрсе. Себебі мұндайда басылымның сапасы анықталады.

PR-қызметі нәтижесін сараптаудың үш пішіні бар: бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдардың көлемі, ақпаратты алу мүмкіндіктері және жарық көрген материалдың сапасы, тоқ етері ақпарат берілетін құралдың маңыздылығын анықтау арқылы. PR- қызметі нәтижесін бағалалаудың төртінші пішіні хабарламаның берілісінің ортақ сипатына байланысты: ақпарат қалай әсер етті, ыза тудырды ма, көңілге жайлы тиді ме әлде жай хабар ретінде қабылданды ма?

Ақпарат көздері бойынша, ақпарат берілуін бағалаудың басқа әдісі әрбір газетке не журналға салмақтық еселік қосып, соның негізінде әр баспа парақ бойынша ортақ салмақты анықтау. Ғылыми мазмұндағы мақаласы үшін Егеменді Қазақстан мүмкін бес ұпайға, ал мәселен, бір жеке меншік басылым, небары бір ұпайға бағаланар, ал үй шаруасына қатысты жарияланымдар үшін екі басылымның орындарын ауыстыруға тура келеді. Осылайша, біз көлем не жалаң сан негізіндегі мәліметтердің кейде жаңылыстырып жіберетінін байқаймыз. Ондай сәтте барынша дәл нәтиже шығару үшін басқа әдіс пайдалану керек.

Қоғамдық сауалнама негізінде, қоғамдық пікірдің немесе адамның хабардарлығының дәрежесі қоғамдық сауалнама нәтижесіне өлшеулі. Егер біраздан соң, айталық алты айдан кейін, белгілі бір үдеріске немесе құбылысқа оған сәйкес белгілі бір топтың қатынасын айқындасақ, нәтижесі әрқалай болуы мүмкін. Сонда қоғамдық пікірдің тұрақтағанын, өскенін не төмендегенін байқаймыз. PR-бағдарлама мақсаты белгілі бір өзгеріспен (пайыз бойынша) қамсыздандыру болып табылады. Мысалы, алғашқы сауалнама нәтижесінде оған жауап берушілердің небары 20% ұйымды танитындарын, оның немен шұғылданатынын білетін

болып шықты.Сондықтан PR-бағдарлама алдында осы санды бір жыл ішінде 50 пайызға көтеру мақсаты тұрды. Қоғам арасында алты ай сайын сауалнама жүргізіп отыру, межеленген параметр өзгерісін уақыт ішінде көрсететін кесте құруға көмектеседі.

Болжайық, алты ай ішінде хабардарлық 5% өсті, осы уақытта PR-мамандар аралық мақсаттарына жетті. Сонда да, 12 айдан соң оларға межелеген 50 пайызға жетуге 5% жетпей қалды. Осылайша, бір жылға құрылған міндет орындалмады. Ондай жағдайлар туғанда, міндетті түрде себебін анықтау керек, мәселе неге байланысты орын алды деп. Мүмкін бағдарлама жаңсақ жасалған болар? Мүмкін, әлдеқандай табысқа жетуге кесірін тигізген сыртқы факторлар болған шығар? Осылай саралау компанияның келесі кезеңді жоспарлауына жәрдемдесіп, болған жағдайды терең түсінуге жағдай жасайды. Келесіде сол тактиканы қайта ұстанған дұрыс па, әлде жаңасын қосу керек пе? Мүмкін бөлінетін қаражат көлемін көбейту қажет болар. Әлде ұйым жұмысы бағытталған сыртқы ортада өзгеріс бар ма? Қаперге алатын жаңа жағдайлар, жаңа шарттар не факторлар бар ма екен?

Балама ретінде алты ай аралығында қалыс болғанын ескеру қажет. Дегенмен, алғашқы бағдарламаны қалдыруға болады, алайда оған өзгертулер енгізу керек, себебі PR-мамандардың межелі 50 пайыздық хабардарлыққа қол жеткізу міндеті бар ғой.

Осындай әдіс-айлалар PR- қызметін сандық көрсеткіштер негізінде бақылауға жол ашады. PR- мамандар қайткенде де осындай зерттеулерді алда қандай нәтиже күтетінін мүлдем білмей жүргізуге мәжбүр. Жалғыз серіктері ішкі сезімдері. Бұл жағдай шығынсыз шаралар жасағанда. Ал егер PR-шараға қаржы жұмсалса, оңды нәтижені талап етуге әбден болады. Тағы бір айқын нәрсе, компанияның басшылығы жауапкер жандар болса PR-саласының тиімділігі мен шығыны арақатынасын есептеп, болжап отырады.

Тіке статистикалық кері байланыс негізде, егер жарнамалық науқан нарықпен танысуды PR-бағдарламаға сәйкес жүргізсе өте ұтымды. Онда жарнамалық науқанның табысын алдын ала жобалауға болады. Тапсырыс саны бағдарламадағы меже мен компанияның оған жіберген еңбегіне сай ма? PR-іс-шарасын өткізбеген жағдайда енгізілген жаңа өндірістік желі бойынша сатылым нәтижесі қандай, жоғары ма? Болашақ тапсырушылардың назарын аударуға бағытталған, мысалы, айталық жаңа тоған жайлы көрсетілген фильмнен кейін жаңа келісімшартқа отырушылар саны артты ма?

Ұқсас жағдай барлық қалаларда бөлімшелерін ашқан банктің, жұмысқа мектеп түлектерін тартқысы келген жағдайда туындайды. Банк өз қызметі туралы түсірілген фильмді мектепке береді, оны қараған оқушылар банк қызметі және оның келешектегі мансап мүмкіндіктері жайында мағлұмат алады. Бұл акцияның табысы мектеп түлектеріне бөлінген қызметке өтініш білдірген оқушылардың саны бойынша анықталады. Олар толтыратын өтінішке, мысалы, сенің өтініш білдіруіңе фильмнен алған әсерің себеп болды ма деген сияқты фильм туралы тіке сұрақ енгізуге болады. Осы банкті тағы бір мысал ретінде алайық. Ол шаруа қожалықтарын тарту мақсатында әлгі фильмді көрсетеді. Ауылшаруашылық жәрмеңкелерінде, жарыстар өтетін жерде. Бұл акцияның нәтижесі шаруалардың банктен ашқан жаңа есеп шоттарының санымен өлшенеді.

Медиамен кері байланыс, егер бұрын медиа компанияға өз теріс көзқарасын, скептицизм немесе тіпті жеккөрісін байқатса, ал қазір қалай? Газет-журнал тігінділерін қарай отырып, хабарларды тыңдап-қарай жүріп осы сұрақтың басын аша алады. Мүмкін қазір жағдай мүлдем басқаша, бұқаралық ақпарат құралдары компания жұмысына сеніммен қарап, ілтипат көрсете бастаған шығар. Мүмкін бұл табыс PR-қызметке қарыздар болар. Баспа парақтар, суреттер, негізгі мақалалар, баспасөз үшін ақпараттық қызмет атқарулар, баспасөз өкілдеріне арнап жасалған іс-шаралар нәтижесі болар.

Түсінушілік серпінін бағалау, дилерлерге арналған басылым нәтижесін бүгінде сауда агенттерінің компания өнімі жайлы барынша хабардар екенімен бағалауға болар ма екен? Бұл нәтиже мүмкін дилерлердің компания өнімін дәріптей бастауынан болған шығар. Айталық, тауардың артықшылығын сипаттайтын көрмелік материалдар дайындаған болар, сондықтан компания өкілдеріне ерекше сенім артып, тапсырыстарын аса ірі көлемде жасай бастады ма? Міне, осыларды анықтау маңызды.

Күтілетін нәтижелер, келтірілген мысалдардан нәтижелер көлденең келмейтіні, ол үшін нақты жоспар құрылып, экономикалық

тиімділікті межелегендік анық байқалады. Басқаша айтқанда, жағымды және көрнекі нәтижелерге қол жеткізу үшін PR-іс-шараларын жоғары деңгейде, мақсатты түрде өткізу керек. Не болса да нәтижеге қол жеткізу алға қойған мақсатқа тікелей байланысты. PR-мақсаттың табысы немесе сәтсіздігі оған бақылау жүргізгенде, өткен уақыт нәтижелерімен салыстыруда, сондай-ақ маркетингтік зерттеу жағдайында байқалады.

Қазақстанның әлемдік бәсекеге қабілетті 50 ел қатарына ену қажеттілігі отандық кәсіпорын өнімінің бәсекелес ұстанымын арттыру міндетін қойып отыр. Нарықтық экономика қатаң бәсекелестікпен сипатталады. Нарықтың экономикада өндіріс пен мемлекеттің жалпы ахуалын өркендетудің негізгі бастауларының бірі ─ өндірілетін өнімдердің бәсекелік қабілетін арттыру екендігі белгілі. Бұл тарапта, басты назар нарық тұтынушыларының талғамдарын қанағаттандыратын, өзгермелі сұраныс пен ақылой жетістіктерінің нәтижелерін ескере отырып, өндірушінің мүмкіндіктеріне сай тұтынушылық сипаты жоғары өнім өндіруге жұмылдырылуы керек.

Жүргізілген зерттеулер негізінде келесі қорытындылар мен ұсыныстарды жасауға болады.

Жалпы қорыта айтатын болсақ, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі – сапа, баға, әрлендіру, сатудан кейінгі мүмкін көрсетілетін қызметтердің қолайлы үйлесімділігі. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі ─ тауарлардың тұтынушы қажеттілігін жоғары деңгейде қанағаттандыруын және осының арқасында нарықты өз орнын табуы. Басқа сөзбен айтқанда, тауардың нарық жағдайларына, тұтынушы талаптарына тек сапалық, экономикалық, техникалық, эстетикалық, эргономикалық сипаттамалары бойынша ғана емес, сонымен қатар коммерциялық және оны өткізудің (жеткізу уақыты, баға, өткізу каналдары, сервис, жарнама) шарттары бойынша да сай келуін білдіретін көп аспектілі түсінік.

Әдебиеттер

1 Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстанды дамытудың басым бағыттары» атты Жолдауынан 2012, 27 қаңтар http://akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana

2 Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауынан 2007, 28 ақпан http://akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana

3. ҚР-ның статистикасы, 2011.

4 ҚР-ның статистикасы, 2011.

5 Лукашенко М.А. PR: теория и практика. – Москва, 2010.

6 *Kubr T., Marchesi H., liar D.* Achieving success with professional.

7 business planning. McKinsey & Company, Inc. Switzerland, 1998.

8 *Mark Henricks.* Business plans made easy: it’s not as hard as you think. – Enter-preneur Media Inc., 1999.

References

1 Nazarbaeb N.A. “Aleumettik – ekonomikalik zhangirtu – Kazaakstan damitudin basim bagittari” atti Kazakstan halkina zholdaui 2012 zhil 27 kantar http://akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana

2 Nazarbaeb N.A. “Zhana alemdegi zhana Kazakstan” atti Kazakstan halkina zholdaui 2007 zhil 28 akpan.Astana http://akorda.kz/ru/page/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-narodu-kazakhstana

3 KR-nin statistikasi 2011

4 KR-nin statistikasi 2012

5 Lukashenko M.A. PR:teoria I praktika. – Moskba, 2010.

6 *Kubr T., Marchesi H., liar D.* Achieving success with professional

7 business planning. McKinsey & Company, Inc. Switzerland, 1998.

8 *Mark Henricks.* Business plans made easy: it’s not as hard as you think. Enter- preneur Media Inc., 1999.

ӘОЖ 070

О.Ж. Ошанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: kulpnai@mail.ru

Журналистің кәсіби құқықтары мен қызметтік этикасы: негізгі ұстанымдар мен қағидалар

Автор бұл мақалада журналистің кәсіби қызметі мен шығармашылық жұмыстарын атқару барысында орындауға міндетті құқықтық заңдылықтары мен этикалық нормалары туралы жан-жақты сөз етеді. Сонымен қатар бұл бағыттағы нақты ұстанымдар мен қағидаларды тәжірибелік тұрғыдан талдап, журналистің міндеттері мен жауапкершіліктерін жүйелеп көрсеткен.
Түйін сөздер: журналистік құқық, құқықтық нормалар, кәсіби этика, мораль, ақпарат, әдептілік қағидалары.

O. J. Oshanova

Legal and ethical standards of the journalist: the basic principles and laws

The author examines the problems of professional ethics of the journalist. We study the use of journalists ethical and legal standards in the creative process. The theoretical propositions are supported by examples from newspapers, to draw conclusions about the duties and responsibilities of journalists.
Keywords: journalists' rights, the rule of law, professional ethics, morality, information, ethics.

О.Ж. Ошанова

Правовые и этические нормы журналиста: основные принципы и закономерности

Автор рассматривает проблемы профессиональной этики журналиста. Изучается использование журналистами этических и правовых норм в творческом процессе. Теоретические положения подтверждаются примерами из газет, делаются выводы об обязанностях и ответственности журналистов.
Ключевые слова: права журналиста, правовые нормы, профессиональная этика, мораль, информация, нравственные принципы.

Журналист қызметінің әдептілік қыры жалпы қоғамның қызығушылығын тудырып отыруының басты себебі, қазіргідей қалыптасқан ережелер мен заңдылықтарды көзге ілмей, шектен шығушылық жағдайында БАҚ-ты топтық мүддені таныту немесе жеке бастың есеп айырысуы, өздерінің басымшылық сипаттағы көзқарастары мен өмірлік қызығушылықтарын жариялаудың құралы ретінде пайдалану жағдайының жиілеп кетуінде жатыр. Әртүрлі түрдегі және деңгейдегі басылымдар полемиканың төменгі мәдениетін таныту құралына айналып барады, оппоненттің ұстанымын шынайы танытпайды, бөгде пікірлерді таңуды жария түрде жүргізе береді.

Журналистиканың маңызды принциптерінің қатарына шынайылық пен объективтілік кіреді, бірақ біздің баспасөз сенсация үшін жалған қисынсыз ақпараттарды әрі ойдан шығарылған оқиғаларды жариялайды, ал бұл әрекеттер «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңмен және т.б. құқықтық нормалармен реттелмейді. Бұл жерде ешкім редакцияның жалған мәліметті жариялағанын мойындатуына әрі қарсы мәлімдеме жасатуына қауқарсыз, тек егер жарияланған ақпарат айтылған кейіпкердің іскерлік беделіне, абыройына нұқсан келтірсе әрі моральдық күйзеліске ұшыратса ғана бұл іске арнайы құқық қорғау мамандары араласып, кейіпкердің шағымын қанағаттандыра алады.

Бұл жағдайда газет немесе мақала авторлары жалған мәліметті таратқаны үшін құқықтық жауапкершілікке тартылмайды, тек кәсіби этиканы бұзды деп есептеледі.

Адамдардың қоғам және басқа адамдар алдындағы міндеттерін анықтайтын адамгершілік іс-әрекет ережелері, қағидалар жүйесі мораль деп аталады және қоғамдық сананың бір түрі болып есептеледі. Ал мораль туралы оқыту, адамгершілікке шақыру қоғамдық сананың бір түрі ретінде этика деп аталады. Этика да мораль сияқты адамдардың әдепті іс-әрекеттері, олардың қоғамдық борыштары, олардың халық алдындағы, отбасы алдындағы және бір-бірінің алдындағы міндеттері ережелерінің жүйесін құрайды. Кәсіби мораль дегеніміз – қоғамдық ізгіліктің түрленуі. Ал моральдың кәсіби ерекшеліктерін зерттейтін ғылым кәсіби этика деп аталады.

Журналистке өз кәсібі қоғамның атынан көпшіліктің қызығушылығын тудырған оқиғаларға байланысты жария түрдегі моральдық үкім жасауға құқықтар беріп және нақты міндеттер жүктейді. Тақырып таңдау, мекен жайларды іздестіру, материалдың жарияланатын мақсатын анықтау, деректер жинау, кейіпкердің іс-әрекетін бағалау немесе оқиғаның мінездемесін ашу, материалды жазудың құрылымын ойластыру, міне, осындай жазудың кезеңдік жұмыстарын атқарған кезде міндетті түрде журналистің кім туралы және кімге арнап жазып отырғандығы сияқты қарым-қатынасы анықталады. Бұл жерден журналистің моральдық қарым-қатынасы жұмысының мазмұнымен тығыз астасып жатқанын көруге болады әрі жұмысы бастанаяқ сипаты жағынан әдептілік сипатқа толы шығармашылық болып танылады. Бұл орайда журналистік моральды қоғамдық сананың бір түрі ретінде, жеке тұлғаның өзіне ғана тән құбылыс ретінде және шынайы қоғамдық қарым-қатынас ретінде қарастырған дұрыс болады.

Журналистің іс-әрекетін адамгершілік тұрғыдан реттеу нақты принциптер пен ережелердің деңгейінде іске асырылады. Олардың айырмашылықтары нақтылық деңгейіне тікелей байланысты. Адамгершілік принципі адамның ой-өрісі мен танымына тікелей байланысты, осы сипатта танылады, яғни іс-әрекетті реттеуші мен идеалдың пір тұтушы арасындағы байланыс, адамгершілік ережесі тәжірибедегі бағыт-бағдар. Адамгершілік ережелерінің шынайы көрінісі былайша жүзеге асады: оқиға – бағалау – іс-әрекет – нәтиже. Ережелер міндетті мысалы, плагиатқа тыйым салу, жол беруге болатындай мәліметтерді тексеру аса қайшылықты емес, бірізге салынбаған нақты бір пікірдің болмауы, мәселен бірнеше кәсіпті бірлесе алып жүруге мүмкіндік беру немесе сөйлесуші адамнан жасырып диктофон қолдану мәселесі деген сипатта бірнеше бағытта жіктеледі. Бұдан шығатын қорытынды, материалдың кейіпкерімен бетпе-бет кездесу, егер ол туралы жағымсыз пікір білдіріп жатсаңыз міндетті, ал басқа жағдайларда кездесу шартты мәселе емес. Газет тәжірибесінде автормен барлық редакциялық түзетулерді келісу талабы көп жағдайда орындалмай жатады, себебі бұл техникалық мәселелермен тығыз байланысты. Мәселен, материал берілген орынға сыймай қалады, бұл жағдайда бірнеше жолды қысқартуға тура келеді, ал автор басқа қалада. Бұл жерде нақты міндетті шешу үшін редактор автордың шығармасына оның рұқсатынсыз қол тигізуге мәжбүр болады. Кәсіби мораль мұндай қолсұғушылықты ақтап алады.

Кәсіби мораль ережелері әртүрлі деңгейдегі жалпыламалық сипатқа ие. Бір ережелер маманға жеке оқиғалар шегінде араласуға тек аз мөлшерде ғана бағдар береді, мәселен, «түзету кезінде оқырман хатының негізгі мазмұнын жойып алма», «кездесуші адаммен сұхбатты алдын ала келісіп барып ал», «құжатты жариялама-мас бұрын иесінің келісімін ал», ал басқа талаптар жалпы сипатта болып келеді. Жеке оқиғалар шегінен шығып кеткен мұндай жазбалар кәсіби мораль принциптері деп аталады. *Журналистке қойылатын талаптар жүйесін осы талаптардың жиынтығы, яғни ұшқабатты пирамида* ретінде қарастыруға болады. Ең жоғарғы қабатында *кәсіби борыш, жауапкершілік, арұят, абырой, бедел* сияқты катергориялары орналасады. Екінші деңгейді журналистің іс-әрекетін нақты талаптар жүктейтін *өндірістік этикалық принциптер* құрайды. Үшінші деңгейдегі реттеуші топқа *тыйымдар немесе қырағылыққа итермелейтін ережелер*, яғни нақты өндірістік оқиғалар барысында журналистің іс-әрекетінің барлық қырларын реттейтін кәсіби этикалық нормалар кіреді.

Этика талаптары күнделікті журналист пен аудитория, журналист пен ақпарат көздері, журналист пен шығарма кейіпкері, журналист пен автор, журналист пен редактор, журналист пен ре-

дакция ұжымы, журналист пен оның жұмыстағы әріптестері арасындағы қарым-қатынас кезінде нақты іс жүзінде көрініс тауып, ережелерге айналады.

Қарым-қатынастың алғашқы үш түрі журналистің әлеуметтік ортадағы іс-әрекетімен немесе кәсіби этикамен тығыз байланысты болып келсе, ал қалғандары оның кәсіптік, яғни журналистік ортадағы немесе журналистің қызметтік этикасы барысында туындайды.

Журналист дерек жинай жүріп ақпарат алудың түрлі көздерін пайдаланады: **жекелік адам, ұжымдық және деректік.**

Ақпарат алудың негізгі көзі – адам. Адамдар журналистке өзі немесе жолдастары туралы мәліметтер беруге міндетті емес. Ал оларды сөйлету үшін журналист дәйекті деректерді алға тарта отырып, адамды білетін ақпаратын айтуға сендіру қажет әрі өз өтінішін сыпайылықпен жеткізе білуі керек. Кездесіп отырған адамды қорқытуға болмайды, өзіңіздің басымдылығыңызды танытып, баспасөз арқылы есеп айырысам деген ниетіңізді танытпағаныңыз жөн. Жағымды пішінде жазылатын материал үшін адамдар мәліметтер беруден бас тартса жұмыстың нәтижесін жариялау уақыты келген жоқ деген және т.б. сылтаулар айтса, бұл жайтпен санасқан дұрыс. Ал баса айтатын жайт, журналистке деген көпшіліктің сенімсіздігінің түп-тамыры, оның әріптестерінің осы ұжымда бұрындары болып, этикаға жатпайтын іс-әрекет көрсетуінде жатуы да мүмкін. Ал мұндай келеңсіздікті жою үшін журналистке әр қадамын ойланып жасап, ұжымның сеніміне ие болу шараларын жасауы қажет.

Мұндай жағдайда имитация тәсілі тиімді болып саналады, яғни адамның көңілін басқа бағыттарға аударып жіберу, кейіпкердің жеке басына қатысты мәліметтерді жинастыру барысында қажетті ақпараттарды тікелей сұрамай, жалпыдан жалқыға көшу әдісі арқылы алып, оның өзін тергеушінің алдында отырғандай сезінбей, өзін еркін ұстап, сауалдарға қымсынбай жауап беруіне жағдай жасау. Журналист алдынала ол туралы басқа ақпарат көздерінен алған мәліметтерді және адамның мінезін ашу үшін маңызды жайттарды нақтылай түсу үшін әрі өзі қажет деп тапқан сұрақтарға дұрыс жауап алу үшін кейіпкермен сұхбаттасады және оның осы бағытта өз ойларын білдіруіне әрі қосымша мәліметтерді жариялауына жағдай жасайды.

Ақпаратты сәтті жинаудың негізгі шарты – кездесуші адамыңыздың көңіл-күйін жіті бағып, сезіне білу және жақсы көңіл күйде отырған өзгерістерге сай тез қарекет етіп, табандылықпен әрі әдептілікпен өз әңгімеңізді жалғастыра білу ептілігі керек, сонымен қатар әңгімеңізді қажетті арнаға бұрып, нақты әрі тақырыпты жүйелі түрде жалғастыруға негіз болар сұрақтарды қоя білген жөн.

Кездесу кезінде журналистің белсенділігі мен іс-әрекетінің әдептілігі оның сұрақ қоюынан, жарияланған мәліметтерге орай айтылған сын пікірлерге деген көзқарасынан, оларды сөзбен, мимикамен, жест көмегімен бағалауынан анық көрінеді. Сұрақтың әдептілігі, жағдайға байланысты орынды қойылуы – журналистің кәсіби деңгейінің жоғарлылығы мен тәрбиелілігінің ең басты белгілерінің бірі. Егер кейіпкер қойған сұраққа жауап бере алмаса, яғни бас тартса немесе қарабайыр жауап берсе, онда журналист келеңсіз сұрақ қойды деген сөз. Келеңсіз сұрақтар адамды ыңғайсыз жағдайға қалдырады әрі намысына тиеді, ал жарияланған жауап оның жеке басының беделіне нұқсан келтіреді. Орынсыз әрі әдепсіз сұрақтарға кейіпкердің қарапайым пішіндегі жауабын бадырайтып көрсетіп, оның қол жеткізген табыстарына сыни көзқараста қарамай, керісінше, мақтанып отырған кейіпте көрсету бағытында қойылған сұрақтар да жатады, яғни журналист адамды өтірік қолпаштап, асыра мақтап жібереді. Бұл жағдайда кейіпкердің бейнесі теріс кейіпте көрінеді. Журналистің негізгі мақсаты – шынайы мәліметтер алу болғандықтан, репортер мүдделі болып отырған жауаптың нұсқасын тікелей немесе жанама түрде айғақтап беретін сұрақтарды қоймағаны жөн. Ақпаратты жинаудың бұл түрінде журналистің ықпалымен, яғни жасанды жолмен алынған мәліметтердің шынайы деп танылып кету қаупі туындайды.

Кейіпкердің іс-әрекеттерін үнемі бақылап отыру, яғни бір сөзбен айтқанда, оның сөйлеген сөзі мен іс-қимылдарын қас-қағым сәтке болса да қалт жібермей, бағып отыру.

Кей кездері кездесуші нақты бір мәліметтерді бере отырып, журналистке «бұл сөзімді жарияламай-ақ қойсаңыз» деген ескерту айтады, бірақ ол адам өзі айтқан жайттардың жарияланып кетуі мүмкін екені түсіне отырып әрі журналистің қажет болған жағдайда басқа ақпарат көздері арқылы бұл жайында

қосымша дәйектер ала алатынын біле тұра, осындай өтініш жасайды. Бұл жағдайда журналист кейіпкерінің «баспасөзге жарияламай-ақ қойсаңыз» деген сөзін жерге тастай ма, әлде орындай ма, бұл мәселені редакция шешеді. Бірақ қандай шешім қабылданса да мәлімет берген адамды ескерту керек, ал ол адам ресми түрде өтініш жазып, редакцияның деректерді жариялауын сұрауға құқылы. Редакция жеке басқа қатысты мәліметтерді автордың жазбаша түрде берген келісімімен ғана жариялайды немесе көп жағдайда оны бүркеншек атпен береді. Сыни материалдарды әзірлегенде журналистің өзі білетін мәліметтерді жариялағанда ақпарат беруші адамды жаңылыстырып жіберу тәсілін қолдануы аса үлкен заңсыздық болып танылмайды, ол қажетті мөлшерде рұқсат етіледі.

Егер журналистің бойында байқағыштық әрі қызығушылық сезімі болмаса, адамдардың психологиялық жағдайын тез әрі дұрыс бағалай білетін қабілет болмаса, онда ақпарат жинау деңгейімен қоса, материалдың сапасы да төмендейді. Журналист егер де әңгімеге өзек болар тақырыпты жан-жақты білмесе, оны дұрыс бағалай алмаса, кездесуші адамын дұрыс тыңдамаса, кездесу барысында әдепсіз сұрақтар қойса, міне, мұның бәрі этикалық қателіктерге ұрындыратын басты себептер болып табылады. Мұндай жағдайға түспес үшін журналист өзінің әрбір сөзін, іс-қимылын бақылап, ойланып жасағаны дұрыс, оқиғаның мән-жайын терең түсініп барып, өзіндік шешімдер жасауы керек, сонымен қатар өзі жұмыс істейтін телеарнаның, радиостанцияның, газеттің беделіне нұқсан келтірмеуді ойлағаны жөн.

Кездесу барысында қолданылатын **ұжымдық ақпарат көздеріне** мәжіліс, жиналыс, конференция, дөңгелек үстел мен іскерлік кездесу клубтарының отырыстары, сот мәжілістері, баспасөз конференциялары, ресми емес жағдайда бас қосқан топтардың кездесулері кіреді.

Ұжымдық ақпарат көздерінің бағалылығы қарым-қатынастың табиғатымен тікелей байланысты демократиялылық, жеке бастың және көпшіліктің сыни пікірлері, мұндай жағдайда журналист көп бағытта ұтысқа шығады, яғни кездесулерде мамандар, сарапшылар өз ой-пікірлерін айтады, журналист құбылысты, оқиғаны, проблеманы жан-жақты танып біле алады әрі негізгі мән-маңызын түсінеді, сол арқылы өзінің алғашқы бақылаудан түйген ойларын көңіл көзінен өткізіп, дұрыс немесе бұрыстығын саралайды, өзіне қажетті адамды кездестіреді және маңызды тақырыпты табады. Ең бастысы, сала маманымен өз әріптестерінің ортасында тұрғанда әңгімелесіп, пікірін білу қызық әрі құнды сәт болып саналады. Бірақ жариялылық жағдайында ақпарат жинағанда тілші, маманның басқа адамдардың алдында тұрып басшылардың қысымынан жасқанып немесе ұжым арасындағы мүдделердің қайшылығынан шынайы ақпарат бермей қалуы мүмкін екенін жоққа шығармауы керек. Сондықтан да ұжымдық көздерден алынған ақпараттарды қолданар алдында, оны басқа ақпарат көздерінен алған мәліметтермен мұқият салыстырып алған жөн. Журналист көп жағдайда бір адамның пікірін оны нақты атап көрсетпей-ақ ойланбастан көпшіліктің пікірі деп көрсете салады. Егер оқырман газеттен нақтыланбаған ақпарат көзінің пікірі деп берілген сілтемені көріп мысалға «бізге хабарлағандай...», редакциядан ақпарат көзінің нақты мекенжайын көрсетуді немесе ақпарат көзінің неліктен құпия сақталып отыруының себебін түсіндіруді талап етуіне құқығы бар.

Журналист жұмыс барысында нақты білімнің көрсеткіші ретінде танылатын әрі анықтама, зерттеу, дәлелдеу үшін қолдануға болатын қажетті **құжаттарға** иек артып жатады. Ал бұл материалдармен таныспас бұрын олардың авторларынан арнайы рұқсат алу қажет немесе мұрагерлерінен. Мақала барысында рұқсат алғаныңызды арнайы көрсетіңіз, дәйексөзді курсивпен айшықтап беріңіз, құжат пен оған берілген бағаны және журналистік мәтінді өзіндік ерекшеліктерін тез ажыратындай пішінде ұсыныңыз, сонымен қатар берілген құжаттарда жаңсақтықтың болуы мүмкін екенін ескерткен жөн. Ең соңында қажетті құжатты сізге берген адамға алғыс айтуды ұмытпаңыз.

Жағымды сипаттағы материалға қажетті мәліметтерді ақпарат беретін адамдарыңызбен байланысқа шықпай-ақ жинай беруіңізге болады. Кейіпкерлеріңізді хабарланбағаны бір жағынан ұтымды, өйткені олар өздері туралы пікір айтқан адамдарды табиғи қалыпта бақылауға мүмкіндік алады, өйткені көп жағдайда журналистің өздерінің материалдарының болашақтағы кейіпкерлеріне баруы оларды әбігерге салады әрі олар толқи бастайды. Бұл жерде ақпарат көздерін жіктеу туралы мәселе туындамайды, тек олармен жұмыс істеу тәсілдері көрінеді және ақпарат

жинаудың бақылау, кәсіптерді байланыстыру сияқты әдістемелері алға тартылады.

Кейбір журналистер ақпарат алу үшін арнайы қызмет бабындағы адамдар тобының мүшесімен, мысалы, ревизорлық немесе инспекторлық комиссия байланыс орнатады, бірақ мұндай жағдайда тілші арнайы комиссия өкілдерінің құқықтарын пайдаланып, нұсқаулықтар беруіне болмайды. Мұндай «мамандықтарды сабақтастыра пайдалану» тәсілі этикалық тұрғыдан көптеген қиыншылықтар тудырады, яғни атап айтқанда, адамдар мен ұйымдарға адамгершілік тұрғысынан және материалдық тұрғыдан зиян келтіру мүмкіндігі жоғары «таксист» көлік апатын жасауы мүмкін, «дәрігер» қате диагноз қоюы мүмкін, тәжірибесі аз «заңгер» қате кеңес беруі мүмкін. Осы жайттарды ескере келіп, төмендегідей талаптарды сақтау қажеттігі туындайды: журналистің біліктілігі «уақытша мамандық иесінің» талаптарымен сәйкес келуі керек, өзі уақытша атқарып жүрген жұмысқа және өзі қарым-қатынас жасап жүрген адамдарға зиянын тигізбеуі қажет.

Сыни корреспонденцияны жазғанда тілші ақпаратты жинау барысында, ақпарат беруші адамдар өздерінің журналистің көз қырына ілінгендерін және оның мәліметтерді жинаудағы шынайы мақсатын сезбеулері де мүмкін. Мұндай тәсілмен ақпарат жинау жасырын мәлімет алумен тең келеді және «екіжүзділік» деп аталады. Журналистке кейіпкердің рұқсатынсыз және келісімінсіз диктофон қосуға нұсқау берілмейді және оған заңдық тұрғыдан тыйым салынған. Ең басты ескеретін жайт, егер кейіпкердің жеке басындағы қайғысы туралы әңгіме болса немесе оның тіл мүкістігі болса онда диктофонды қосу тіптен орынсыз болып табылады. Адамның жағдайын ескермеу арқылы екеуара әңгімені сәтсіздікке ұшыратуға болады. Жасырын камераны қолдану да әдепсіздік деп танылуы мүмкін.

Бір сөзбен айтқанда, кез келген ақпаратты ашық түрде жинау дұрыс әрі қолайлы тәсіл болатыны сөзсіз. Журналистердің халықаралық ұйымының кодексінде былайша көрсетілген: «журналист өз кәсібінің абырой-беделін қырағылықпен сақтауға міндетті. Ол лайықсыз жолдармен және тәсілдермен ақпарат алуға ұмтылмауы керек». Орнықты ұстаным журналисті жағымсыз деректер туралы шынайы және ешқандай толғаныссыз пікір білдіруге итермелейді, яғни ол өз көзқарасын ашық және шынайы түрде жеткізеді.

Әдебиеттер

1 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1999 жыл 23 шілде, №451.
2 Ағдарбеков Т., Әлайдар А., Алайдаров А. Құқық негіздері: оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 264 б.
3 Ворошилов В.В. СМИ: Правовые и этические нормы журналистики. – СПб.: Из-во Михайлова В.А., 1999. – 48 с.
4 Муратов С.А. Нравственные принципы тележурналистики. Опыт этического кодекса. – М., 1997.

References

1 «Bukaralyk akparat kuraldary turaly» KR Zany, 1999 zhyl 23 shilde, №451.
2 Agdarbekov T., Alaidar A., Alaidarov A. Kukyk negizderi. Oku kuraly. – Almaty, Zan adebiety, 2008. – 264 b.
3 Voroshilov V.V. SMI Provavye I eticheskie normy zhurnalistiki. – SPb., Iz-vo Mikhailova, 1999. – 48 s.
4 Muratov S.A. Nravstbennye pritsipy telezhurnalistiki. Opyt eticheskogo kodeksa. – M., 1997

УДК 070

Е.И. Дудинова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Республика Казахстан, Алматы
E-mail: Elena.Dudinova@mail.ru

Психология общения в системе нравственных императивов и этических предпочтений журналиста

Автор представляет исследовательскую модель изучения и оценки морально-нравственных характеристик журналистского общения, осуществляемого в ходе сбора социальной информации. Анализируются психологические аспекты профессионального общения, уровни стратификации пространства, диффамационные маркеры, предлагая в качестве алгоритма поведения нравственную составляющую содержания журналистского труда.
Ключевые слова*:* методы сбора информации, этика журналиста, психология общения, источник информации, диффамация.

E.I. Dudinova

Psychology of communication in moral imperatives and ethical preferences of journalist

The author presents a research model for studying and assessing the moral and ethical characteristics of journalistic communication, carried out in the course of collecting social information. Discusses the psychological aspects of professional communication. Levels of stratification of space. Defamatory markers, suggesting the behavior of the algorithm as a component of moral content of journalistic work.
Keywords: data collection methods, the ethics of the journalist, the psychology of communication, source of information, defamation.

Е.И. Дудинова

Журналистің өнегелік императивтер мен этикалық ұстанымдары жүйесіндегі қарым-қатынас психологиясы

Автор журналистік қарым-қатынастағы әлеуметтік ақпараттарды жинастыру барысында моральді-ағартушылық принциптерін зерттеуді қарастырады. Кәсіби қарым-қатынастағы психологиялық аспектілер, ақпараттық кеңістік стратификация деңгейі, диффамационды маркер, журналистік кәсіби еңбек барысындағы ағартушылық мазмұнын талдайды.
«Әке, сені мен көтеріп тұрамын,
Алып берші, ойнаймын...», – деп жыладың.
Ай дегенің – ата-баба арманы,
Ал арманмен ойнамайды, шырағым!.. (8: 14)

Өлеңін «Енді, балам, тәтті ұйқыңа бата ғой, түсіңде өзіңе айды әперген әкеңді көретін бол» деген тілекпен аяқтаған Алмас бүлдіршінге бата берген ақсақал бейнесінде көрініп, ай мен адам ұқсастығына шәк келтірмейді. Киелі затқа, құбылысқа, болмысқа табынуды ғылымда фетишизм дейтін болсақ, Алмас осыны поэзияда әсем әспеттеген. Қазіргі қазақ поэзиясында ай образы тұтас типтік бейнеге айналып, жас ақындар шығармаларында ерекше орын алады. Ақындар Айды адам ретінде қабылдап, ақын ретінде өзінің сырын бөліседі, мұң-шерін тарқатады.

Нән қалада көп адастым қайғырып,
Қылығымды қызықтады Ай күліп (6,61)

Ай жатыр. Жылжымайды,
Тұншығып кім жылайды?..

Толған айдың толқынынан көрдің ғой,
Менің демім өрт шарпып тұр әуенге
(Райымбекұлы 2001: 15)

Кейіптеу тәсілі лирикалық поэзияда әр түрімен, сан қырымен қолданылып келеді. Адамның көңіл күйін, әрбір сәттегі толқуы мен толғанысын, қуанышы мен мұңын табиғат құбылыстары арқылы бейнелеп көрсетуде кейіптеу тәсілі жетекші орын алады десе де болады. Ай мен күн, жел, түн, өзен, гүл сияқты табиғаттағы заттар мен құбылыстар көркемдік ойлау жүйесіндегі адамға тән іс-әрекеттерімен ауыстырылып, салыстырылып, егізделіп көрсетіледі. Мұндай қолданыстардың арасындағы байланысты тағы да көне дәуірдегі таным, басқаша айтсақ, мифтік сана үстемдік еткен дәуірдегі мифологиялық ойлау жүйесі мен адамзат санасы өскен тұстағы көркемдік ойлау жүйесі арасынан іздеу заңды. Кейіптеу – лирикалық қаһарман болмысын ашудың бірден-бір жолы. Қазіргі поэзия үлгілерінен жаңғыртыла, жаңартыла жасалған кейіптеулерді молынан ұшыратуға болады. Кейіптеу туралы сөз қозғағанда ең әуелі табиғат құбылыстары мен заттарының суреттелуінен тоқталсақ, поэзия тілінде аспан, бұлт, түн, жел, т.б. ұғымдар адамға тән іс-әрекетпен көрсетіледі. Көңіл күй құбылыстарын, күйініш-сүйеніш сезімдерін өлең тілімен өрнектеу ақыннан шеберлікпен қатар сезімталдықты, аңғарымпаздықты талап ететіні ақиқат. Қазіргі лирикамыздағы тіл кестелілігі, бейнелеу шеберлігі мәселесін ауызға алғанда бірден кейінгі буын өкілі – Маралтай Райымбекұлы есімі. Ақын өлеңдерінен мысал келтірейік:

Көкжиегімнен көтерілді Күн налып,
Көкірегімнен дүбірлі сезім ұрланып.
Сондай бір сәтте иесіз қалған жүрекке
Создың ба қолың, саусағы – сәуле бір бақыт
(10, 23)

Бір ғана сәттегі табиғат суреті. Ақын көңіл күйін «налыған күн» арқылы берсе, «қолын созуы», « саусағы – сәуле бір бақыт» сынды сөзбен сурет салатын ақынның бұл тосын кейіптеуі бүгінгі ұлттық поэзиямыздың көркемдік қуатын танытатын сипатының бірі деуге болады. Жалпы, ақын табиғатпен етене араласып, оны сөйлетуге бейім. Сезім әлеміндегі күллі құбылысты табиғат арқылы бейнелеп жеткізудегі шеберлігі кейіптеу тәсілімен жазылған өлеңдерінен көрініс беріп отырады.

Ақын өлеңдерінде табиғатты әрбір зат, әрбір құбылыс назардан тыс қалмай, поэтикалық оралымға еніп кете береді. Солардың бірі – Ай. Ай мифологиялық дәуірдің, мифтік сананың жемісі болса, Маралтай өлеңі бейнелі ойлау шартымен туындаған шығарма.

Айдың поэтикалық кейіптеу түрінде бейнеленуі Маралтай лирикасындағы әртүрлі жолдармен көрінеді. М. Райымбекұлының «Ай» атты өлеңдер жинағының алғы сөзінде Н. Оразалин былай дейді: «Маралтай ақын мұңға, қасіретке, қара түске жақын. Онысы біреулерге ұнамай қалуы да кәдік емес. Өз басым оны мін санамаймын. Мұң мен қасіреттің сиясына малынбаған қаламнан шындықты арқау етер жырлар тумайды... Маралтай өзінің ертеңгі күнінің биіктері мен асуларына дайындағысы келсе, поэзияның кеңістігі мен тереңіне жетелер алуан-алуан үдерістерге, ізденістерге батыл баруы керек» (Оразалин 2001:5). Бұл жерде ақын ізденісінің нәтижесі, талант қуаты алдыңғы орынға шығады. Ақынның «Ай» атты өлеңінде:

Ай толғанда күрсініп қап көкірек, –

деп келетін жолдар бар болса,

Ай толғанда басым байлап пәлеге,
Жан ауырып, жалғыз қалдым және де.
Толған айдың толқынынан көрдің ғой,
Менің демім өрт шарпып тұр әуеге (10, 10) –

болып өрілген жол лирикалық кейіпкер көңіл күйін танытып тұр. Сол сияқты кейіптеу тәсілімен суреттелген түн, жұлдыз сияқты табиғат құбылысы мен уақыт мезгілі ақын өлеңіне тән бейнеліліктің бірден-бір сипаты.

Ақынның «Жас жуар» өлеңі тұтасымен кейіптеу тәсілімен жазылған. «Үздіге қарау» тіркесі эспрессивті-эмоционалды мәні арқылы адамның аспан әлеміне, жұлдызға қимастығын танытады. Жұлдызға айналуын арман еткен ақынның ішкі толғаныстарын, келесі жолдағы құсаға толы кеудесін «дүр» деген айқындаумен беріп, қуанышын, шаттығын «көміліп қалған күлкімен» ұластырады.

Өмірдің өзекті өртер өткіншілігі, табиғаттың тамаша сәттердің тұрлаусыздығы аталмыш өлеңнің өзегіне алынған. Өлең мазмұнына тереңірек үңілгенде тебіреніспен суреттелген жұлдыз бейнесі, оның іс-әрекеті көрінеді.

Үздіге қарап Үркерге...
(Жұлдыз боп кетсем, шіркін-ай!)
Құсаға толы дүр кеуде,
Көміліп қалған күлкім-ай (10, 57)

Өлеңнің өн бойында мұңлы леп бар. Адам өзін табиғаттан бөлмеген көне замандарда қалыптасқан түсінік кейіннен бейнелеуіштік сипат алғанына С. Қасқабасов миф туралы зерттеуінде тоқталып өтеді (11, 89). Табиғатты тірі рух түрінде қабылдаған ұғым олармен тілдесуге, мұңдасуға болады деген сенімді тудырса, уақыт өте бұл түсінік көркемдік ойлау жүйесінде маңызды қызмет атқарады. Халықтық поэзияда көп ұшырасатын психологиялық егіздеу, ауыстыру, үлгілері де сол сенімнен бастау алып, кейіптеу тәсілімен сабақтасып жатады. Сондай-ақ лирикалық кейіпкер айға қарата сөйлеп, адаммен тілдескендей тілдеседі:

Сен мені жатырқама, жарық Айым,
Бұлттан шық, ақ нұрыңды жамылайын, –

«Сөзді әлденедей бір жансыз нәрсеге, затқа қаратып айту да жиі қолданылатын тәсіл. Осындай арнау сөздің әсерлілігі сезімнің күшінде деп білу керек. Тілсіз дүниеге, затқа, құбылысқа қаратып сөз айтушы адам солар сөзін тыңдап, ден қойып тұрғандай, солармен тілдескендей тебірене сөйлейді. Ал мұның өзі адамның толғанған, ой-сезімге берілген шағын танытады», – деп жазады теоретик ғалым З. Ахметов (12, 56).

Қазіргі қазақ лирикалық қазақ поэзиясындағы дерексіз ұғымдарды заттандыру, жансызға жан бітіру, тілсізді сөйлету, тіпті, дерексіз дүниелердің өзіне тіл бітіру тәсілдерінің түрлері көп, бұрынғы кезеңдерден де әлдеқайда кең қолданылып, мейілінше өрістеуі. Бұның да негізінде тақырыптық-идеялық тереңдеулер жатқанын аңғаруға болады. Өйткені психологиялық, философиялық лириканың негізгі нысандары – ой, қиял, бақыт, өмір, сезім (сағыныш, аңсау, мұң, үміт, арман, қайғы, үрей, қуаныш) секілді көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстауға болмайтын абстрактілі нәрселер, дерексіз ұғымдар мен құбылыстарды суреттеудің әсерін аса күшейту үшін оларды заттандыру, жандандыру тәсілдеріне жүгіну – өте ұтымды әдіс.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының қолдануындағы ерекшелік, олардың барлығына ортақ сипат – неғұрлым күрделілік, интеллектуалды поэзияға тән көпқырлылық. Көркемдік тәсілдер мен бейнелеу құралдарының барлығы да қазіргі қазақ өлеңінде бір-бірімен араласып, біріне-бірі және бір мақсатқа қызмет етіп тұрған күрделі құрылымда жиі бас қосатыны байқалады. Олардың жеке-дара тұруы, жалаң түрде келуі, әрине, бұрынғыдай әлі де көп кездеседі, дегенмен қазір олардың қай-қайсысының да жаппай күрделі формада араласа, қабаттаса қолданылу үрдісі қалыптаса бастағанын байқамау мүмкін емес. Бұл – жаңа, күрделі поэтикалық тіл пайда бола бастады деген сөз. Жоғарыда айтылған дерексізді заттандыру тәсілінің қолданылуынан да көп мысал келтіре аламыз. Мәселен, аталмыш тәсілге жиі жүгініп, оны күрделі түрде әрі шебер қолдана білген ақын Маралтай Райымбекұлы өлеңдерінен төмендегідей үлгі-үзінділерді талдап көрелік:

1. Қара түн құлайды бауырына алып даланы,
2. Күрең нұр көкжиек көзінде мелдеп тұр,

3. Қатқан қан сияқты.

4. Жұлдыздар қаралы... ғаламның бетінде жаралы (Райымбекұлы 2001.28)

Алынған мысалдардағы заттанып тұрған абстактілі, дерексіз нәрсе мұң, үміт. Осылардың заттануының, жандануының әр мысалдағы сипаты мен қызметін жеке талдап көрейік.

Бірінші мысалдағы дерексіз мұңға түннің даланы бауырына алу арқылы ақын оны тек қана жандандырып отырған жоқ, сонымен бірге оған түннің қараңғылығын әсерлеп те отыр. Нәтижесінде қара түн бейнесін тудырып отырған қайғы-мұңның әсері, тіпті, күшейе түскендей. Өлеңнің екі тармағына да бірнеше тәсілдер мен бейнелеу құралдары тоғысып тұр, олар: дерексізді нақтылау, кейіптеу және әсерлеу.

Екінші жолдағы «Күрең нұр» мен «Қатқан қан сиықты» теңеу өзара бірлікте алынып, «жұлдыздар қаралы» деп адам санасына образды түрде әрі психологиялық әсермен жеткізуге қызмет етіп тұр.

Лирикалық уақыт мезетінің суреттелуінің өзі түрлі бейнелеу тәсілдерімен жүзеге асатынына арғы-бергі кезеңдегі поэзиялық туындыларда көп мысалдар келтіруге болады. Адам мен табиғат – күллі өнер туындысының нысаны. Әсіресе сыршыл жанр лирикада уақыттың әрбір сәті түрлі тәсілмен жырланып, өзгеше бітімді көркем бейнеге айналды. Соның мысалы ретінде қазіргі лирикамыздағы түннің бейне (персонаж) дәрежесіне көтеріліп, «кескінделу» сөзі өлеңнен гөрі бейнелеу өнеріне жақын, дегенімен бейнелеу суретпен ғана емес, сөзбен де мүсінделетіні шындық.

Әдебиеттер

1 Әскербекқызы Ж. Қаракөз – бұлақ. – Алматы, 2001. – 25 б.
2 Қамшыгер С. Жүректегі ағыстар. – Алматы, 2008. – 43 б.
3 Сарыбай Б. Айна. – Алматы, 2003. – 56.
4 Блок А. Әдебиет туралы. – М., 1980. – 153 б.
5 Райымбекұлы М. Ай. – Алматы, 2001. – 26 б.
6 Исаділ А. Көңіл алаң. – Алматы, 2008. – 46 б.
7 Бақаш Е. Жастық жалыны. – Алматы, 2012. – 85 б.
8 Темірбай А. Мың бір мұң. – Алматы, 2008. – 79 б.
9 Райымбекұлы М. Ай. – Алматы, 2001. – 15 б.
10 Райымбекұлы М. Кентавр. – Алматы, 2008. – 51 б.
11 Қасқабасов Сейіт Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 32 б.
12 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Алматы, 2002. – 28 б.

References

1 Askerbekyzy Zh. Karakoz – bulak. – A., 2001. – Page 25.
2 Kamshyger S. Zhurektegi agys. – A., 2008. Page 43.
3 Sarybai B. Ayna. – A., 2003. Page 56
4 Blok A. Adebiet turaly. – M., 1980. – Page 153.
5 Raiymbekuly M. Ay. – A., 2001. – Page 15.
6 Isadil A. Konil alan. – A., 2008. – Page 46
7 Bakash E. Zhastyk zhalyny. – A., 2012. – Page 85
8 Temirbay A. Myn bir mun. – A., 2008. Page 79.
9 Raiymbekuly M.Ay. – A., 2001. – Page 15.
10 Raiymbekuly M. Kentavr. – A., 2008. – Page 51
11 Kaskabasov S. Kazakhtyn halyk prozasy. – A., 1984. – Page 32
12 Ahmetov Z. Poezya shyny – danalyk. – A., 2002. – Page 28.

ӘОЖ 002.2(091)

Ө. Әбдиманұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: abdimanuly@rumbler.ru

«Қазақ» газетіндегі ұлт руханиятының өзекті мәселелері

ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының қоғамдық өмірінде, даму тарихында ерекше орын алған "Қазақ" газетінің жарық көргеніне биыл 100 жыл. Оның 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында "Каримов, Хусайыновтар баспасынан" шыққандығы тарихтан белгілі. Патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы ашық түрде ұлт-азаттық саяси күреске шығуды қолдаған, халқының азаттығы мен бостандығы жолында белсенді де батыл күрес жүргізген қазақ зиялыларының басым бөлігі осы "Қазақ" (1913-1918) газетінің маңына топтасты.
Түйін сөздер: "Қазақ" газеті, ағартушылық идея, рух сыны, жәдитшілік қозғалыс, мұсылман съезі, қазақ тілі, қазақ әдебиеті.

O. Abdimanylu

Actual problems about national spirituality on newspaper "Kazak" pages

100 years from the date of a release of the newspaper «Kazak» which occupied a special role in public life and in historical development of the Kazakh people at the beginning of the XX century were executed. It is known that the newspaper was issued on February 2, 1913 in the city of Orenburg from «Karimovs, Husainov's Printing house». The greatest part of the Kazakh intellectuals which openly supported national liberation and political struggle against colonizer policy of imperial Russia and actively fought for freedom and independence of the people, all of them rallied round the newspaper «Kazak» (1913-1918).
Key words: newspaper "Kazak", educational idea, spirit of criticism, dzhadidizm movement, congress mysylmanov, Kazakh language, Kazakh literature.

О. Абдиманулы

Актуальные проблемы о национальной духовности на страницах газеты «Қазақ»

Исполнилось 100 лет со дня выхода газеты «Қазақ», которая занимала особую роль в общественной жизни и в историческом развитии казахского народа в начале ХХ века. Известно, что газета была выпушена 2 февраля 1913 года в городе Оренбург из «Типографии Каримовых, Хусаиновых». Наибольшая часть казахской интеллигенции, которая открыто поддерживала национально-освободительную и политическую борьбу против колонизаторской политики царской России и активно боролась за свободу и независимость своего народа, все они сплотились вокруг газеты «Қазақ» (1913-1918).
Ключевые слова: газета "Қазақ", просветительская идея, дух критицизма, движение джадидизма, съезд мусульманов, казахский язык, казахская литература.

ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының қоғамдық өмірінде, даму тарихында ерекше орын алған "Қазақ" газетінің жарық көргеніне биыл 100 жыл. Оның 1913 жылдың 2 ақпанында Орынбор қаласында "Каримов, Хусайыновтар баспасынан" шыққандығы тарихтан белгілі. Патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы ашық түрде ұлт-азаттық саяси күреске шығуды қолдаған, халқының азаттығы мен бостандығы жолында белсенді де батыл күрес жүргізген қазақ зиялыларының басым бөлігі осы "Қазақ" (1913-1918) газетінің маңына топтасты.

Олардың басты мақсаттары "Қазақ" газетінің 4 санындағы Ахаң жазған бас мақалада айқын көрсетілген: "Істің мәні жалғыз-ақ тамақ асырап күн көруде қалмас, өз бетімен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықта тамақ асырап, қазақ тіршілігін өтер ғой… өз алдына дербес ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік.

Арамызға әр жұрт кіріскенде солармен қатар атымыз жоғалмай қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе".

Басылымның осы күрестерде баса назар аударған басты мәселесінің бірі ұлт тілінің өркендеуі мен ұлт әдебиетінің өркен жаюы еді. Бұл мәселелерге қатысты жайындағы ұлт зиялылары арасындағы пікірталастарда көбіне "Қазақ" маңындағы оқығандар ой-тұжырымдары дұрысқа шығып отырды. Осы жайлы 1932 жылы шыққан кітабында Сәбит Мұқановтың: "Қазақ" "Айқап" шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындады, сонымен қатар "Қазақпен" қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз "Қазақ" газеті ғана болды... көпшіліктің пікір көші "Айқаптан" "Қазаққа" ауды" (1,52), – деуі қиын кезеңде ащы шындықты айтуы болатын.

Жалпы, түркі тектес халықтарда ағартушылық идеяның өріс алу тарихы арыда жатыр. Ол түркі халқына ортақ алфавит үлгісін жасау және әдеби тілді қалыптастыру жайлы ізденістер болатын. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Россия мұсылмандары ескі оқу жүйесінің (қадым) көптеген кемшіліктерін таба бастады. Сондықтан да мұсылмандық оқудың жаңа бағдарламасын жасау кезек күттірмес мәселенің біріне айналды. Ескі оқудың кемшіліктерін көрсетіп, жетілдірудің жолын ұсынғандар Хусайын Файзханов, Дамулла Шихабуддин ибн Бахауддин (Әл-Маржани) секілді татар діни оқымыстылары еді.

Осылайша, басталған мұсылмандық оқудың оң өзгеріске бет бұруын жаңа белеске көтерген – Исмаилбек Гаспринский (1851-1914). Ол араб-түрік ғалымдарына тән дәстүрмен өз туған жерін лақап есім етіп алған (Қырымдағы Гаспара ауылы) өте білімді, шетелдерде оқыған (Париж, 1872-1874) ғұлама жан болатын. И. Гаспринский өзінің мұсылмандық оқыту жүйесін жетілдірудегі көзқарастарын «Орыс мұсылмандары» («Русское мусульманство» Мысли, заметки, наблюдения мусульманина) деген кітабында жинақтап айтса, нақты жаңа оқыту құралы ретінде «Усул сотие» жолымен тәртіптелген әліппе «Ходжа субьян» (Балалар оқытушысы) атты оқулық хрестоматия шығарған. Сонымен қатар оның «Түрік синтаксисі», «Мәдениет исламия» тәрізді зерттеу еңбектері бар. Міне, осы бір Россия мұсылмандарындағы өзгеріс кейін ірі жәдитшілдік қозғалысқа айналды.

Ахмет Байтұрсынов Гаспринский сияқты ұстаздар еңбегін жоққа шығарған емес. Ол ұстаз салған жолды жаңғыртып, өз халқының пайдасына жаратып, өзіндік жол тапқанымен, Исмаилбек Гаспринскийдің жалпы түркі халқына еткен еңбегін жоғары бағалады. Гаспринский қайтыс болғаннан кейін оны «бас ұстаз, жолбасшы» көріп, ол туралы: «Ол таусылмас мәңгілік идея тастап кетті... Болашақты көре білуге үйретті», – деп жазып, әділ бағасын берді. Өзінің оқу-ағартуға, баспасөзге қатысты мақалаларында Гаспринскийдің ағартушылық еңбектерін аса жоғары бағалап, «...Россия мұсылмандары арасында бес-алты мыңға жуық бастауыш мектептің бәрінің үлгісі Гаспринский мектебі... Бұл күнде төте оқу үшін шығарылған неше түрлі әліппе болса, бәрі де үлгіні Гаспринский шығарған әліппеден алған еді. Бұл күнде 10 мыңға жуық мұғалімнің бас ұстазы, жолбасшысы – Гаспринский» (2) – деп жазды. Оның тек оқу-ағарту ісінде ғана емес, баспасөзде де көшбасшы екендігін әрқашан да есте тұтып, «Тәржімән» туралы: «4-5 жылдың ішінде шығып тоқтаған һәм осы күнде шығып тұрған түрліше газета-журналдардың бәрі «Тәржіманның» балалары», – деуі адал көңілден шыққан ризалық белгісі еді. Міржақып Дулатов та Исмаилбек Гаспринскийді аса жоғары бағалап, ол қайтыс болғанда мақала жазды. Онда Гаспринский қазасы «бүтін жұрттың көктегі айы мен күні жоғалғаннан кем болған жоқ» деп қатты күйзеліс білдіреді. Және оның ағартушылық еңбегін айрықша бағалап, «Гаспринский – өзінің заманында жалғыз Россия мұсылмандары емес, бүтін мұсылман дүниәсінің ұлұғ адамы»(3) деген болатын.

Қазақ зиялыларының түркі тектес халықтарға ортақ әдеби тіл ретінде татар тілінің болуына қарсылығы өз халқының қамын ойлағандықтан болатын. Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы 10 февральда «Қазақта» жарияланған «Орынбор 10 февраль» атты бас мақалада тіл жайын тереңнен қозғап, сөз қылады. Қазақ халқының жасампаз жебеушісі өз ойын былай түйіндейді: «Басқа жұртпен араласқанда, өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде сөзі (әдебиеті) бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы һеш уақытта адам құрымай, жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең

қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады».

Ұлттықтың, ұлттық тілдің сақталу жолындағы күрес еш тоқтаған емес.

1914 ж. Петербургте өткен мұсылман съезінде тіл мәселесі қозғалып, татар зиялылары татар тілінің түрік қауымды жұртқа ортақ тіл болып қабылдануын сұранған. Бұл съездің материалын Әлихан Бөкейханов «Қазақтың» 1914 жылдың 85-90 сандарында жариялады. Газеттің бірнеше санында жарық көрген осы мақалалардың бірінде Әлихан былай деп жазады: «Мұсылман съезі қараған закон жобасында жазылған екен рухани мекемелерде қағаз татарша тілмен жазылсын деп». Бұдан әрі автор өзінің бұл бапқа қарсылық білдіргенін баяндайды, ал қарсылық негізсіз емес еді. Оның себебін Ә. Бөкейханов нақты дәлелдермен байыптайды. «Түркі затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып, қалың отырған іргелі ел жоқ. Біздің тілді қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін, біз кітап жазып, журнал-газета шығара бастағанымыз осы 3-4 жыл ғана арасында. Анық түрік затты халық тілі қазақта.». Ол бұның дәлелі ретінде Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан өлеңдерінен мысал келтіреді. Сөйтіп «... осылардай ақыны бар бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады» деген өткір сұрақ қойып, оған өзі жауап береді. «Біздің қазақ осы тілін тастап, татарға мінгескені адасқандық болар... татар тілі деген тіл тағы біреу емес. Кавказ, Қырым ауылындағы татарды Қазан татарымен сөйлестірсе, бірін-бірі ұға ма, жұртқа ыңғайлы болу үшін һәр облыста һәр жұрттың өз тілімен жазылсын дедік», – дейді түйінді сөзінде. Сөйте келе былай тұжырымдайды: «Көп таластан кейін съезд рухани мекеме қағазы татар-түрік тілімен жазылсын деді. Біз қазақ тілі законға жазылсын деп айта алмадық, жығылатын болған соң. «Түрік» дегеннің ішіне кірдік қой деп тоқтадық».

Әлиханның «Рухани мекеме қағазы» деген сөзінің мәні бүкіл рухани жазба (кітап, баспасөз, т.б.) татар тілінде болуы керек деген татар зиялыларының талабын білдіреді. Бұл мақаладан біз сол бір тұста қазақ тіліне қатты қауіп төнгенін аңғарамыз. Әдебиетті жасаушы тіл де, рухани қазына әдебиет те өзгенің қолжаулығына айналып кету қаупі туғанын байқаймыз. Бұл қауіп қазақ тілі мен әдебиетіне үнемі қатер төндіріп келді. XX ғасырдың бас кезіндегі кітап, баспасөз ісін өркендетудегі материалдық- техникалық базаның жұтаңдығы қазақ ақын-жазушыларының өз шығармаларын бастыруда татар баспаханаларына кіріптар болуы бұл қауіпті күшейте түспесе кеміткен жоқ.

Мұны сол тұста жарияланған тағы да бір мақаладан байқаймыз. 1916 жылы «Қазақ» газетінде «Ғалия» медресесінде оқитын 34 қазақ шәкіртінің қолы қойылған ашық хат жарияланған. Онда қазақша оқыту, қазақша оқулықтар шығару жайы айтылған болатын. Бұған татардың «Уақыт» газеті қарсылық білдіріп, қазақ шәкірттерін ұлттар достығына сына қағушылар ретінде айыптаған. Осы кезде Ахмет Байтұрсынов әлгі хат жариялаған басылым – «Уақытқа» «Қазақтың» бас жазушысы ретінде жауап қайтаруды парыз тұтып, бас мақала жазған-ды. Осы мақаласында ол қазақтың төл әдебиетінің, журналистикасының өз жолымен дамуын ең басты шарт деп қарайды. Өзгенің өрісіне жайылып, жетегінде кетпеу керек деген мәселені ашық айтады. «Даудың асыл түбі шәкірттердің хатында емес, қазақша газет һәм кітап шығып отырғандығында. Қазақша кітаптар һәм газета шықпаса, шәкірттер балаларды қазақша оқыту керек деп айтпас та еді. Сөз түбі бізге тірелетін болған соң, қазақша газета һәм кітап шығарып отырған біз сөйлеп, қазақша газета һәм кітаптарды неге қазақша шығарып отырғанымызды баяндап, заңды түбін ажыратпасқа болмайды» (4).

Ахмет мәселені осылай баяндай келіп, татар зиялыларының әрекеті өзімнен басқаға болмасын деген ойдан туғандығын нақты мысалдармен дәлелдейді. Сөйтіп, қазақ газеттері мен кітаптарын қазақша шығарудан ешқашан таймайтындықтарын ашық білдіреді. «Газета һәм кітаптар халық оятып, ілгері ұмтылуына себепші зат болса, олардың да шығатын кезі осы шақ. Сондай болмаса, татарша болмаса, газета да, кітап та жоқ деп татар бауырларымыз отырса, қазақ үшін татарша газет шығаратын едік, татар тілін білмейміз деп, қамалып біз отырсақ, татар үшін өте жағымды болар. Бірақ қазақ үшін қалай болар? Құрбандық тым зор болмас па?»

А. Байтұрсынов қазақ әдебиеті мен көсемсөзін қорғауының басты себебін былай-

ша түсіндіреді: «Басқа тілде шыққан газета һәм кітаптар халық ықыласын түсіре алмайды. Халық ықыласы түспеген газета һәм кітаптар халыққа тарап, оқылмайды. Халыққа тарамаған газета һәм кітаптан пайда болады деп айта алмаймыз». Ұлт тілі туралы өз ойларын осылай тұжырымдай келе Ахмет мақала соңында ірге ажыратуға емес, бірлікке шақырады.

Қазақ зиялыларының мұндай ой-пікірлері татардың алдыңғы қатарлы ағартушы ақын-жазушыларынан қолдау тапты. Мәселен, қазақ халқының жанашырларының бірі Ғалымжан Ибрагимов қазақ зиялыларын жақтап шықты. Ол 1916 жылы «Аң» атты татардың әдеби журналында «Тілдері басқа болса да көңілдері бір» деген мақала жазып, әр кезеңде әртүрлі түрік тілдерінің алға шығып отырғандығын айта келіп, бүгінгі күнде қазақ тілінің де өзіндік дамуына толық мүмкіндігі бар екендігін толық дәлелдеген. «Қазақ әдебиеті бар екендігі нақты факті. Бүкіл қазақ сахарасына әдеби азық болып келген өлеңдер мен жырлары бар, кең далаға әуезі жаңғырған Ибраһим Құнанбайлар, соңғы Сералин, Дулатовтар, «Қазақстан», «Қазақ», «Айқаптар», қазақ мектептеріне еніп, терең тамыр жайып бара жатқан оқу құралдары – осылармен қазақ тілінде бас көтерген әдебиет қазір жоққа шығаруға болмайтын факт», – деп қазақ әдебиетінің іргелі әдебиет екендігін атап көрсеткен. Сөйтіп, қазақ тілі мен әдебиетін жоққа шығарғысы келгендерге қарсылық білдірген. «Бүтін қазақ зиялысын татарластырыңыз, оларды татарша жазуға көндіріңіз – бұл, бәлкім, мүмкін болар. Бірақ бұл ұзаққа бара алмас. Бұлай жасау уақытша ғана жасалынар, ақырында барып, бәрібір өзінің табиғи ағымына түсер» (230-231), – дейді ол өз түйінінде.

Жоғарыда айтылғандардың бар қазақ зиялыларының, соның ішінде «Қазақ» тобының өз ұлты әдебиетінің даму жолдарын айқындауының нақты көрінісі.

XX ғасыр басында қазақ ақын-жазушылары биікке көтерілген өзге де алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне көз салып, жан-жақты әдеби байланысқа түсе бастады. Осы тұста батысшыл бағыттағы зиялылар тобындағы ақын-жазушылар батыстық әдебиетке көп ден қойғаны байқалады. Мәселен, бұл жайт «Қазақ» газетінде жарияланған «Әдебиетімізге көз салу» атты «Н» бүркеншік есімді автордың бағдарламалық мақаласынан көрінеді. Мұнда әдебиеттер байланысы, бір-біріне әсері, үйрену, тәжірибе мектебі, дәстүр мен жаңашылдық жан-жақты сөз болып, қазақ әдебиетінің бет-бағдары қандай болуы керек деген өткір сұрақ төңірегінде ой қозғалады. Қазақтың жазба әдебиеті – жаңа қалыптасып келе жатқан жас әдебиет. Ендеше ол кімнен үйренуі керек, кімге қарап түзелуі керек деген мәселеде автор пікірі айқын. Ол алдыңғы қатарлы Еуропа әдебиетінен үйрену керек деген кесімді пікірін айтады. Бірақ автор көзсіз еліктеуге қарсы. «Еліктеу сондай нәрсе, оның мүмкін қадар есімізге кем түсірелік, бірақ басқаларға бас бүтін ермеу біз секілділер үшін қиын іс... Еліктеу дәуірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз» (6). Көзсіз еліктеу неге апарып соғарына ол бірнеше әдебиетті барлай отырып көз жеткізеді. Шағатай әдебиетінің араб, парсы әдебиетінің әсерімен дәуірлегенін, бұл әдебиеттің Науаи сияқты ірі өкілдерінің, Ширази, Сағди, Хайам сияқты парсы әдебиетінің классиктерінен көп үйренгеніне зер салады. Бірақ бұл да еліктеудің үнемі жемісті бола бермесіне Осман-түрік әдебиетінен келтіреді. «Басқалардан үлгі алып еліктеу ғатманыларда күшейгені сонша, бір сыншының айтуынша, ескі Визанис бағында серуендеп жүрген иран қызына ұқсап қалды», – дейді ол. Неліктен Еуропа әдебиетіне еліктеу керек екендігіне мақала авторы мынадай дәлел ұсынады: «Өйткені Еуропа мәдениетінің бар асылы – рух сыны – дух критицизма; Бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны біздің жаңа көзімізді ашып, қатамызды көрсетер. Абай адабиятымыздың атасы бұл жолдың қорқынышсыз, біздің үшін пайдалы екенін сезіп, сол жаққа бұрылды. Әйтпесе Абай үшін ғарап ғажам (парсы Х. А.) жолы ашық еді».

Көріп отырғанымыздай, XX ғасыр басында шығыспен қатар Еуропа әдебиетіне еліктеу белең алғаны айқын байқалады. Бұл тұста, әсіресе орыс әдебиетінен үйрену кең етек жайғанын жоққа шығара алмаймыз. Оның ең бір жанды көрінісі аударма шығармалардың көптеп пайда бола бастауы болатын. Әдеби байланыс жайлы сөз бастаған кезде әдеби байланыстың ең бір өнімді саласы өзге жұрттың озық үлгідегі шығармасын өз жұртына насихаттау деген бо-

латынбыз. Оның ең тиімді жолы – аударма. Сол арқылы үйрену, тәжірибе мектебінен өту, шеберлік қалыптастыру мәселелерінің шешілуі. XX ғасырдың басында "Оян, қазақ!" деп жар сала келген жазба әдебиетімізге өз мақсатын жүзеге асыру үшін жаңа түрлер, жанрлар қажет еді. Оларды бірден игеріп кету, әрине, қиын болатын. Сондықтан бұрыннан дәстүрі қалыптасқан биік межедегі өзге әдебиетке еліктеу қажеттілігі өзінен-өзі келіп туды. Бірақ бұл құрғақ еліктеу емес, үйрене отырып, өзіндік жол табуға ұмтылған ізденісті еліктеу еді. Өзге шығармаларды аудара отырып, әлемдік әдебиетте қалыптасқан көркемдік әдіс-тәсілдерді игерді, төл әдебиетімізді жаңа жанр, соны түрлермен молықтырды. Сөйтіп, қазақ әдебиеті, әдебиетпен бірге тіл өркен жайды. Оларды қызғыш құстай қорғаған қазақ зиялыларының еңбегі текке кетпей, қазақ тілі өлмес тілге айналды.

Сонау ғасыр басындағы қазақ зиялыларының тіл мен әдебиет өркендеуі жолындағы күрес тарихы осындай еді. Мына XXI ғасыр басында да сол күрес әлі жалғасып келе жатқан секілді. Оған дәлел бүгінгі елім деп, еміренген азамат пен тілім деп жүрген зиялы тілегінің бір жерден шығуы. Аңсаған арман мен тілеген тілектің ертеңгі күні орындаларына еш күмән жоқ.

Әдебиеттер

1 Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932. – 326 б.
2 Қазақ. – 1914. – №79.
3 Қазақ. – 1914. –№80.
4 Қазақ. – 1916. – №167.
5 Ибраһимов Галимжан Әсәрләр. Сегиз томда, 5-ші том, Қазан, 1970. – 430 б.
6 Қазақ. – 1916. – №164.

References

1 Myqanyly S. XX gasyrdagy qazaq adebieti. – Qyzylorda,1932. - 326 b.
2 Qazaq, 1914. – №79.
3 Qazaq, 1914. – № 80.
4 Qazaq, 1916. – № 167.
5 Ibrashimov Galimzhan Asarlar. Segiz tomda, 5 shi tom Qazan 1970. – 430 b.
6 Qazaq, 1916. – №164.

ӘОЖ 351.751.5:070(574.54)

А.Қ. Әбдіразақова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.
E-mail: ayakuz.abdrazakova@mail.ru

Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі Сыр өңіріндегі әдеби, танымдық, ғылыми-әдістемелік журналдар: бағыт-бағдары мен бет-бейнесі

Аталмыш мақалада тәуелсіздік жылдарынан кейінгі кезеңде Сыр өңірінде жарық көрген «Әлімсақ», «Сыр альманахы», «Тағылым», «Тұрмағанбет», «Базар жырау», «Жарасымды жаңұя» сияқты әдеби журналдарда жарық көрген мақалалар мен көтерілген тақырыптар, айдарлар ерекшеліктері сөз болады.
Түйін сөздер: тәуелсіздік, әдеби журналдар, жаңалық, айдар.

A.K. Abdirazakova

Literary and educational, scientific and methodical magazines region
Cheese over the years of independence: themes and image

Literary magazines play an important role in the history of local editions of our city. In magazines “Alimsak”, “Syr Almanagy”, “Tagilim”, “Turmaganbet”, “Bukhar Zhirau”, “Zharasimdy Zhanuya” regular themes, thematic peculiarities of materials published are analyzed. These magazines introduce the readers of the Syr Land to the common spiritual wealth, they function publishing investigations connected with news in the world of literature.
Keywords: Independence, literary magazines, news, rubric.

А.Қ. Әбдіразақова

Литературно-познавательные, научно-методические журналы региона
Сыр за последующие годы независимости: тематика и имидж

В истории региональных печатных изданий особое место занимают литературные журналы. Журналы «Әлімсақ», «Сыр альманахы», «Тағылым», «Тұрмағанбет», «Базар жырау», «Жарасымды жаңұя» обьявляя о проведенных исследованиях в мире литературы, знакомят своих читателей со свежими новостями, обогощают их духовными ценностями земли Сыра. Проанализированы постоянные рубрики и тематические особенности поднятых материалов.
Ключевые слова: независимость, литературные журналы, новость, рубрика.

Баспасөздің өмірге келіп, оқырмандарына танымдық, ақпараттық хабарлар жеткізетін бүгінгі көтерілген деңгейге дейін талай қалыптасу жолынан өткендігі белгілі. Мәселен, алғашқы жарнамалық қарапайым ақпараттан бастап, осы ғасырға келгенше өсу-өркендеу, даму, толысу, қалыптасу мезгілдерін басып өтті. Уақыт өте келе үлкен қоғамдық мәселелерді көтеріп, пікір қалыптастыру арқылы халықтың назарын өзіне аударды. Бұған қол жеткізу, әрине, оңай болған жоқ. Ол үшін бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері үнемі ізденіс жасап, оқырмандар алдындағы жауапкершілік сезімімен жұмыс істеуіне тура келді. Кез келген редакция ұжымы қызу еңбек, жаңалыққа деген құмарлық, орын алған оқиғаны жүрегімен қабылдау, қоғамның кемшілігіне немқұрайлы қарамау қасиеттері арқылы оқырманның асыға күтетін басылымын дүниеге әкелетіні анық.

Қоғамдық тарихи дамудың қайбір кезеңінде де халықты толғандырып отырған өзекті мәселелер, олардың жан-дүниесінің толқулары мен ішкі сезімдері, қуаныштары мен реніштері және замана үні мерзімді баспасөзде көрініс тауып отырды. Қандай да бір болмасын кез келген басылым қалың жұртшылықтың өз дәуіріндегі «көзі» мен «құлағы» іспеттес.

Тәуелсіз Қазақстанның дамуын, саяси жүйе-

сін бұқаралық ақпарат құралдарынсыз қазіргі таңда елестету мүмкін емес. Әр аймақтың өзіндік ерекшелігі, халқының қалыптасқан тіршілігі, тұрғындарының басым көпшілігі айналысатын жұмысы, өнер және мәдениет саласындағы жаңалықтары, экономикалық, аграрлық салалардағы жетістіктері мен кемшіліктері болатындығы заңды. Осы айтылған мәселелерді толығымен өз бетінде көрсетіп, жетістіктерімен мақтану, кемшілікті тузету қызметтерімен өңірдегі мерзімді басылымдар да қырағылық танытып келеді. Қазақ журналистикасының тарихында аймақтық мерзімді басылымдарының да өзіндік орны бар. Аймақтық журналистика мәселесіне алғаш Темірбек Қожакеев «Жыл құстары» еңбегінде тоқталған [1].

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері баспасөздегі материалдар тақырыбында, мазмұнында, берілу пішіні мен жанрында түбегейлі өзгешеліктер, жаңалықтар пайда бола бастады. Заң жүзінде берілген еркіндік, сөз бостандығы, жариялылық, баспасөздің бұрынғыға қарағанда барынша еркін сөйлеп, батыл ой айтуына, жабық тақырыптарды көтеріп, ұлттық мүдде тұрғысынан баға беруге зор ықпалын тигізді.

Тәуелсіз бейресми басылым шығарудың қаншалықты қиындығы бар екендігі еліміз егемендік алғаннан кейінгі дәуірдегі Сыр өңірінің мерзімді баспасөз шығару тарихы айқындап берді. 1986-1990 жылдардың ішінде республика бойынша бейресми газеттердің саны үш есе өскенімен, ұлттық тәуелсіз басылымдардың саны саусақпен санарлықтай еді. Ұлттық мүддені қозғайтын басылымдарды шығару республикамызда 1996 жылдардан кейін ғана мүмкін бола бастады. Аймақтық басылымдардың дүниеге келуі жеке адамдардың басылым шығару әрекетіндегі алға қойған мақсатына байланысты болды. Жаңадан шыққан басылымның қандай мазмұнда болатындығы сол газетті шығарған адамдардың дүниетанымына, алға қойған міндетіне тәуелді еді. Өңірлік газеттер нақты оқиғаның, нақты қоғамдық құбылыстың негізінде белгілі бір уақыт пен кеңістік, белгілі бір әлеуметтік топтардың сұранысына, қажеттілігіне сай дүниеге келді. Сондықтан олар, ең алдымен, өзін дүниеге әкелген уақыт пен адамның ықпалына ереді. Заман өзгерген сайын мемлекеттік емес басылымдарға деген сұраныстың артуы табиғи құбылысқа айналып барады. Қазіргі таңда облыс аумағында шамамен 100-ге жуық мерзімді баспасөз тіркелген. Бірақ олардың барлығы дәл қазіргі уақытта оқырмандарының жүрегіне жол тауып отыр деп айта алмаймыз. Бір редактор мен бір журналист қана қызмет атқаратын ұжымдар да газет шығару ісін табыс көзіне айналдырып отыр. Дегенмен, нарықтың қатаң талаптарына жауап бере алмай аз уақыт қана жарыққа шығып, кейіннен жабылып қалған, таралымы 1000 данадан аспайтын заман ағымы ысырып тастаған басылымдар да бар.

Қазіргі уақытта Қызылорда облысында ғана емес, бүкіл Қазақстанда мерзімді басылымдар даму және ізденіс үстінде. Кешегі Кеңестік кезеңде тек қана бір идеологияға бағынған баспасөз шығарылса, бүгінде әралуан позициядағы мемлекеттік және жекеменшіктік, тәуелсіз баспасөз түрлері пайда болды. Көтеретін тақырыбы, газеттегі уақыт талап еткен айдарлары, стилі, концепциясы жағынан түрлі-түрлі басылымдар да бар.

Өңірлік мерзімді басылымдар тарихында әдеби журналдардың алатын өзіндік орны айқын. Сыр бойы ақын-жазушыларының шығармашылығы шығыстық сарындағы көркемдік дәрежесі жоғары дастан, толғау-терме, насихат, сондай-ақ нәзира-аудармаларға, жыраулық, жыршылық өнерге, әңгіме, суырып салма және жазба айтыстарға да өте бай. «Шығарманың материалдық болмысын, өзегін тарихи белгілі ақиқат оқиғалар құрмайынша, белгілі тарихи дәуірдің шындығын шынайы суреттеу тағы да қиын»[2] деген пікірді ескеріп, бүкіл Сыр еліне ортақ рухани қазынаны оқырмандарына таныстыру, жасалған зерттеулерді жариялау арқылы әдебиет әлеміндегі жаңалықтармен сусындату қызметін атқарып жүрген бірнеше басылымдар бар.

Солардың бірі Сыр өңірінде 2009 жылдың сәуірінен бері жарық көретін әдеби-мәдени, тарихи-танымдық «Әлімсақ» журналы өз оқырмандарына тұрақты қазақ халқының егемендік алуымен қатар еліміздің рухани өміріне жаңаша өзгерістер ене бастағандығынан, халыққа білім беру, ғылым мен мәдениеттің дамуы кеңінен жолға қойылғандығынан, әдебиет пен өнер – адам жанына нәр беріп, рухани жағынан күш-қуатқа айналатын егіз ұғым екендігінен хабардар етіп келеді.

Басылымның бас редакторы Сыр өңіріне белгілі журналист, филология ғылымдарының кандидаты, «Жылдың үздік журналисі», «Өткір тілді журналист», «Жыл журналисі»

номинацияларының иегері Нұрлан Көбегенұлы журналдың алдына қойған мақсатын: «...Қазақтың әлімсақтан келе жатқан хатқа түскен төл тарихын, өлеңмен өрілген өмірін, ұлттық болмыс-бітіммен астасқан әдебиеті мен мәдениетін, діні мен тілін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін жаңа ғасырдағы ұрпағының жадында жаңғырту; арандай аузын ашқан жаһанданудың алдына иірілген топтың патриоттық сезімін ояту, ұйқыда жатқан отансүйгіштік қасиетіне жан бітірту, жақсы мен жаманды таразылау, осы арқылы ұлттық иммунитет қалыптастыру» [3], деп көрсетеді. Ақылдастар алқасында: жазушылар одағының мүшесі, жазушы С. Жұбатырұлы, филология ғылымдарының докторлары, профессор Қ. Әбдезұлы, Т. Тебегенұлы, профессор А. Жаманбаев, жазушы-публицист Әмірхан Бәкіров, дінтанушы Қ. Отызбаев, ақын А. Кенжебековтер бар. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» – журналдың ұстанымы.

Ұлт мүддесін жоғары қойған басылым тарих тереңіне үңіліп, ұрпақ санасын рухани байытып, кешегіні бүгінгіге жалғастырар рухани көпірге айналдыру үшін «Түгенделген руханият әлімсақтан сыр тартады», «Жанқожа – тарихи тұлға әрі әдеби көркем бейне», «Ұлы күрескер Мұстафа», «Бабалардан ұлағат-ұрпақтарға аманат», «Ұлы даланың дара ұлы» атты танымдық-тарихи мақалалар жариялаған.

Осы мақсатта журналда Жанқожа батыр, Есет батыр, Қара бура әулие, Қара молда, Мұстафа Шоқай, Зейнолла Шүкіров, Темірбек Жүргенов сияқты тұлғалар «Ақсауыт» айдарымен берілген. «Зерде» арқылы бүгінгі күннің басты қасіретінің негізгісі – Арал теңізінің тарихы, теңіздің тартылу себептері мен салдарлары, ғалымдардың осы мәселе төңірегіндегі зерттеулері жарық көрген. Әдебиет саласындағы проза, поэзия, сатиралық шығармалар да жарияланып тұрады. «Шамшырақ» айдары аясында діни мақалалар қамтылса, «Дидар» бетінде өнердің барлық саласында жетістікке жетіп жүрген жас талант иелерінің жеңістері таныстырылады.

Сыр бойындағы алғаш рет руханият әлеміне қалам тартқан журналдың өз оқырмандарына берер рухани байлығы мол. Әр шығарылым сайын Сыр өңірінде ізі қалған тарихи тұлғалар туралы, ұлттық ерекшеліктерімізді насихаттайтын бұрын жарық көрмеген мәліметтер, өткенімізге зер салып, болашаққа дұрыс шешім қабылдауға арқау болатын ойлы жарияланымдар жарық көреді.

Саясаттан ада, шынайылық пен табиғилықты ұштастырған журналдың оқырмандардың рухани өміріне үлкен серпін әкелері даусыз.

Жарыққа шыққан уақыттан бері қарай бұл басылым ұлтымызды ұйыстырар басты баспасөз құралдарының біріне айналып отыр. Сондай-ақ Алаш зиялыларының өмірі мен еңбектері жайында, әдебиет, мәдениет, тіл саласындағы тұлғалардың шығармашылығы хақында өзекті материалдар ұсынып келеді.

Өңірдегі тағы бір ғылыми-әдістемелік «Тағлым» журналы 2011 жылдың наурызынан бастап шығады. Журналдың алғашқы бас редакторы: филология ғылымдарының кандидаты Зухра Ермағанбетова. «Қадірлі оқырман! Ақпарат айдынына қанатын енді ғана қаққалы отырған «Тағылым» журналының мазмұнын жақсарту, жетілдіру, оны ұстаздың күнделікті қызметіндегі қажетіне жарайтын дүниесіне айналдыру сіз бен біздің бірлесе қызмет етуімізге байланысты» [4], – деп бас редактордың ағынан жарылуы көп жағдайлардан хабар береді.

«Тағылым» – ұлттық дәстүрмен біте қайнасқан, ұлт ұрпағын жаман әдеттен жирентіп, жақсы әдетке талпындыруға баулитын ұғым. «Тағылымның» ерекшелігі – маман даярлаушы мен маман арасында диалог құруында, нарықтың тілімен айтқанда, тұтынушы мен тауар өндірушінің байланысын сақтауында. Бүгінгі күнде тәжірибе алмасу мінберіне айналып отырғандығы да шындық. Мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының кәсіби біліктілігін арттыру, сабақ өту барысындағы тәжірибелерін ортаға салу және тарату, ой-пікір бөлісу, өзара тәжірибе алмасу мақсатында түрлі жанрларда танымдық, әдістемелік материалдар жарық көрген.

Басылымда «Редактор бағаны», «Көкейкесті», «Ғалымның хаты...», «Озық технология – ортақ әдіс», «Зерде», «Жаңа сабақ үлгісі», «Рецензия», «Әріптес әлемі», «Болашақ маман ой қозғайды», «Ұстаз шығармашылығы», «Құттықтаймыз!» атты тұрақты айдарлар бар.

Зерттеуші ғалымдардың танымдық-тағылымдық мәні зор мақалаларымен оқырман «Ғалымның хаты» айдарында танысса, «Үздік ғылыми жұмыс» айдары студенттер мен мектеп оқушыларының үздік ғылыми жобаларын жариялайды. Бұл айдар аясында дарыны

мен таланты бар әр жасқа ғылым мұхитының інжу-маржанын теруге көмектесіп, бұлақтың көзін ашқандай, ғылымдағы жаңа есімдерді таныстыруды мақсат етеді. Жас ғалымдардың зерттеулері «Зерде» айдары аясында жарық көреді. Мысалы, А. Абасилованың «Шешендік сөздер: оны оқытудың жолдары мен әдістері», Б. Жұмақаева, Ш. Қасабаеваның «Әдебиет сабағында тұлғаның құзыреттілігін дамыту жолдары», Қ. Әбдірахмановаңың «Сейіл Боранбаев шығармашылығындағы поэтикалық ізденістер» атты зерттеулерін атауға болады.

Журналда жарық көретін әрбір материалдар бүгінгі ұстаздың білім-біліктілігін, дүниетанымын кеңейтуге септігін тигізері даусыз.

Сыр өңірінен шығатын республикалық ғылыми-әдеби, танымдық «Тұрмағанбет» журналы 2011 жылдың наурыз айынан бастап жарық көреді. Басылымның бас редакторы: Ғабит Тұяқбаев.

Журналда әдебиеттанудың өзекті мәселелерін сөз еткен зерттеу еңбектері, ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміз, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз туралы танымдық мақалалар, заман, қоғам жайын сөз еткен публицистикалық мақалалар, қазақ қаламгерлерінің прозалық, поэзиялық шығармалары мен әлем әдебиетінің туындылары, дарынды жастардың шығармалары және жас ғалымдардың зерттеулері жарияланады.

Журналда «Тұрмағанбеттану мәселелері», «Зерде», «Таным», «Тағзым», «Әлем әдебиетінің асыл қазынасы», «Проза», «Поэзия» айдарлары бар.

Адамзат қоғамының даму заңдылықтарына зер салып қарап отырсақ, даусыз бір шындыққа көз жеткізуге болады, ол – қандай қоғам болса да, руханият саласының алдына белгілі бір дәрежеде мақсат, міндеттер жүктейтіні. Ал ол міндеттердің қалыптасқан қоғамдық, әлеуметтік, тарихи-саяси және рухани талап, тілектерден туындайтыны мәлім. Адамзаттың рухани дамуында әдебиет пен өнердің рөлі зор. Шын мәнісіндегі әдеби шығармалардың адамға айрықша ықпалы бар. Оның санасы мен сезімін билейді, оның өмір мәселелерін жіті бағалауына себін тигізеді. Осы мәселелер басылым бетінен үнемі көрініп отырады. Сонымен бірге журнал бетінде Сыр бойы өнерінің өзіндік ерекшелігін, ақындарының шеберлігін зерттеу, зерделеу, сараптау, өзіндік көзқарастар мен пікірлер білдіру, тұжырымдар жарық көреді. Мысалы, С. Қосанның «Тұрмағанбет тәлім алған әдеби орта және рухани үндестік», Т. Ізтілеуұлының «Шаһнаме», Ә. Қараның «Мұстафа Шоқай: өмірі, күресі, шығармашылығы» сынды мақалалардың жарық көруі соның дәлелі болса керек.

Ұлттық болмыс пен нақышымыздың, ана тілінің қадір-қасиетінің ең мол және құнарлы сақталған әдеби туындылар жөнінде толыққанды ақпарат беруі де басылымның алдына қойған міндеттерінің бірі болып табылады.

Сыр бойы әдебиетінің тарихы мен қазіргі күнге дейінгі қалыптасқан мектебінің өзіне ғана тән ерекшелігін айқындай отырып, олардың көтерген тақырып аясының кеңдігін, ұстанған идеясын жан-жақты талдауға арналған ғылыми жұмыстарға да көп мән беріледі.

Басылымда жарық көрген әрбір туынды оқырманын адамгершілікке үндеп, адам бойында болуға тиіс асыл қасиеттерді уағыздайды, Отанды құрметтеуге, әдебиетті сүюге үндейді.

Аймақта 2012 жылдың наурыз айынан бастап шығатын республикалық әдеби, ғылыми-танымдық «Базар жырау» журналының бас редакторы филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағының мүшесі Бағдат Кәрібозұлы. Журнал үш айда бір рет жарық көріп, 1000 данамен тарайды.

Басылымның мақсаты – Сыр өңірінің тарихы, мәдениеті, өнерінің барлық түрлері, ғылымы туралы зерттеулерді оқырмандарға таныстыру. Сыр жастарының рухани жағынан жарымжан болмай, бай да байсалды болып өсіп-жетілуі септігін тигізу, мемлекеттің беріктілігін насихаттау болып табылады.

«Базар жырау» журналының бетінде жарияланатын мақалалар мен көркемөнер туындылары арқылы оқырмандарымыз туған жер мен елге, мемлекетіміздің қазіргі өмірі мен болашағына деген сенімдерін арттыра түсетіні анық.

Журналдағы «Әдебиеттану» бөлімінде Базар Оңдасұлының шығармалары тұрақты беріледі. Сонымен бірге басылымда «Тілтану», «Өнертану», «Тұлғатану», «Елтану», «Поэзия», «Проза», «Драма», «Ел аузынан» атты бөлімдер де бар.

«Рухани кемелдік – жан-жақты жетілген тұлғаның басты белгісі» дейді журналдың бас редакторы Б.Кәрібозұлы [5]. Әдебиет саласында өзіндік орны бар, «Сырдария кітапханасы» арқылы 200 томдық еңбек шығаруда басшылық

жасаған бас редактордың осы саланың жанашыры екендігі шындық.

Қазақтың тілі мен ділі, ұлттық қалып-қасиеті жайлы, адамгершілік ізгіліктері жайлы тынбай жазуды бастаған «Базар жырау» журналы Сыр өңірінің тарихы мен ұлттық құндылығын, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосатынына сеніміміз мол.

Республикалық әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси, ақпараттық-танымдық «Сырдария» альманахы 2008 жылдың 18 маусымында жарық көрген. Альманах Сыр бойы аймағында тарайды. Бас редакторы: Жақсылық Рахматулла. Көлемі 11 баспа табақ болып шығатын басылымның таралымы 1000 дана.

Журналда «Өзі бір күндік, сөзі мың күндік», «Зерттеу», «Поэзия», «Мәдени мұра», «Эссе» атты айдарлары бар.

«Бұлақ көрсең көзін аш» айдары жөнінде басылымның редакторы Ж. Рахматулла: «... «Бұлақ көрсең көзін аш» жобасы Жазушылар Одағы облыстық филиалы аймақтағы талапкер жастар, оқу орындарындағы студенттер мен мектептегі жоғары сынып оқушыларының шығармашылығына белгілі ақын, жазушылар арқылы демеу көрсетуді мақсат етеді. Өйткені жастар шығармалары басылымдарда өте сирек жарияланады. Жоба негізінде осы мәселелерді іске асыру көзделеді. Жоба жастарды ұлттық әдебиетті сүюге, қазақ тілін қадірлеуге тәрбиелейді. Бойында дарыны, таланты бар балалардың келешекте әдебиет мұхитына құятын бұлақ көзін ашады деп үміттенеміз. Жас ұрпақты елін, жерін сүюге, ұлтжанды болып өсуіне тәрбиелеу – қаламгерлер парызы», – деп пікір білдіріп, әр санында Қызылорда қаласы мен Шиелі, Жалағаш, Сырдария, Жаңақорған аудандарында өткен жастар шығармашылығының байқауында үздік деп танылған өлеңдер мен әңгімелерді жариялап отыратындықтарын хабарлайды [6].

Дегенмен аталмыш басылым соңғы жылдары қаржылық мәселеге байланысты тұрақты шығуын тоқтатты.

Сыр аймағында тағы бір басылым 2011 жылдан бастап жарыққа шыққан республикалық танымдық-тәрбиелік «Жарасымды жанұя» журналы болып табылады. Журналдың бас редакторы: Н.Б. Жарылқасынова. Басылымда журналистер Ә. Бердіқожаева, Ж. Шұғланова, Р. Жоламанова мен Ф. Әбдіраимовалар қызмет атқарады. Журнал айына 1 рет екі тілде, 59 бет көлемінде, 2000 данамен тарайды.

«Жарасымды жанұя» журналын жарыққа шығаудағы біздің мақсатымыз – отбасы, бала тәрбиесін жан-жақты зерттеп, оның кең ауқымда қаралуын, қызықты әрі сұранысқа сай тақырыптардың қатарына қосу» [7], – дейді басылымның бас редакторы Нәзікен Бекмұратқызы Жарылқасынова.

Журнал тың ойлар мен жаңа бағыттар бойынша жауабын таппаған сұрақтарға облыстың психология, заң, медицина, педагогика, т.б. салаларының білікті мамандарымен сұхбаттасып, аймақтағы жаңа белестерді көрсетіп отырады. «Саясат», «Іскер әйел», «Жас отау», «Мектеп», «Бала тәрбиесі», «Тәлім», «Пайдалы кеңестер» рубрикалары арқылы келелі мәселелер қозғайды.

Сонымен бірге журналда «Қонақжай», «Бір шаңырақ астында», «Білім», «Классный час», «Денсаулық», «Ақын әлемі», «Жарасымды жанұя», «Сыр мен шер», «Бөбекжай», «Ана», «Көкөністер энциклопедиясы», «Үкілі үміт», «Деловая женщина», «fashion 2012», «Коммерческое предложение» атты тұрақты айдарлар бар.

2012 жылы журналда «Мектеп – білім бұлағы», «Сыр елі – жыр елі», «Спорт саңлақтары», «Тәрбие – тал бесіктен» атты тұрақты айдарлармен толыққан. Тұрмыс-тіршілігіміздің сан саласын қамтыған өткір де өзекті дүниелер жарыққа шығып тұрады.

Ұлт мақтанышы, ұстаз-ғалым А. Байтұрсыновтың: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген даналық мәйектерінде шынайы шындық бар.

Асыл сөздің сыры мен сипаты, көркемдік-эстетикалық мұраты А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде нақты көрсетілген. Ұстаз-ғалым: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына бейнесіне ұқсату, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, толғау» [8].

Сөз өнері – өмірдің көркем шежіресі, рухани нәрі.

Қазіргі уақытта қазақ әдебиетінің байлығы туралы аз айтылып жүрген жоқ. Осы мәселеге Сыр өңірінде жарық көретін басылымдардың да зор үлесі бар. Аталмыш журналдардағы

жарияланымдар арқылы оқырмандар әдеби мұраларымыздың уақыт өткен сайын ұмытылмай, қайта жаңарып, көркемдігі арта түскендігіне көз жеткізеді.

Әдебиеттер

1 Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 240 б.
2 Ыбырайымұлы М. Халықтық мінез хақында// Абай журналы, 1996. – №2. – 96 б.
3 Көбегенұлы Н. // Әлімсақ журналы, 2009. – сәуір. – №1. – 2 б.
4 Ермағанбетова З. // Тағылым журналы, 2011. – наурыз. – №1(11). – 4 б.
5 Кәрібозов Б. // Базар жырау журналы, 2012. – қаңтар. – №1.
6 Рахматулла Ж. // Сырдария альманахы, 2008. – маусым. – №1. – 42 б.
7 Жарылқасынова Н.Б. // Жарасымды жаңұя, 2010. – сәуір. – №3(14). – 21 б.
8 Байтұрсынов А. Таңдамалы // 2-басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 360 б.

References

1 Kozhakeev T. Zhyl kustary. – Almaty: Kazakstan, 1991. – 240 b.
2 Ybyraimyly M. Khalyktyn minez khakynda// Abaiy zhurnaly, 1996. – №2. – 96 b.
3 Kobegenyly N. Alimsak zhurnaly, 2009. – sauir. – №1/ - 1b.
4 Ermagambetova Z.// Tagulym zhurnaly, 2011. – nauruz. – №1 11. – 4 b.
5 KaribozovB. // Bazar zhyray zhurnaly, 2012. – kantar. – №1.
6 Rakhmatulla Zh. // Syrdariya al,manakhy, 2008. – mausym. – № 1. – 42 b.
7 Zharylkasynova N.B. // Zharasymdy zhanya, 2010. – sauir. – №3(14). – 21 b.
8 Baityrsynov A. Tandamaly// 2-basylym. – Almaty: Zhazyshy, 1985/-360 b.

ӘОЖ 821.512.122.09+821.512.161.09

П. Берікболова

Сүлеймен Демирел атындағы университет, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: semey1992@mail.ru

Алып Ер Тоңға жоқтауы туралы жазба дерек көздерінің маңыздылығы

Бұл мақалада Мақмұт Қашқаридың Диван Лұғат-ит Түрік атты шығармасында алғашқы сақ билеушісі Афрасиаб туралы берілген мағлұматтардың маңыздылығы айтылған. Бұл шығарма – тек қана сөздік емес, сонымен бірге өте маңызды дерек көздерінің бірі. Ежелгі дәуір әдебиеті жайлы көптеген қытай, парсы, араб деректерінің жанында бұл деректің түркі тілінде жазылғандығы да өте маңызды. Сақ билеушісі Афрасиабтың осы шығармада алғаш рет Алып Ер Тоңға екендігі айтылады.
Түйін сөздер: сақ, сөздік, тоңа, Афрасиаб, билеуші.

P. Berikbolova

Value of written sources about crying across Alyp Er Tonga (Saksky governor Afrasiyab)

This article discusses the importance of the work of Makmut Kashgari "Divan Lugat at-Turk" which is the first manuscript about famous ruler of Saks' under the name of Afrasyab.
The article explores the importance of the work of Mahmud Kashgari "Divan Lugat at-Turk" which is one of the first references to the famous ruler of Saks' Afrasiab. Also this work is not only a dictionary but also an important source of ancient Turkic literature. Multiple sources of ancient Turkic literature in Chinese, in Fars, in Arabic languages. Sofa Lugati-at Turk is considered as one of the first source in ancient language. At first time inside the work it was written that Sak's ruler Afrasiyab is Alp Er Tonga who is known as famous Turkish hero and ruler.
Keywords*:* Sacs, a dictionary, Afrasiyab, the ruler.

П. Берикболова

Значение письменных источников о плаче по Алып Ер Тонга (Сакский правитель Афрасиаб)

Статья исследует важность произведения Махмуда Кашкари «Диван Лугат-ат Тюрк», которое является одним из первых литературных источников об известном правителе саков Афрасиаба. Это произведение является не только словарем, но и важным источником древнетюркской литературы. Имеются многочисленные источники древнетюркской литературы на китайском, персидском, арабском языках. «Диван Лугат-ат Тюрк» – первый источник на древнетюркском языке. В этом произведении впервые было отмечено, что сакским правителем Афрасиаб является «Алып Ер Тонга» – знаменитый тюркский герой и правитель.
Ключевые слова: саки, словарь, Афрасиаб, правитель.

Махмұт Қашқаридың Диван Лұғат ат- Түрік атты шығармасына тек қана сөздік немесе оқулық ретінде қарауға болмайды. Бұл теңдесі жоқ шығарма түрік халықтары үшін XI ғасыр және одан бұрынғы кезеңдердің тарихи және әдеби дерек көзі болып табылады. Тіпті, тарихта сақтар туралы жазылған алғашқы дерек көзі де осы Диван Лұғат ат-Түрік болып есептеледі. Тарих пен әдебиет бір-бірін толықтырып отырады.

Өйткені тарих әдебиетті тудырады. Ал әдебиет болса, тарихтың рухы іспеттес. Сол себепті тарих арқылы халықтар өздерінің түптамырын тануға мүмкіндік алады. Ал әдебиет арқылы өзінің тарихи рухына көз жүгірте алады. Сондықтан да тарих пен әдебиетті бір-бірінен бөле жара қарастыруға болмайды [1,6].

Сақтардың екі дастаны бар, олар – Алып Ер Тоңға және Шу дастандары. Шу дастаны туралы ғалымдар Диван Лұғат ат-Түрікте «түрікмен» және «қолаш» сөздерінің түсінігін беру кезінде айтылған әңгімелердің дастанның бір бөлігі болуы мүмкін деген пікірге тоқтайды. Бұл жерде

ұлы Ескендір немесе одан бұрын өмір сүрген Арияни (Aryani) корольінің шығысқа жасаған жорығында сақтармен олардың ханы Шудың оқиғасы айтылады [2,96].

Тарихтағы ең ескі түрік дастаны, түріктердің ең алғашқы мемлекеті сақтардың дәуірінен қалған Алып Ер Тоңға және Шу дастандары болып табылады. Шахнамада Афрасиаб атымен аталған Алып Ер Тоңға – орта Тяньшаньда құрылып, б.з.б. IV ғасырға дейін билік құрған Сақ мемлекетінің билеушісі. Бір халықтың басқа бір халықтың қаһарманына өз дастанында орын беруі үшін, ол қаһарманның шынымен-ақ ұлы болуы керек. Диван Лұғат-ат Түрікте осы дастанның кейбір шумақтары, Шахнама мен Құтты Білікте де осы дастан туралы мағлұматтар бар [2, 202-205].

Алып Ер Тоңға дастанына қатысты алғашқы мағлұматты Қашқарлы Махмұт берген. Диуану лұғат-ат-түркте «қаз» деген кісі атауын түсіндіргенде мұның «Афрасиабтың қызы екендігін, Қаздың әкесі Алып Ер Тоңғаның Афрасиаб деген атпен танылғанын айтады». «Тоңға» сөзі туралы «Тоңа: жолбарыс тектес бір аң. Ол пілден күшті. Бұл сөздің түпкі мағынасы сол. Әйтсе де, бұл сөз түріктерде әуелгі мағынасы өзгерген күйде қолданылады. Бұл сөз көбінесе адамдарға лақап орнында айтылады. Мысалы: Тоңахан, Тоңа Тегін, тағы сондайлар секілді. Түріктердің ұлы ханы Афрасиабты Тоңа Алып ер деп атаған. Жолбарыс секілді күшті, қайратты, батыр адам дегендегісі» [3, 493], – дейді. Осылайша, Диван Лұғат-ат-Түрікте Афрасиаб деген атпен аталған Туран билеушісінің Алып Ер Тоңға екендігі айтылады. «Хан – түріктердің ең үлкен басқарушысы. Афрасиабтың балаларына да хан дейді. Афрасиабты хақан дейді. Оның бұл атпен аталуы хақында ұзақ хикая бар», – деп қосады[3,218].

Бұл дастан Исламиеттен бұрынғы VII ғасырда ирандықтармен соғысқан сақтардың патшасы Алып Ер Тоңғаның (исламиеттен бұрын 624) басынан өткендер туралы болуы мүмкін. Қашқарлы Махмұттың Диван Лұғат ат-түрік атты шығармасында Алып Ер Тоңғаға айтылған жоқтау бар. Парсы ақыны Фирдоусидің Шахнамасында Алып Ер Тоңға Афрасиаб деп аталады [4,98]. Асур деректерінде «Мадува», Геродотта «Мадиес» деп аталады [5,1-10]. Алып Ер Тоңға түрік тарихындағы алғашқы қаһарман.

Б.з.б. VII ғасырда болған Түрік-Иран соғысына аты жер жарған билеуші ирандықтарды бірнеше дүркін жеңіліске ұшыратып, соңында иран патшасы тарапынан өлтірілген. Оның өлімінен кейін Сақ мемлекеті бұрынғы күшінен айырыла бастаған. Осы қаһарман туралы айтылған дастан күнімізге дейін жетпеген. Тек қана Иран тарихында Афрасиаб деген атпен қалған. Түрік халқының жүрегінен орын тапқан билеушінің аты Диван Лұғат ат-түрікте жиі-жиі кездеседі [6,14].

Мысал үшін алып қарайтын болсақ, Қатұн: қатын, ханым. Афрасиабтың қыздарына лайықталған атау, есім [7,470]. Шарұқ: шарұқ. Түрік тайпасының атауы. Олар Баршұқ қаласын мекендейді. «Баршұқ» – Афрасиаб қалаларының бірі. Бұхты Нессердің ұлы Берзенді Афрасиаб осы қалаға қамаған [7,438-439]. Тегін: ... Бұл атты келе-келе Афрасиаб ұлдарына көшкеніне келсек... [7,474]. Баршұқ: Афрасиаб салдырған бір шахар. Ол Бухту Нассар ұлы Байзанды сонда қамаған [7,526]. Қаз: Афрасиабтың қызының аты. (Осы сөзді талдағанда Афрасиабтың Тоңа Алып Ер екендігін айтады.) [3,208-209]. Казсувы – Іле өзеніне құятын үлкен бір өзеннің аталуы. Олай аталуының себебі: Афрасиабтың қызы оның бойында қала салдырған [3,210]. Хан: түріктердің ең үлкен басқарушысы. Афрасиабтың балаларына да хан дейді. Афрасиабты хақан дейді. Оның бұл атпен аталуы хақында ұзақ хикая бар [3,218]. Тоңа: жолбарыс тектес бір аң. Ол пілден күшті. Бұл сөздің түпкі мағынасы сол. Әйтсе де, бұл сөз түрктерде әуелгі мағнасы өзгерген күйде қолданылады. Бұл сөз көбінесе адамдарға лақап орнында айтылады. Мысалы: Тоңахан, Тоңа Тегін, тағы сондайлар секілді. Түрктердің ұлы ханы Афрасиабты Тоңа Алп ер деп атаған. Жолбарыс секілді күшті, қайратты, батыр адам дегендегісі [3,493]. Иұңұ – Барман қалашығына ағатын үлкен дарияның атауы. Бұл қалашықты Афрасиабтың ұлы сол дарияның жағасына салған. Барман сол қалашықты салған адамның есімі еді. Қалашық соның атымен аталған.... [3,494]. Барған: Афрасиабтың ұлының есімі. ..... [3,555]. Бұл деректердің барлығы Афрасиабтың тек дастан қаһарманы ғана емес тарихи тұлға екендігін көрсетеді.

Афрасиаб есімі иран тілінің үш кезеңінде бірінші мыңжылдықта эвеста тілі, екінші мыңжылдығында пәхлеви тілі, 10 ғасырдан басталатын үшінші кезеңінде парсы дәри тілі түрлі фонетикалық ерекшелігімен жазылып жүрді.

Мәселен, «Авеста» кітабында Франграсиан (Frangrasyan), Пәһлеви жазбаларында Фрасиак, Фрасиаб деп жазылса, Әбілқасым Фирдауси (940-1030) «Шахнамесінде» Афрасиаб түрінде жазылғанын көреміз. Афрасиаб сөзінің лексикалық мағынасын ғалым Юсти: «Үрей тудыратын адам» деп берген. Ирандықтар Тұран патшасын ең мықты палуан әрі ұлы қолбасшы кейпінде тани отырып, оны Афрасиаб атымен атаған өздері болған [1,25-26].

Түрік халықтарының өмір сүріп, салтанат құрған ежелгі аумағын «Тұран» деп атап жазған да осы Авеста. Сол дәуірдегі Тұранды басқарып, иран еліне жорық жасаған, иранды жеңіп сонда билік еткен Тұран патшасы Афрасиаб есімімен де аталғанын кітаптан кездестіреміз. Мәселен, «Авестаның» мәтіндерінде Афрасиаб (2 рет), тұрандық Афрасиаб (1 рет), жауыз Афрасиаб (1 рет), тұрандық жауыз Афрасиаб (4 рет), аса қайратты Афрасиаб (5 рет) жазылған [1,25].

Алып Ер Тоңғаның өліміне айтылған жоқтау халық арасында ауыздан ауызға тарап Қашқарлы Махмұттың шығармасына мысал ретінде кірген. Алып Ер Тоңғаға ирандықтардың Афрасиаб дегендіктерін Құтты Біліктегі мына жолдардан да аңғарамыз.

Назар салсаң, бұл түріктің бектері,
Жаһанның әз бектері, асыл тектері.

Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Тоңға Ер еді, құты тасыған.

Білімі – даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы әрі халық ағасф.

Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған елге тұтқа ел еді!
Тәжіктер оны Афрасиаб деп атаған.
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.

Қажет білсең білім, ақыл даналық,
Қолға алуға дүниені қаратып.

Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,
Кітапта жоқ болса, кімдер мұны түсінген!? [8,101-102].

Бұл жерде Баласағұн өте орынды пікір білдірген. Ол тәжіктердің оны Афрасиаб деп атағандығын және тәжіктердің мұны хатқа түсіргендігін өте орынды айтқан.

Біздің заманымызға дейін келіп жеткен тарихи деректер оның «ажун бегі», яғни әлем императоры болғандығын көрсетеді. Алып Ер Тоңға б.з.б VII ғасырда Түрік Иран соғысында талай жеңіске жетіп, атағы жер жарған, Сақтар оның арқасында тарихтағы алтын дәуірін кешкен. Иран патшасы Кейхұсрап оны айламен өлтіргеннен кейін Сақтар өздерінің ескі күштерін жоғалта бастаған. Соған қарамастан б.з.б. IV ғасырға дейін өздерінің биліктерін жалғастырғандығы туралы Қытай және Иран деректерінен көруге болады [9,33].

Қарап тұрсаңыз Баласағұнда ол үшін:
Назар салсаң, бұл түріктің бектері,
Жаһанның әз бектері, асыл тектері, –

дейді, яғни оның немесе түрік бектерінің жаһанның билеушісі екендігін көреміз. Әлемді билеу түсінігі барлық түрік билеушілеріне тән түсінік.

Қашқарлы Махмұт пен Жүсіп Баласағұн ең мықты қаһарман ретінде Алып Ер Тоңғаны жазғандарына қарағанда X-XI ғасырларда Алып Ер Тоңға дастаны кеңінен тараған және танымал болғандығын байқаймыз. Екеуінің де бір-бірінен хабарсыз Алып Ер Тоңғаны Иран дастанындағы Туран қаһарманы Афрасиаб деп атағандары кездейсоқтық емес. Ирандықтар Афрасиабтың інісі Барысхан тарапынан өлтірілген Иран ханзадасы Сияуш үшін ғасырлар бойы жылдың белгілі күндерінде қаза тұтса, түріктер Анадолы мен әзірбайжанда ирандықтар тарапынан өлтірілген Алып Ер Тоңғаға жоқтау айтқан [10, 506].

Алып Ер Тоңғаны жоқтау

Алып Ер Тоңға өлді ме?
Опасыз дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар....

Бектер атын болдырып,
Қайғы оларды солдырып,
Меңді жүзі сарғайып,
Запыран рең сүртілер.

Бөрідей жұрт ұлысып,
Айғаймен жаға жыртысып,
Өкірген үнін өшіртіп,
Жылаған көзден жас өрер.

Көңілім ішті жандырды,
Жазылған жара жаңғырды,
Кешкен күндер көзге ұрды,
Үн-түн демей ізделер.

Тағдыр кезін келтірді,
Ұры тұзағын ілдірді,
Бектердің бегін ап кетті,
Қашса қалай құтылар.

Тағдырдың күнін тербетер,
Ұры тұзағын ілдірді,
Бектердің бегін ап кетті,
Қашса қалай құтылар.

Тағдырдың күнін тербетер,
Пенденің күшін меңдетер,
Пәниді жұрттан тазартар,
Қашсаң тағы артылар.

Тербетер салты мұндай-ақ,
Бұдан да басқа сыр көп-ақ,
Заман атса кезеп-ақ,
Таулардың басы күйрелер.

Оғын атса дәл кезеп,
Кім тоқтатар көлбеу кеп,
Тауды атса көздеп кеп,
Шың шатқалы қарқырар.

Замана түгел күйреді,
Білімді, жақсы сиреді,
Жаман-жәутік түптеді,
Ізгі бектер шертілер.

Білімді батыр жүнжіді,
Замана аты жаншыды,
Ізгілер тәні жидіді,
Жерге тиіп сүртілер [11,9-10].

«Диван» – сөздік қана емес, ол сонымен бірге 11 ғасырдағы Орта Азия тайпалары жайлаған өлке халықтарының тприхы мен сол халықтардың әдебиеті туралы көптеген мәлімет берерлік маңызды дерек. Әсіресе мұнда халық ауыз әдебиетінің алатын орны өзгеше [12,30].

Махмұт Қашқаридың Диван Лұғат ат- Түрік атты шығармасы ғасырлар өтсе барлық түркі халықтары үшін маңызды дерек көзі, таусылмас қазына болып қала бермек.

Әдебиеттер

1 Жеменей И. Қос Өзен: Қанаттас түркі, парсы ақындары: Павлодар, «Brand Print» баспасы, 2010. – б.
2 Казым Йетіш «Дастан» Ислам инцеклопедиясы, 9-том, ТДВ баспасы, Анкара,1986. – 96 бет
3 Қашқари М., Түрік сөздігі. Үшінші том. – Алматы: «Хант» баспасы. – 1997. – 493 бет
4 “Destan” Büyük Larousse Sözlük ve Ansiklopedısı, s. 98.
5 Umay Günay, Türk destanları, s1-10.
6 Nihat Sami Banarlı, Tüek edebiyatının tarihi, s14.
7 Қашқари М., Түрік сөздігі. Бірінші том. – Алматы: «Хант» баспасы, 1997. – 470 бет.
8 Баласағұн Ж. Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ, 2003. – 101-102 бет.
9 Togan Zeki Velidi. Umumi Türk Tarihine Giriş. İstanbul, 1946. 33 s.
10 Zeki Velidi Togan, “Türk Destanının Tasnifi”, Türkler, Cilt III, Ankara 2002. – S. 506.
11 Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. 2- том. – Алматы: Өнер, 2008. – 9-10 б.
12 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1967. – 30 б.

References

1 Zhemeney. I. Kos Ozen: Kanattas turki-parsi akindari: Pavlodar, «Brand Print» baspası, 2010. – 6 b.
2 Kazım Yetıs, «Dastan» Islam İmsıklopedyası, 9-tom, «TDB» baspası, Ankara, 1986,9 b.
3 Kashkari Mahmud, Turik Sozdıgı, 3-tom, Almatı «Hant» baspası. – 1997, 493 b.
4 “Destan” Büyük Larousse Sözlük ve Ansiklopedısı, s. 98.
5 Umay Günay, Türk destanları, s1-10.
6 Nihat Sami Banarlı, Tüek edebiyatının tarihi, s. 14.
7 Kashkari Mahmud, Turik Sozdıgı, 1-tom, Almatı «Hant» baspası. – 1997, 470 b.
8 Balasagun Zh. Pavlodar: «EKO» GOF, 2003. – 101-102 b.
9 Togan Zeki Velidi. Umumi Türk Tarihine Giriş. İstanbul, 1946. 33 s.
10 Zeki Velidi Togan, “Türk Destanının Tasnifi”, Türkler, Cilt III, Ankara 2002. – S.506.
11 Kıraubayeva.A. Ezhelgi Adebiet. 5 tomdık shıgarmalar zhınagı. 2-tom. – Almatı: Oner, 2008. – 9-10 b.
12Suınshalıey H. Kazak Adebıyetinin kalıptasu kezenderi. – Almatı: Kazakstan basпası, 1967. – 30 b.

ӘОЖ 070.23(1-21):070,43/44

З.Н. Ермағанбетова, А.Қ.Оразова

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.
E-mail: zuhra_9195@mail.ru

«Айқын» газеті: айдарлары, тақырып және проблема

Автор мақаласында тәуелсіз еліміздің ақпарат кеңістігінде өзіндік орны бар «Айқын» газетінің ерекшеліктері, ақпарат берудегі әдіс-тәсілдері жайында сөз етеді. Қазақ тілді күнделікті шығатын басылымдар саусақпен санарлық. Солардың бірі – «Айқын» газетінде көтерілетін проблемалар мен тақырып мәселесі және айдарлар атауы жан-жақты талданады. Басылымға тән ерекшелік журналистердің еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер мен жетістіктерді және кемшіліктерді ешқандай бұрмаламастан анық-қанық қалпында жеткізуі екендігі жайында тұжырым жасалады. Қарапайым халықтың мұң-мұқтажын шешуде билікке ықпал ете алатын бірден-бір басылым екендігі мақалада нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Айдарлар аясында жарық көрген жарияланымдар тақырыбы мен қозғалған проблеманың мазмұны мен сипатына, журналистер шеберлігіне баға беріледі. Публицистикадағы тақырып пен проблемаға қатысты зерттеуші ғалымдар пікірлері орайлы қолданылады.

Түйін сөздер: қазақ баспасөзі, публицистика жанрлары, талдамалы корреспонденция, сыни мақала, айдарлар атауы, тақырып және проблема, журналистік шеберлік.

Z.N. Ermagambetova, A.K. Orazova

Rubries of the newspaper «aikyn»: topic and problem

The author analyses thematics and problems of the materials, published in rubrics of the republical social-political newspaper ‘’Aikyn’’.
The article deals with the ways of solving problema, arisen in the newspaper. The author reveals specifie peanliarities of the mentioned newspaper. The author reveals specifie peanliarities of the mentioned newspaper.

Key words: Kazakhstany press, newspaper «Aikin», genre of writing on current affairs, analectic correspondence, critical materials, subject-matter and problem, the title of rubric.

З.Н. Ермаганбетова, А.К. Оразова

Газета «Айкын»: рубрики, тематика и проблема

В статье автор анализирует тематику и проблемы материалов, опубликованных в рубриках республиканской общественно-политической газеты «Айкын». В статье предлагаются пути решения проблем, поднимаемых в газете. Автор выявляет специфические особенности названной газеты.

Ключевые слова: периодическая печать, жанры публицистики, аналитическая корреспонденция, названия рубрик, тематика и проблема, журналистское мастерство.

Қазақ баспасөзі тәуелсіздік жылдарында жаңаша дамудың кезеңдерінен өтіп, оң-солын таныды, тәжірибе жинақтады. Қазіргі таңда журналистер тарихи ақиқатты тануда, қоғамдық позицияны таңдауда айтарлықтай көп ілгері қадам басты, кәсіби қабілеттері артты, білім деңгейлері өсті, таным көкжиектері кеңейді. Міне, тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген «Айқын» газетінің журналистері де ақиқатты айтуда ешкімге жалтақтамай, оқырманды ақпаратпен қамтамасыз етуде ақ қағазға адалдық танытып, кәсіби қабілеттерін арттырып келеді деп айта аламыз.

«Қазіргі журналистика біршама жалтақтамайтын, танымын тура айта алатын мінез тапты. Қуанарлығы – бірінің жасқаншақтап не өресі жетпей айта алмағанын, екіншісі айта алатын дәрежеге жеткен»[1, 12 б.], – деген ғалым

Н. Омашевтің пікірімен толық келісеміз. Бұл «Айқын» газетінің журналистеріне де қатысты.

Газеттің өзге басылымдармен салыстырғандағы өзгешеліктері айтарлықтай. Айдарлары, тақырыптары, мәселе көтеру мен шешімін табудағы ізденістері көңіл қуантарлық. Мәселен, «Анық-қанық», «Сөзбе-сөз», «Бағыт пен бағдар», «Ғалам және ғарыш», «Мемлекет және мүдде», «Тұрмыс пен қылмыс», «Жарыс пен табыс», «Дерек пен дәйек», «Үміт пен күдік», «Сезім мен төзім», «Баға және базар», «Тіл мен діл», «Талап пен тәртіп», «Не боп кетті өзі?», «Сұмдық-ай!», «Ал, ендеше...», «Жетпегені осы еді?», «Осы ғой енді...» айдарларының атаулары оқырманды елең еткізерліктей, оқуға еріксіз мәжбүр ететіндей етіп құрылған. Бұл айдарларда дербес заметкалар және айтары мол шағын талдамалы корреспонденциялар, сыни мақала формасында жазылған шығармалар беріледі. Оларда айтылатын ойлардың, қозғалатын проблемалардың қоғамдық маңызы зор.

Енді осы айдарлар аясында жарық көрген мәселенің мәнісін тез ашып, қоғамдағы оқиға, құбылысқа жедел түрде үн қатқан материалдар тақырыбы мен проблемасына тоқталайық. Газеттің «Осы ғой енді» айдарында келеңсіз жайттар, орын алған кемшіліктер мен жағымсыз фактілер сыналады. «Зейнеткерлердің ақшасын жеген жемқорлар» атты корреспонденция осы айдар аясында берілген. Журналист Қайыржан Төрежанның мәлімдеуінше, қаржы полициясының Алматы қалалық департаменті Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Бостандық ауданындағы бөлімшесінде 2000-2005 жылдар аралығында маман болып істеген Г. Жантілекова, Г. Смағұлова, Г. Қасымбекова деген мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік меншікке, басқару жүйесіне қарсы ұйымдасқан қылмыс жасаған. Бұлар әлеуметтік жәрдемақы алатындардың санатына жатпайтын адамдарды электрондық базадағы тізімге енгізіп, солардың есепшотына зейнетақы, әлеуметтік жәрдемақының ақшасын аударып, бөліске салып отырған. Ұйымдасқан жемқор топтың мемлекеттік бюджеттен ұрлаған ақшасы 26 451 370,5 теңгені құраған [2]. Нақты фактілер мен деректерге құрылған бұл материал оқырманды бей-жай қалдырмайды.Тақырып айтылатын ойдың мазмұнын ашып тұр.

Ал Ұ. Райымбекұлының «Оңтүстікте ұстаздар ұятқа қалдырып жүр» атты мақаласында осы аймақтағы білім саласындағы жемқорлық әшкереленеді [3]. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сыбайластығы үшін жемқорлыққа тартылған 160 тұлғаның 130-ы білім беру мекемесінің қызметкері екендігі анықталған. Автор нақты мысалдар келтіре отырып, политехникалық колледждің басқарушысы бұрын есепші болып қызмет атқарғандығын, білім беру саласындағы өзге де былықтардың бетін ашады.

Журналист Қуандық Оразбекұлы газеттің Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі. Осы өңірдегі жаңалықтар журналистің өткір тілі, бұлтартпас деректері, нақты мысалдары негізінде оқырманға түсінікті әрі қызықты баяндалады. Аталмыш журналистің «Тергеу абақтысына 45-ші директор отырды» заметкасында облыс бойынша білім саласы қызметкерлерінің үстінен 103 қылмыстық іс қозғалғанын, соның 45-і мектеп директорының үстінен көтерілген іс екендігі айтылады. Заметканың соңы: «Директорлар, негізінен, жұмысқа қабылданғаны, жүктеме берген кезде сағатты көбірек бергені үшін ұстаздар қауымынан, яғни өз әріптестерінен пара аламыз деп отқа түскен көбелектей тергеу абақтысына қарай жөнелтіліп жатыр» [4], – деп аяқталған. Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі саналатын жең ұшынан жалғасқан сыбайластардың әр аймақтың мемлекеттік мекемелерінде кездесетіні шындық. Осы тақырыпты журналист дер кезінде көтере білген.

«Публицистикадағы тақырып пен проблема бір-бірімен тығыз байланысты. Кейде тақырыптың өзінен проблема көрініс береді. Проблема бір ғана фактімен шектелмейді, онда бірнеше фактілер жүйесі көрсетіледі. Сан алуан шешімін таппаған мәселелер тақырыпқа өзек болды. Әрі өмірден орын алып отырған проблемалар тек айтылып, хабарланып қана қойған жоқ, ол терең талданды, сол түйіткілді шешудің жолдары іздестіріледі» [5, 381б.], – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Жақып.

Баспасөз ел өмірінің қай саласын болсын қамтуы керек. Мерзімді баспасөз назарына ілікпеген, не тым аз қамтылған тақырып елеусізденіп, ескерусіз бола бастайды. Соның ішінде тіл, мемлекеттік тіл тақырыбы біз үшін айрықша маңызды іс болып отырғаны белгілі. Мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің өз

ішкі, яғни таза лингвистикалық күрделі жайлары бір басқа да, оның өз мәртебесіне сай қолданыста болу мәселесі – бір басқа. Қазіргі таңдағы ең маңыздысы – мемлекеттік тілдің республикалық өреде барлық саланы қамтып, кең қолданысқа енуі, әсіресе мемлекеттік қызметте күнделікті қолданыста болуы.

Осы орайда, тіл тақырыбы «Мінбер», «Басқосу», «Байқау», «Талқы», «Ойсалар», «Қыжыл», «Жиын», «Көкейкесті», «Руханият», «Мәселе», «Көзқарас», «Түйткіл», «Бәрекелді!», «Айтайын дегенім…», «Жаназық» айдарларында көтеріледі. Газеттің 2010 жылғы 77 және 205 сандары аралығында осы айдарларда тілге қатысты бірқатар келелі мәселелер сөз болған.

Атап айтар болсақ, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Әлеуметтік тіл білімі орталығының меңгерушісі Н. Наржанның «Тілді меңгеру марапатқа негізделмеуі тиіс», Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменовтің «Біз үшін бәрінен де Тәуелсіздіктің шын мәнін түсіну маңызды», Жолдасбек Дуанабайдың «Тест тапсырушыларға тіл білуді де міндеттесе…» (кадр іріктеуде), Сайын Шаймерденнің «Қызылжар дей алмасақ, қалаға Абылайдың атын беру керек», «Халық сөзі» газетінің бас редакторы Қуат Әуесбайдың «Астананы әлі де қазақыландыру қажет», павлодарлық Бейбіт Бөженнің «Мемлекеттік тілді «мүгедек» етіп…», қарағандылық Қамбар Ахметовтің «Лениннің атында 16 көше бар, ал Әлихан Бөкейхановқа бір көше бұйырмай тұр», атыраулық Т. Қалымовтың «Тілмәштар институтын тарату керек», Қайыржан Төрежанның «Мемлекеттік тілді дамытудың бір әдісі», Әйгерім Бақытқызының «Бағалаушылар мемлекеттік тілді місе тұтпайды», Кәмшат Тасболаттың «Балабақша қашан 100 пайыз қазақша сөйлейді?» атты және басқа да мақалалар мемлекеттік тілдің уақыт алға тартып отырған келелі мәселелерін көтерген. Мұндағы мақалалар, авторлар пікірлері нақтылықтарымен, тілдің күн тәртібінде тұрған өзекті жайларын алға тартуларымен ерекшеленеді.

«Қыжыл» айдарында «Қазақ тілі қашан зәру болады?» деген тақырыппен М. Арыновтың корреспонденциясы берілген. Авторды қазақ тілінің мәртебесін қайткенде көтереміз деген сауал мазалайды. Шетел тәжірибесін саралай келе: «Америкаға барып жұмыс істеймін деушілер үгіт-насихатсыз-ақ ағылшын тілін шұғыл үйренуге әрекет жасайды. Тіл білмесе жұмыс жоқтығын біледі. Мәселен, Ресей, Украина, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерінде осындай жағдай. Алайда өз мәртебесін алған мемлекеттік тіл ендігі өзге елдер сияқты тіл бөгетін қолданса, сол күннен бастап тіліміздің мәртебесі биіктеп, ең керекті зәру тілге айнала бастайды»,- деп түйіндейді автор өз ойын. Алайда бұл мәселе әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ.

«Жағымды жаңалық» айдарымен «Голливуд әртісі Семей балаларына көмектеспек» атты жағымды заметкада Семей өңірінде бірнеше рет болып қайтқан голливудтық актриса Кимберли Джозефтің Америкадан арнайы дәрігер әкеліп, Семей ядролық полигон зардабынан ауруға шалдыққан балаларға операция жасатуға уәде бергендігі жайында жазылған. Бұған дейін ол Семей өңірінде фотосурет көрмесін ұйымдастырып, деректі фильм түсіріп, 25000 АҚШ доллары көлемінде қаржылай көмек көрсеткен //Айқын. – 2008. – 28 қараша. Әрине, бұл ақпарат оқырманға қуаныш сыйлайды. Себебі бүгінгідей алмағайып заманда Америка әртісінің Қазақстанның шалғай ауылына көмек қолын созуы екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Бұл ретте Голливуд әртісіне риза болмасқа амалың жоқ.

Газетте сәтсіз қойылған айдарлар да жоқ емес. Мысалы, еліміздің батыс және орталық әрі шығыс бөлігін жалғастырып отырған Қостанай транзиттік теміржол бөлімшесінің жұмысы жайында жазылған «Жұмысы жемісті бөлімше» деген мақалаға «Вагон жөндеу» деген айдар қойылған.

Шақпа тілді журналист Жолдасбек Дуанабайдың «Мұздай болып келіп, қыздай болып кетті» немесе Мәсімов макетке неге қызығып жүр?» [6] атты заметкасы: «Мұздай киінген Мәсімовті жергілікті билік өкілдері аядай бөлмеде аз уақытқа ғана бөгесе де, көңілден шығатын көптеген мәліметтермен демеп жіберді» деп басталады.

Әрі қарай оқырман ол қандай мәліметтер екен деп қызыға оқиды. Сөйтсе, алдағы уақытта жасалатын жұмыс барысын қағаз жүзінде асығыс тыңдаған басшы әрекеті жайында баяндалады екен. Заметканың соңы: «Несін айтасыз, әзірше ауызша әңгімелер жүріп жатқан құрылыс төңірегіндегі түйткілдерді мұздай болып киінген Мәсімов қыздай болып тыңдап кетті. Сонда Астанадан арнайы ат сабылтып келген премьердің бұл асығыс жүрісі не жүріс?!» деген сауалмен аяқталады.

«Сенген серкем» айдарымен «Бүркітбаевтың бүлдіргені көп сияқты...» атты мақала берілген. Авторы Кәмшат Сатиева. Тілші бұрынғы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының төрағасы Серік Бүркітбаевтың қамауға алынғандығын айтады. Бірақ оның себеп-салдары әлі белгісіз. Журналист Бүркітбаевтың неге қамауға алынғанын зерттегеннен гөрі, оқырманға оның кім, қандай адам болғандығы туралы ақпарат бергенді жөн санайды //Айқын. – 2008. – 8 тамыз. Бүркітбаев не бүлдіріпті деген сауал оқырманды оқуға жетелейді.

«Не десек екен?» айдарында «27 ауыл бос қалды, ал 116 ауыл қараңғылық құшағында отыр» деген тақырыппен корреспонденция берілген. Мұнда журналист: «Бүгінде елімізде 7093 ауыл бар екен. Сол ауылдардың проблемалары жетерлік. Ауызсу жетпеген, телефон тартылмаған. Тіпті, әлі күнге тас қараңғылық құшағында отырған 116 ауыл бар», – деп нақты сандық көрсеткіштерді пайдалана отырып, «Қазақ ауылдарының жай-күйін осыдан-ақ пайымдай беріңіз», – деп ой тастайды.

«Мәселе» айдарындағы «Сектанттар аймақтағы елді жайлап барады» деген проблемалық мақаланың авторын тәуелсіз ел жастарының болашағы ойлантады. Мұнда автор Оңтүстік Қазақстан облысында етек алған діни ұйымдар жайында әңгімелейді. Көптеген діни бірлестіктер астыртын жұмыс жасайды. Әділет мекемелерінде тіркеуден өткен діни миссияларын олар көбіне «қайырымдылық», «гуманитарлық» деген сарындағы сөздермен жасырады. Ал шындығында олар өзге мемлекеттерде діни секта, кейде, тіпті, қауіпті ұйымдар деп танылатындығына мысалдар келтіреді. Жастардың көпшілігі адасып, саналары уланып басқа дінге кіруде. Осының әсерінен шырқы бұзылған отбасылар қаншама? Демек, бұл тақырыптың газет бетінен көрініс табуы орынды.

«Бір отбасының төрт баласы төрт сектада...» атты мақалада осы тақырыппен мазмұндас. Авторы Е. Қалымбайұлы. «Сырттан бізді ешқандай жау келіп алмайтыны белгілі. «Ендігі қауіп қай жақтан?» дегенде санаға бүгінгі күні еліміздегі шиеленіскен діни ахуал сарт ете түседі. Бітеу жара... Әзірше жасырып, жауып бағудамыз. Бірақ соңы қорқынышты...», – деп басталады бұл мақала. Кеңестік дәуір құрсағынан тіліміз шұбар, дініміз пәс болып шықтық. Бір отбасындағы төрт баланың бірігіп ас ішпеуі қасірет емес пе? Бұл – мемлекеттің, ұлттың тұтастығына төнген қауіп екені рас. Журналист ел арасында кең етек алып бара жатқан мәселені қозғай отырып, оқырманға ой тастайды, жат ағымдардың жетегіне еріп кетпеуден сақтандырады.

«Ұшқырлық, тездік. Батылдық, қандай да проблеманы ашық жазу, астарына үңілуге ұмтылу журналистикамыздың жаңа сипаттары деуге саяды»[1, 144 б.] десек, «Айқын» газеті ақпарат таратуда жедел әрі ұшқырлық танытып, өзекті тақырыптарды батыл жазуда үлгі көрсетіп келеді.

Бұл ретте газет бетінде көтерілген проблеманың аяқсыз қалмайтынын айта кету керек. Оның мысалын «Айқынның» кезекті сандарында жарық көрген «Айқын» жазды, Алланың шапағаты тиді», «Айқын» жазды, 130-ға келген қарияға әкім үй берді» деген хабарлардан көруге болады. Мәселен, Қарлығаш Зарыққанқызының «Айқын» жазды, Алланың шапағаты тиді» деген заметкасында жеті баламен дүңгіршекте тұрып жатқан Тұрсынхан Дүйшенәлиеваның Ақсай-3 ықшам ауданынан екі бөлмелі пәтерге ие болғандығы туралы жазылған.

Газеттің алдыңғы сандарында кейіпкердің адам төзгісіз тірлігі жайында, жергілікті әкімқарарлардың Тұрсынханға барып, халін сұрап жәрдем берудің орнына «дүңгіршекті тұрған жерінен алып тастап, жеті баланы анасымен уақытша жатақханаға шығару керек» деп дігір салғаны туралы жазған болатын. Міне, «Айқынның» қозғау салуының нәтижесінде қазақтың бір отбасысы баспаналы болды.

Сонымен бірге «Айқын» жазды, 130-ға келген қарияға әкім үй берді» деген ақпарат әлемдегі ең қарт адам – 130-ға келген қарағандылық Сахан Досоваға қаланың «Көгілдір тоғандар» ауданынан екі бөлмелі пәтер берілгендігі жайында жазылған. Әрине, жергілікті биліктің мұндай мырзалыққа оңайлықпен бармайтыны оқырманға белгілі. Қарияның бір баспанаға зар болып жүргені туралы дер кезінде дабыл қағып, бұл проблеманы жоғары жақтың құлағына жеткізген тағы да «Айқын» газеті болатын. Демек, газет бетінде көтерілген мәселелердің оң шешімін табуы басылымның пәрмеңділігін көрсетеді.

Жоғарыда атап өткен айдарларда кемшіліктер мен жағымсыз фактілер сыналады. Кейбіреуінен дер кезінде қорытынды шығарылды да. Ал кейбір сыналған жайттар бүгінге дейін өмірден орын алып жатады.

«Айқынның» 2012 жылғы 22 ақпандағы санында «Үкімет» айдарында «Қарамағыңызда кім жүр, министр мырза?» атты Айқан Шәріптің мақаласы берілген. Тақырыбы көп жұртты елең еткізетін мақаладағы айтылар мағлұмат та лауазым иелеріне қатысты. «Парақор қызметкерді қанатының астына алған биік лауазымды басшыларға отставка қаупі төнді. Бұл жаңалық кеше мәлім болды. Министрлер кабинетінің осы күнгі отырысынан шыққан Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Ә. Бәйменов журналистерге өз агенттігінің арнайы заң жобасын әзірлегендігін хабарлады. Осыған сәйкес, егер қол астындағы қандай да бір шенеунік коррупциялық қылмысқа қолын былғаса, оның басшысы отставкаға кетуге міндетті болмақ» деп басталатын мақалада бұл Батыста кең қолданылатын тәжірибе екендігі айтылған.

Егер әлгі заң өмірге жолдама алса, басшылардың қызметкер таңдаудағы жауапкершілігі артып, ақыр соңында ол жемқорлықтың төмендеуіне ықпал етері сөзсіз.

Мәдениет, өнер адамдарын таныстыруда, қаламгерлерді насихаттауда, әдеби-мәдени саланың жетістік-кемшіліктерін саралауда да «Айқынның» беті айқын. Оларды да басылым бетінен жиі-жиі кездестіреміз. Басылымның соңғы бетінде тұрақты айдарларға орын берілген. Мәселен, «Туған күніңізбен!», «Күле отырыңыз», «Біздің тұрақты оқырман», «Қаламгер құпиясы», «Танымал әннің тарихы».

«Танымал әннің тарихы» айдарында аты айтып тұрғандай, жұртшылыққа танымал қазақ әндерінің шығу, таралу тарихы туралы әншісазгерлер әңгімесі қызықты етіп баяндалады. Ән авторының, мәтінін жазған ақынның, оны орындаушының әңгімесі арқылы тақырыпты аша түседі. Мәселен, «Күлдір, күлдір кісінетіп» деп аталатын Қаншайым Байдәулетованың мақаласында белгілі жазушы, журналист, ғалым Ақселеу Сейдімбектің композиторлық қыры ашылады. Филология ғылымдарының докторы, профессор А. Сейдімбек жұртшылыққа өзінің ғылыми-зерттеу еңбектерімен, бірнеше тарихи-мәдени, өнер тақырыптарында жазылған шығармаларымен таныс. Алайда біз білетін ғалым ән де жазады екен. Ақтамберді жыраудың сөзіне жазылған «Күлдір, күлдір кісінетіп» әнінің авторы екенін көпшілік оқырман осы басылым арқылы білді десек қателеспеспіз.

«Мен мұны әншілігім тасып шығарғаным жоқ. Бірақ шынында да халықтың жүрегіне сенім ұялатқан, соншалықты желпінткен дүние болды», – дейді автор. Туындыны алғаш Жәнібек Кәрменов орындайды. Бірақ көп ұзамай қайтыс болады. Бұл жазушының қабырғасына қатты батады. Ол туралы автор: «Мүмкін тірі болғанда әлі де көп дүние жазар ма едік... Кейде оны «Ақтамбердінің толғауы» деп хабарлап жатады. Бұл қате. Өлеңі Ақтамбердінікі болғанымен, толғауды дүниеге келтіруші – мен» [7], – деп нақтылай түседі.

Ал «Қаламгер құпиясы» айдарында белгілі ақын-жазушылардың шығармашылық құпиясы сөз болады. Мұнда тақырып қызықты әрі қаламгер құпиясының бір қырын ашатындай етіп қойылады. Мысалы: «Өтірік өлең жазып қоюдан сақтанатын ақында» ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әбубәкір Қайранның шығармашылық жолы сөз болады. Ас үйде отырып жазғанды ұнататын ақын жазарда қағаз таңдайды. Ақ қағазға өлеңді шимайламай шығарады. Егер өлең басталғаннан шимай түссе, басқа парақтан бастайды екен.

Сондай-ақ, «Жалқаулықты жаны сүйетін жазушыда» бірнеше прозалық кітаптардың авторы Жаңабек Шағатайұлының «Менің ең сүйетін ісім- жалқаулық. Диванда жатып, құрғақ қиялмен теледидар көргеннен артық ештеңе жоқ. ҚазМУдің журналистика факультетін асықпай 11 жыл оқыдым» деуінен шығармашылық адамының мінездері мен табиғаты әр түрлі болатынына көз жеткізесің.

Ал, Сәуле Әбединованың «Кітап ұрлағанды ұнататын ақын» деген мақаласы белгілі ақын, публицист Аманхан Әлім жайында. Ақын бала кезінен кітапты жақсы көргендіктен кітапханашы болуды армандапты. Бір күні ауыдың кітапханасынан бір қап кітап ұрлаған көрінеді. Ол кітапқа деген құмарлықтан болған оқиға болса керек. Кітап сыйлап, қолтаңба алғанды жақсы көретін ақынның үйінде үлкен кітапханасы бар.

«Он жеті томды қаламмен жазған жазушы» деген тақырыптағы Жолдасбек Дуанабайдың мақаласында жазушы, қоғам қайраткері Софы Сматаевтың шығармашылық қыры, әр шығармасының дүниеге келу тарихы, қаламгер шабытына әсер ететін жағдайлар сөз болады. Журналист мақаланы бірден кейіпкерінің сөзімен бастайды:

«- Менің өндірте жазатын кезеңім – бұрын күз бен қыс айлары болатын. Жаңбыры сіркіреген, аспанын бұлт торлаған қазан, қараша айлары тыстағы табиғат сұлулығын қымтап көміп, төрт қабырғаға қуып әкеліп, қамап тастайтын бұлыңғыр күндерде еріксіз жазу үстелімнің жанынан табылам ба, әлде жаз бойы арқаны кеңге салған жауапсыз, сылқымсоқ мезеттердің қарымтасын қайтару керек дейтін ішкі түйсіктің дүрбелеңі бастала ма, қолым қаламға жармасады. Ал содан соң, кейде бірер айдың ішінде не бір романның немесе бірер пьеса, повестің сұлбалары қағаз бетіне түсіп қалады» [8]. Одан әрі қаламгердің шығармалары туралы әңгімелейді.

«Елім-ай» романы арқылы оқырманға жақсы таныс жазушы осы уақытқа дейін сегіз роман, он үш повесть жазыпты. Қазір «Елім-ай» атты циклды романның төртінші кітабын жазу үстінде.

Журналист әр шығарманың тууына себеп болған әртүрлі оқиғалар жайын да назардан тыс қалдырмайды. Мәселен, «Әулет сыры» деген дастанның жазылуына бір ардақты ананың адамгершілік құдіретіне арналған С. Тұрысбековтың күйін тыңдағандағы тебіренген халі дәнекер болыпты. «Елім-ай» романының жазылуына «Елім-ай» әні қатты әсер етіпті.

Қаламгер жазу үстінде отырғанда үнемі тыныштықты қалайды екен. Өзін суретте отырған оқиғалардың ішінде жүргендей сезінетін көрінеді. Айқас-шайқас өтіп жатқан тұста дәл қасынан көріп тұрғандай ғажайып бір күй кешетіні бар. «Сондай сәтте мен, керек десеңіз, әлгі кейіпкерімнің киген киімдерінің түр-түсін, қимыл-қозғалыстарының әр мезетін кәдімгідей ажыратып сезінем. Сондай күйден әлдебір кедергі килігіп кетіп, үзіп жіберсе, қатты кейимін»,-деп ағынан жарылады.

«Айқын» газеті спорт тақырыбына ерекше көңіл бөледі. Аптасына бес мәрте шығатын газеттің әр санының тұтастай бір беті спорт саласына арналған. Бетті журналист Ғалым Смағұл дайындайды. Бұл – қуантарлық жайт. Өйткені қазақстандық газет-журналдардың көбінде бұл тақырып мүлде жоқ. Бар болған күннің өзінде тым аз жазылады. Аталмыш басылым Қазақстанда болып жатқан немесе отандастарымыздың қатысуымен өтетін жарыстарға көп тоқталады. Және аймақтық спортқа да ерекше көңіл бөледі. Кезінде ел спортына елеулі еңбек сіңірген азаматтар да ұмыт қалмайды. Бұл тақырыптар сұхбат, репортаж, сыни корреспонденция, мақала, оның ішінде проблемалық мақала, журналистік зерттеу түрінде беріледі.

Газеттің кең танымал болуының себебі – «Айқынның» халықтың көкейінде жүрген мәселелерді дер кезінде көтере білуі және оны халықтың зердесіне жететіндей әр жанрдың ерекшеліктеріне сәйкес ұғынықты, әрі түсінікті тілмен жаза білетіндігінде дер едік.

Газеттің «АЙҚЫН апта» қосымшасы әдеби, мәдени, өнер тақырыптарына арналған материалдарды қамтиды. Оқырман әсіресе «Дидар ТД» арнаулы беті арқылы теледидар әлемі және тележұлдыздар өмірімен таныса алады.

Жалпы, газет бетінде көтерілген тақырыптарда қазақ тілінің мәртебесін көтеру, отансүйгіштік қасиетті шыңдаудағы кемшіліктер, ел байлығын шетелдіктердің талан-таражға салуынан сақтау, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, қылмыскерлерді дер кезінде құрықтау, мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын асыра пайдалануы, жастар тәрбиесіндегі кемшіліктер, діни ағымдардың көбейіп кетуі, т.б. ірілі-ұсақты мәселелер сынға алынды.

Қорыта айтқанда, турашылдық, кесіп айту басылымның өресін биіктетті десек артық айтқандық емес. «Айқын» бүгінгі заманның жақсылығын да, «кеселін» де дөп басып айта біледі. Әрине, бұған кез-келген газеттің батылдығы жете бермейді. Қарапайым халықтың мұң-мұқтажын шешуде билікке де ықпал ете алатындығына жоғарыдағы мысалдар дәлел. Алдағы уақытта да газет алғашқы шыққан жылдардағы барды бардай, жоқты жоқтай етіп айта алатын бағытынан ауытқымаса екен деген тілек бар.

Әдебиеттер

1 Омашев Н. Жол үстінде журналист. – Алматы: Атамұра, 1999. – 168 б.
2 Төрежан Қ. Зейнеткерлердің ақшасын жеген жемқорлар //Айқын. – 2008. – 28 қараша.
3 Райымбекұлы Ұ. Оңтүстікте ұстаздар ұятқа қалдырып жүр //Айқын. – 2008. – 21 қазан.
4 Оразбекұлы Қ. Тергеу абақтысына 45-ші директор отырды //Айқын. – 2008. – 9 тамыз.
5 Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері. – А., 2005.
6 Дуанабай Ж. Мұздай болып келіп, қыздай болып кетті немесе Мәсімов макетке неге қызығып жүр? //Айқын. – 2009. – 20 сәуір.
7 Байдәулетова Қ. Күлдір, күлдір кісінетіп //Айқын. – 2009. – 3 ақпан.
8 Дуанабай Ж. Он жеті томды қаламмен жазған жазушы //Айқын. – 2009. – 18 ақпан.

References

1 Omashev N. Zhol ustinde zhurnalist. – Almaty: Atamura, 1999. – 168 b.
2 Torezhan Q. Zeinetkerlerdin aqshasyn shegen zhemqorlar // Aiqyn, 2008. – 28 qarasha.
3 Raimbekuly U. Ontustikte ustazdar uyatqa qaldyryp zhur // Aiqyn, 2008. – 21 qazan.
4 Orazbekuly Q. Tergeu abaqtysyna 45-shi director otyrdy // Aiqyn, 2008. – 9 tamyz.
5 Zhaqyp B. Publicistikalyq shygarmashylyq negizderi. – A., 2005.
6 Duanabai Zh. Muzdai bolyp kelip, qyzdai bolyp ketti nemese Masimov maketke nege qyzygyp zhur? // Aiqyn, 2009. – 20 sauir.
7 Baidauletova Q. Kuldir, kuldir kisinetip // Aiqyn, 2009. – 3 akpan.
8 Duanabai Zh. On zheti tomdy qalammen zhazgan zhazushy // Aiqyn, 2009. – 18 akpan.

ӘОЖ 070

Т.Ж. Машарипова

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.
E-mail: tamara_masharipova@mail.ru

Публицистика және әдебиет

Мақалада әдебиет пен публицистикаға салыстырмалы талдау беріледі. Әдебиет пен публицистиканың объектісін, сонымен бірге шығармашылық қызметінің әдістерін зерттеу негізінде әдебиет пен публицистиканың аудиторияға әсері, бірінші және екінші тараудың өзіне тән өзгешеліктері ашып көрсетіледі. Егер әдебиеттің басты мақсаты жазушының рухани дүниесінің байлығы нәтижесінде тұрмысты көркем-эстетикалық жақтан суреттеу болса, публицистика үшін белгілі бір қоғамдық мәселелердің демонстрациясы және оларды шешу үшін аудиторияны жедел іске кірісуге үндейтіндігі жан-жақты дәлелденеді.
***Түйін сөздер**:* қоғам, аудитория, суреттеу, актуальды, типик, жеке, методтар, жанрлар, әдіс, тіл.

T. J. Masharipova

Reading and literature

The article provides a comparative analysis of literature and journalism. Based on the study of the object and the subject, as well as methods of creative activity, showing the radio of literature and journalism, the audience, disclosed the specific of the first and second areas. Proven that if the main purpose of literature is the artistc and aesthetic representation of reality and spiritual world writers, for journalism is a demon.
***Key words*:** society, audience, reflection, actuality, typical, individual, methods, genres, stile, language.

Т.Ж.Машарипова

Публицистика и литература

В статье проведен сопоставительный анализ литературы и публицистики. На основе изучения объекта и предмета, а также методов творческой деятельности, показа отношения литературы и публицистики к аудитории, раскрыты специфические особенности первой и второй сфер. Доказано, что если главной целью литературы является художественно-эстетическое отображение действительности и духовного мира писателя, то для публицистики это демонстрация конкретных общественных проблем и непосредственный призыв к действию.
Ключевые слова*:* общество, аудитория, отражение, актуальность, типическое, индивидуальное, методы, жанры, стиль, язык.

Публицистика және әдебиеттің өзара байланыстылығы ежелден белгілі. Олардың бір-біріне әсері туралы көп жылдардан бері пікірлер тынбай айтылып жатыр. Бұл тартыстар, атап айтқанда, жадидтер дәуірінде де (XX ғасырдың басынан бастап) жалғасты.

XX ғасырдың екінші жартысында да бұл мәселенің түрлі көріністері бойынша М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетінен Е.П. Прохоров, В.Д. Пельт, В.В. Учёнова, В.М. Горохов, М.С.Черепахов, Петербургтен Е.И. Журбина, Львовтан В.И. Здоровега, Екатеринбургтан В. Шандра, Ташкенттен О. Тоғаев, Р. Мухамадиев, Ф. Муминов, Ю. Хамдамов, Нөкістен Қ. Жәрімбетов, Қ. Оразымбетов, Самарқандтан М. Хусаиновтар бір қатар кітап және мақалалар жариялады. Бұл еңбектерде публицистика түсінігіне, оның теориясы және практикасына кейбір анықтамалар берілген болатын.

Сонымен бірге біз жоғарыда тілге алған ғалымдар публицистика мен әдебиеттің өзара

қатынастарына жетерлік дәрежеде салыстырмалы анализ бере алды деп айта алмаймыз. Бұл мақала осы олқылықты толтыруға арналған.

Коммуникация, әдебиет, журналистика, публицистика.

Мақаланың тақырыбын толық түсініп алу үшін кейбір терминдерге түсінік беру керек. Бұлардың ішінде ең көп мағыналы түсінік – коммуникация.

Коммуникация – бұл жалпы түрдегі байланыс, ол жанды және жансыз дүниеде де әрекет етеді.

Аспан денелерінің магнит ауданы жәрдемінде бір-біріне тартылысуы және бір-бірінен қашуы немесе күн нұрлары және теректің жапырақтары арасындағы байланыстар – бұл жансыз дүниедегі коммуникация. Балықтар, құстар және жануарлар әртүрлі дауыстар жәрдемінде өзара қатынас жасауы және сол жол мен бір-біріне мәліметтер жеткізуі де коммуникация.

Адамдар сөз немесе ым мен бір-біріне түрлі сигналдар жіберуі де – коммуникация. Коммуникацияның түрлері және көріністері туралы көп нәрсе жазуға болады, бірақ келтірілген үш мысалдың өзі мақала тақырыбын ашып беру үшін жеткілікті деп ойлаймыз. Қосымша түрде тақырыбымыз айналасында коммуникация санасыз, қалаусыз сана және саналы түрде жүзеге асырылуы мүмкіндігін түсініп алу зиян етпейді.

«Әдебиет – көркем өнердің бір түрі, сөз өнері. Әдебиет – жазба түрде жаратылған және әлеуметтік маңызға ие болған адам ақылының жемістері. Әдебиеттің техникалық, ғылыми, публицистик, эпистоляр, мәліметтеме және басқа да формаларын ажыратып қарайды. Қарапайым және қатаң мәнінде әдебиет деп көркем жазба шығармаларға айтылады» [Қозыбаев С.К. және басқалар. Журналистика Казахстана. Энциклопедия. – Алматы: Экономика, 2006]. Әдебиеттің элементтері және оның ежелгі көріністері саналы адам пайда болғанынан бастап бар. Ұзақ мың жылдықтар аяғында әдебиет ауызша және пиктограмма (шартты суреттер) формаларында амалға асырылды, жазу ойлап табылғаннан кейін әдебиеттің жазба түрлері пайда болды. Осы күнге дейін сақталып келген алғашқы ұлы шығарма бес мың жыл бұрын ежелгі Шығыста жаратылған «Гильгамеш туралы эпос» болып саналады. Бұдан соң қорытынды шығару мүмкін, әдебиет адамзат тарихында адамдар ойлап тапқан бірінші шығармалардан есептеледі.

Бүгінгі күні әдебиет ірі шығармалар үлгісіне, жалпы айтқанда, үлкен тұрмыс қажеттілігіне айналады. Заманалық әдебиет әр қандай идея, процесс, тұлға немесе оқиғаны көрсете алады. Бұл үшін әдебиеттің арнаулы түрлері бар.

Әдебиет түсінігін профессор Қ. Жәрімбетов төмендегіше дәріптейді:

«Көркем әдебиетті, көбінесе қысқа қылып, әдебиет деп те атаймыз. Көркем әдебиет – жазба түрдегі көркем сөз өнері. Сыртқы дүниені, қоғамдық тұрмысты, інсанның рухани көшірмелерін образдар арқылы танудың бір түрі. Ақиқатында да, көркем әдебиет сөз өнері болып есептеледі, жазушы-ақындар көркем сөздің құдіретімен сурет салады, тек қана сурет салып қоймастан, оған түрлі эстетикалық сезімдерді дарытып жан береді, адам характерін, оның ішкі жан дүниесін ашып береді. Әдебиет те қоғамдық сананың бір түрі есептеледі. Ол табиғатты, тұрмысты білуге ұмтылады һәм олар жөнінде дұрыс түсініктерді көркем образдармен береді. Сондықтан да көркем әдебиеттің әлеуметтік, тұрмыстық маңызы күшті, ол адамды рухани тәрбиелеу қызметін де орындайды» [2, 9-10].

«Журналистика» сөзі бірнеше мағынаға ие. Біріншіден, бұл – әлеуметтік маңызға ие болған информацияны жинау, қайта өңдеу және жариялаудың шығармашылық, қоғамдық-саяси қызмет түрі. Екінші мағынасы − хабар құралдары үшін оператив хабарлар – жазушы адамдар кәсібі (редактор хабаршы, жауапты хаткер, шолушы, авторлар және т.б.). Баспасөз, радио, теледидар және интернет үшін дайындалған репортаж, интервью, шолу және басқа жанрларда жазылған шығармалар үшінші мәнін білдіреді. Төртінші мәні болса ақпарат хабар құралдары жиындысы. Журналистиканың бесінші және ең маңызды мәні – ол қоғамның ерекше әлеуметтік институты деп қаралады. Осы формада оның қалған төрт мәні бірігеді (3, 4, 5). (Қараңыз: Муминов Ф.А. Журналистика ижтимаий институт ретінде. Ташкент, Университет, 1998).

Публицистика. Публицистиканың не екендігі туралы да көп тартыстар болған. Бұл пікірлерді төрт топқа біріктіруге болады.

Біріншіден, әдеби сыншылардың пікірінше, бұл **әдебиеттің бір бағыты**. Екіншіден, журналистика саласындағы мамандардың түсінігінше,

бұл **журналистиканың бір көрінісі**, олар, тіпті, көркем-публицистикалық жанрлар тобын ажыратып, оған сурет және очерк, фелъетон және портрет, сықақ мысал және эпиграммаларды кіргізеді. Үшіншіден, бұл екі топардан өзін хабарсыз көрсетпекші болған ғалымдар публицистиканы **шығармашылықтың** ерекше **арнайы түрі** деп айтады [4]. Төртінші көзқарастың жоқтаушылары публицистиканы белгілі бір стильде орындалған және белгілі бір стильде жазылған және өзінің өзгешеліктеріне ие **мәтіндер** (тексттер) деп есептейді. Бұл мәселеде біз төртінші топар мамандарына қосыламыз.

Әдебиет және публицистикада ғылыми-шығармашылық ағымдары адамзат тұрмысы және ақылы көркем әдебиеттің түрлі көріністерінде өз бейнесін табады. Бұл бағдарлар классикалық және классикалық емес деп аталған екі ірі топарға біріккен.

Классик мектептер, ағымдарға классицизм (Франция, XVII ғасыр), сентиментализм (Ұлы Британия, XVIII ғасыр), романтизм (Батыс Еуропа, XIX ғасырдың басталуы: Новалис, Байрон, Шелли), критикалық реализмдер (Еуропа, XIX ғасыр: Бальзак, Флобер, Диккенс, Гоголь) кіреді. Бұл ағымдар ежелден белгілі болып келген және әдебиеттану мен публицистика саласындағы мамандарға белгілі болғаны себепті біз оларға тоқталмаймыз.

Постклассик (неоклассик) бағдарларға назар аударайық. Бұларға модернизм, сюрреализм, постмодернизм тағы басқалар кіреді. Модернизм XIX ғасыр ақыры және XX ғасырдың басында көркем өнер және әсіресе көркем әдебиетте өз көрінісін тапты. Оның негізін салушылары және белгілі өкілдері ретінде Т. Элиот, Ж. Жойс, Г. Стайн, В. Вульф, т.б. айту мүмкін. Модернизм барлықты және әдебиетті бұрынғы қалпынша бағалауды кескін бекерлейді және жаңа бейнелеу құралдарын іздеуге және пікірлеуге шақырады. Сюррелистер абсолют реалдықты көзде тұтуды және оған мамандықта жетіспекші болған авторлар болып табылады. Бұл ағым бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар арасында дамыды. Сюррелизмге ақын А. Бретон негіз салды.

Постмодернизм сондай күрделі және көп қырлы бағдар, оған тек бір жазушыны негіз салушы ретінде атап көрсете алмаймыз. Алғаш рет терминді Р. Ранвиц «Еуропа көркем өнерінің кризисі» (1917) деп аталған кітабында келтірді. Оның бұл терминді 1934 жылы XX ғасырда 20-жылдарының басында шығармашылықпен шұғылданған және алғашқы әдеби дәстүрлерді кескін бекерлеуші ақындар шығармашылығын бағалау үшін қолданған. Соңынан бұл түсінікті тарихшы А.Тойнби, философ Ж. Лиотар тағы басқалар біршама байытты.

Әдебиет тарихында дүниеге келген шығармашылықтар тек жоғарыда біз тілге алғандардан тұрмаса да, мақаламыз үшін жоғарыдағы ағымдарды көрсеткеніміздің өзі жеткілікті. Өйткені біздің міндетіміз – әдебиет пен публицистиканы салыстырып, олардың жалпы өзгешеліктері және айырмашылығын анықтап алу. Бағдарлардан көрініп тұрғанындай, публицистика олардан біршама алыста. Публицистикалық шығармалар классицизм, сентиментализм, романтизм немесе критикалық реализм әдістерінде жазылуы мүмкін, әрине, бірақ бұл әдістердің өзі, әдеби шығармалардағы сияқты, публицистикалық шығармаларда үстемдік ете алмайды. Және үстемдік етуі мүмкін емес. Себебі публицистік шығармалар жазудың мақсаты, міндеттері және әдістері басқаша.

Модернизм, сюрреализм және постмодернизм сияқты пікірлеу және жазу түрлері публицистикаға классикалық бағдарлардан да алыстау. Себебі бұл ағымдардың өкілдері сондай басқаша түсінеді және бейнелейді, не ары, не бері емес. Мұндай, тіпті, бүгінгі күндегі публицистикадан да кескін айырмашылық қылады. Қайталауға тура келеді, заманагөй публицистиканың объекті мен предметі, мақсаты, міндеттері мен әдістері әдебиеттегі жаңа классикалық бағдарлардың объекті мен предметі және әдістерінен біршама алыс. Себебі публицистиканың қоғамдық бағдарламасы басқаша. Публицистиканың мақсаты – қоғамдық пікір ояту, оны публицистикалық шығармадағы идея айналасында біріктіру, публицисттің идеясы айналасында қоғамдық пікірлерді жинау, аудиторияны белгілі бір міндеттерді орындауға шақыру және дайындау. Егер біз жоғарыдағы келтірілген көркем әдебиеттің түрлі дәуірдегі ағымдары мен шығармаларын публицистика мен публицистикалық шығармалармен салыстырсақ, әдебиет пен публицистика өзара тарихи, классификациялық және теориялық жақтан қалай ажыралатыны анық көзге тасталады.

Әдебиет пен публицистикада ұлттық дәстүрлер

Кейінгі маңызды мәселе – көркем әдебиет пен

публицистиканың дәстүрлерге болған қарым-қатынастарын анықтап алу. Жоғарыда келтірілген пікірлерімізден көрініп тұрғанындай, дәстүрлерді бекерлеу әдебиеттің түпкі негізінен жаңалану жолындағы дамуының табиғи жолы. Көп жазушылар олардың шығармашылығын замандастары түсінбегенін көріп, «бұл ұрпақ мені түсінбесе, кейінгілері түсінер» деп өздерін жұбатқан және сондай болған да. Мәселен, кейбір жазушы және ақындар өз шығармалары үшін Отанынан қуылған (Данте; «Илай комедия»), тіпті, өлімге үкім етілген (Машраб). Бірақ ғасырлар өтіп олар ұлттық қаһармандар ретінде танылған. Қысқасы, соны айту мүмкін, көп белгілі жазушылардың шығармаларын замандастары жақсы түсінбеген (Сервантес; «Дон Кихот», Бульгаков; «Ұста мен Маргарита») және ол шығармалар соңынан танымал болып кеткен.

Публицистикаға мұндай жол ешқандай тура келмейді. Публицистика әдебиет сияқты дүниені жалпы мағынада емес, оны анық бір қоғамда, анық ұрпақтар жасайтын сол дәуірге, сол адамдарға мүрәжат етеді. Публицист үшін ол өзі жазған уақытта жасайтын адамдар оны түсінуі керек, себебі автор, әсіресе сол аудиторияны мәлім бір әрекеттерге және актив өмірлік позицияға үндейді. Публицист бүгінгі күн үшін, жазушы болса, болашақ үшін жұмыс істейді. Нағыз жазушы ұлттық дәстүрлерді қабыл етпеуі күмән болса, публицист ондай қыла алмайды. Публицисткада керісінше, халықтың мықты заңдылықтары ретіндегі дәстүрлер шығармашылықтың негізін, мәнісін, публицистикалық рухын, өмірлік тамырын білдіреді.

Әдебиеттің ұлттық дәстүрлерге бойсынбауы жаңа топардағы дәстүрлерді – жалпы адамилық қасиеттердің пайда болуы және дамуына алып келді. Қабілетті жазушы және ақындар ұлттық шекаралармен дәлелденбеген, олар өз шығармаларын адам деген жаратылысқа, бүкіл адамзатқа арнаған. Нағыз жазушы тек қана ұлттық емес, сонымен бірге дәл сол шығарманың өзінде, жалпы адамилық қасиеттерімен бірлестірген түрдегі мәтінді жаратады. Нәтижеде классик (мумтаз) әдебиет ретінде жазылған және бүкіл адамзат жазған шығармалар бүкіл адамзаттық көркем-эстетик ауданды пайда етеді, бұл ауданның аты дүние әдебиеті деп аталады. Дүние әдебиеті адамзатты бірлестіруші бірінші және нәтижелі әрекет болды. Адамзат тарихында әскери, саяси, экономикалық бірлестірулер де көп болған, бірақ олар күтілген нәтиже бермеді. Ұлы әскербасылар (Ескендір Зұлқарнайн, Шыңғысхан, Әмір Темір…) дүниеден өткен соң олар түзген империялар тарқалып кетті. Бірақ «Шах Эдип» және «Гамлет», «Алпамыс» және «Шахнама» сияқты шығармалар жәрдемінде қалыптасқан дәстүрлер ғасырдан-ғасырға өтіп, мемлекет шекараларынан асып, бүкіл адамзаттың идеялық мүлкіне айналды.

Әдебиетті тек қана ұлттық деп емес, сонымен бірге жалпы қоғамдық қазына деп білген ақын Гүлістан Матяқубова былай деп жазады: “Бүгінгі күнімізде әдебиет, руханият, мәдениет жөнінде түрлі саяз пікірлер көбейіп кеткен. Кейбіреулер руханият жөнінде көп әңгімелер болып жатса да, амалда ештеңе көрінбейді, деп өкінеді. Жеуге нан, киерге киім табылмай жатқанда руханият кімнің көңіліне сыяды дейді тағы біразы. Және біреулер болса, әдебиет те өлмекте, оның орнына сән әлемі дамуда, сахнада әр күні жаңа әртіс. Эстраданың заманагөй XXI ғасырға сай ән-күйі баршаны руханият және әдебиеттен, кітап оқу, ежелгі тарих және әдебиет әлемінен үзіп тастады деп тұжырымдайды. Бұлар жөнінде талантты ақын Бахтыяр Генжемұратовпен ұзақ пікір таластық.

– Әдебиет ешқашан өлмейді, – деді сеніммен Бахтыяр. – Інсан, оның көңілі тірі екен, әдебиет бар, ол жасап жатыр, бізден кейін де жасай береді. Не үшін біз көңіліміз құлазыса, жауапсыз сұрақтарымыз көбейсе Науайға, Мәшірепке, Паһлаван Маһмудқа, Румий және басқа бабаларымызға жүгінеміз? Ұзақ және жақын тарих парақтарынан Бердақ бабамызды іздейміз, жоқтаймыз? Бүгінгі күнде әдебиет бар. Тек әдебиетшілер, сыншылар көрінбей жатыр...” [5, 87]. Автордың пікірлерін жалпы қолдай отырып айтпақшымыз, әдебиетшілер бүгінгі күнде Қарақалпақстанда, Өзбекстанда бар және олардың қатарында көптеген мықты авторлар да бар.

Публицистика және әдебиеттің объекті және предметі.

Әдебиеттің объекті – жаратылыс. Жазушының әдеби дүниені жаратуы соншалық кең түсінік, мұнан да кеңірегін табу қиын саналады. Дүние сырларын ұғу жолдары, түрлері және әдістері жазушының қалай жантасуына байланысты. Өз кезегінде, жазушының жантасуы қаншалық ерекше, өзіне тән өзгеше сипат-

та болса, шығарма соншалық қызықты болмақ. Сондықтан соны айту орынды, әдебиеттің объектін толық түсіну өте ауыр мәселе, тіпті, оны анық көз алдыңа келтіріп, бейнелеу қиын.

Әдеби шығарманың предметі болса, толық түсініп болмайтын оқиға. Бұл өте қиын, шешімі жоқ проблема. Мәселен, «Ғашық Ғаріп және Шахсанем». Оның предметі не? «Король Лир»-дің ше? «Гаргантюа және Пантагрюэль» ше?

Көркем әдебиеттің предметін біз жалпы көріністе өмірлік проблемалар деп айтуымыз мүмкін. Сонымен бірге классикаға айналған көркем шығармалардың предметтерінің бір-бірінен кескін жағынан айырмашылықтары бар. Мәселен, А. Азимов шығармаларының предметі не? «Одиссея», «Форсайттар туралы саға», «Өткен күндердің» предметтерін салыстырайық. Көріп тұрғанымыздай, бұл өте қиын мәселе. Айту керек, бұл салыстырудың аяғына жетіп болмайды. Бұл сұрақтардың шешімі жоқ, себебі бұл мәселенің өзі шексіз.

Публицистиканың болса, объекті және предметі анық. Публицистиканың объекті – белгілі бір әлеуметтік оқиға, жағдай. Предметі – осы оқиға себепшісі болған орталық проблема, адамдарды қиындыққа салып жатқан саяси жағдайлар. Публицистік шығудың тиісті предметі анық, экономикалық-мәдени немесе экологиялық проблема болуы мүмкін. Бірақ бұлар бірінші көріністе, бірден назарға ілінетін фактілер, оқиға және кезеңдер есептеледі. Негізінде олардың түбірінде саяси мәселелер жатады. Яғни мекемені, мамандықты, қоғамды басқару өнері, осы басшылықтағы кемшілік саналады.

Публицистік шығармада, оның предметі ретінде, мәнісі жағынан, екінші жоспар болуы мүмкін, бірақ үшінші, төртінші жоспарлар өте кем кездесуі немесе ешқандай болмайды. Себебі публицистика – бір мәтінді, шектеусіз қызмет, оның міндеттері әдебиетке қарағанда басқаша түрде жүзеге асырылады. Әдебиеттің болса жоспарлары шексіз.

Әдебиет және публицистика – ұғымыр және пікір көріністері, бірақ бұл көріністер бір-бірінен айырмашылық қылатын бояуларға ие. Әдебиет өз сұлулығы, эстетикасымен күшті. Публицистика әлеуметтік маңызы және күрделілігімен өзіне тартады.

Әдебиет, әдеби кезең, көркем шығармалар – біршама кең түсінік. Көркем әдебиет туралы, оларды түсіндіретін публицистика бар (Д. Писарев мақалалары). Бірақ публицистикалық шығармаларды көрсететін көркем әдебиет жоқ (егер олар публицистикалық шығармалардағы мәселелерден келіп шығып, арнайы мақсаттарда жазылып жатқан өзбетінше шығармаға айналмас). Себебі публицистика және публицистикалық шығармалар әдебиет және көркем шығармаларға қарағанда біраз аясы тар және анық мақсатқа жұмсалатын болады. Осы тұрғыдан, публицистика көркем шығармадағы идеяларды насихаттайды, оларға әдеби сыншылардың көзі және қаламын қаратады.

Сондай-ақ талантты суреткер Оразбай Абдірахмановтың “Арал: аппақ қабырға алдында...” деп аталған публицистикалық мақаласының объектісі – Арал теңізі, предметі болса Аралмен қатысты мәселелер: теңіздің өлуіне тоталитар түзімнің айыптылығы, өткендегі кеңестік дәуірде шақынан дәрі алу үшін сайғақтарды қыру, жабайы қаздардың азаюы, өзен дельтасында хайуанат түрлерінің жойылып кетуі және сол сияқты оқиғаларға адамдардың парықсыздығы деп есептейді [6, 117-127].

Белгілі журналист және публицист Ш. Уснатдіновтың “Астанада жасау жауапкершілігі” мақаласының объектісі – Нөкіс қаласы және оның тұрғындары, предметі болса астанада жасау мәдениетімен қатысты мәселелер [7, 72-78]. ҚМУ студенті А. Алламбергеновтің “Қадірлеу үшін жаралған әйел” публицистикалық очеркінің объектісі – Халық тәлімінің үздігі, Беруни ауданындағы 61-мектеп мұғалімі, жазушы Мунаввара Құрбанбаева, предметі – осы еңбекқор әйелдің ұмыры және қол жеткізген табыстары [8, № 1].

Публицистика және әдебиеттің өз аудиториясына қарым-қатынасы.

Бұл қарым-қатынас әртүрлі. Көркем шығарманың концепциясы: жазушы жаратылыс − әдіс − аудитория. Публицистикалық шығарманың концепциясы: публицист – проблема – аудитория. Барлық публицисттердің методы бірдей мәселені сөз ету. Әрбір жазушының өз әдісі бар және дәл осы метод авторын жазушы адам және заманға ұсынады. Бұл әдістер бір-бірінен айырмашылық қылады және дәл дұрыс таңдалған әдіс жазушының оригиналдылығын қамтамасыз етеді. Өз әдісін таппаған жазушы жазушы емес. Публицисттердің баршасы бір

әдіс негізінде істейді, бұл әдіс әлеуметтік проблеманы көрсетеді. Әдебиет өз аудиториясын тәрбиелейді. Публицистика өз аудиториясына жолдама береді.

Әдебиет – көбірек сөз өнері және көркем-эстетик көріністегі **философия**. Публицистика баршаны өзіне қаратушы, сол жол арқылы белгілі сұрақтарға халық пікір-ойын аударушы және нәтижеде түрлі-түрлі тайпадағы адамдардың қажеттілігін қоғамның күн тәртібіне қоюшы, оларды маңызды мәселеге айландырып және де мәселенің шешімін көрсетуші қоғамдық-саяси **әрекет күші** саналады. Публицистика қоғамның бүгінгі проблемалары үшін күреседі, әдебиет болса халықтың жалпы халықтық дәрежесін жоғарылатады, оны эстетикалық жақтан тәрбиелейді, яғни бұл келешек жылдар, он жылдықтар және ғасырларға кететін көркемдік инвестиция саналады.

Әдебиет – нәзік иірімдер мекені. Публицистиканың оған салыстырғанда пафосы күшті, тікелей мұражәт ету әдістерін қолданғаны үшін дөрекілеу келеді. Өйткені оның мақсаты басқаша яғни көпшілікті шығарма мақсаты айналасына тарту.

Публицистика көп қоғамға жоспарланады, бұл болса, шексіз байланыстарды, кескін бағаларды талап етеді. Сол үшін нәзік түстерге толы әдеби шығармалар ғасырлар бойы жасайды, публицистикалық шығармалар болса көбінесе өз дәуірін көрсету мен көзге түседі, кейінірек олардың актуалдығы өтіп кетеді. Әдебиет жай ағып жатқан терең өзенге ұқсаса, публицистика көбірек айқай және төбелеспен, бірақ дәл осылайша көпшілік назарын өзіне тартып жатқан тау өзені есептеледі.

Жазушы – жаратылыс және өзінен келіп шығады. Публицист тақырып және қоғамнан. Жазушының мақсаты – өмір көріністерін бейнелеу болса, публицистің мақсаты – адамдардың санасын ояту, осылар төңірегінде пікірлеуге бағыттау.

Көркем шығармалар аудиториясы тар және қағидаларға бойсындырылған болады. Бұндай шығармаларды барлық адамдардың жете түсініп оқуы қиын және түсіне алмайды. Сондықтан көркем шығармаларды жас шағында оқу басқа, өмірлік тәжірибеге ие болғаннан кейін оқу басқа – сол уақытта бір шығармада әр түрлі мағыналар бар екендігі анықталады.

Әдебиет көп проекциялы өмір айнасы болса, публицистика дәуір нерві. Көркем шығармадан әрбір адам өз дүние қарасына тән мағыналар табады. Публицистикаға мұншалық плюрализмге ие болу дұрыс келмейді. Оны барша бірдей түсінуі керек, болмаса публицистикалық шығарма кең жұртшылықты, түрлі әлеуметтік қабаттарды біріктіре алмайды және нәтижеде өзінің ең маңызды функцияларынан болған бағыттарды жүзеге асыра алмайды.

Сонымен бірге аудитория тікелей және тікелей бомаған екі топарға бөлінеді. Гүлістан Матяқубованың "Отан рухы" кітабындағы [5] публицистика тікелей қарақалпақстандықтарға қаратылған болса, оның тікелей болмаған аудиториясы бүкіл Өзбекстан халқы, тіпті одан да кеңірек шеңбердегі кітап оқырмандары. Оразбай Абдірахмановтың "Таңдамалы шығармалары" томдығының аудиториясы (кітап Тәшкендегі "Фан" баспасында басылған болса да) Қарақалпақстан халқы, себебі кітап қарақалпақ тілінде [9].

Әдебиет және публицистика ортасындағы айырмашылықтарды түсіну үшін және бір жақсы мүмкіндік оларды жанрлық көзқарастан салыстыру болып саналады. Мұның ыңғайлы тарапы сонда, шығармадағы пікір, әдіс, принцип, функция, автор поэзияциясы сияқты категорияларды біліп алу біраз қиын соқса да, жанрлар баршаға таныс түсінік.

Бізге мәлім, жанр (тіл және әдіс сияқты) пішіннің көріністерінен есептеледі. Қарапайымдылықтан бастап өте күрделі көрініске дейін ие болу – көркем шығарманың мүмкіндігі мен табысы.

Публицистикада болса мұндай болуы мүмкін емес. Публицистикалық шығарма түрлі құрамды көрністерді көтере алмайды, өйткені бұлай жантасуды аудитория бірден түсінбейді. Публицистикалық шығарманы қайта-қайта оқып, онда жасырынған мағынаны іздеу үшін аудиторияның уақыты және қалауы жоқ, мұндай позиция негізінде публицисттің ауылынан алыс.

Әдебиет шығармасы табиғи күрделі құрылысқа ие. Кейбір көркем шығармалардың өзіне тән қиындығы ғасырлар өткен сайын түсінікті болып, оның жаңа-жаңа мағыналары ашыла береді. Публицистика болса мұны көтере алмайды. Публицистикалық шығарма қиын структураға шыдай алмайды. Себебі публицист үшін халық оның шығармасын қазірдің өзінде оқып, түсінуі шарт. Сондықтан публицистикалық шығарма бұл тарапынан біршама қарапайымдау тәрізде жазылады. Бірақ

бұл − публицистиканың мазмұны таяз болады дегені емес. Публицистиканың мақсаты – кең көлемдегі қоғамның назарын өте үлкен әлеуметтік проблемаға аудару болып саналады.

Нәтижеде жанрлық көп түрлілік екі шығармашылық түрінде бір-біріне кескін айырмашылық етеді. Осы пікірді анық мысалдарда көріп шығайық.

Әдебиет шартты түрде эпика, лирика және де драма тектеріне бөлінеді және әлгі тектер жанрлық жақтан көптеген ішкі түрлеріне ие. Бұлардың әрқайсысы бойынша қаншадан қанша зерттеулер алып барылған.

Эпик түрге жататын романның өзі бірнеше түрлерге бөлінеді: эпопея, психологиялық, фантастикалық, сатиралық, философиялық, тарихи және тағы басқа. Новелла, әңгімелер жайлы да осы сөзді айту мүмкін. Лирикалық шығармалардың әр замандағы көрінісі – жаңа заман ұрпақтарының назарын өзіне аудара алады. Драма көп мың жылдық тарихқа ие болса да, оның жанрлық классификациясында осы күнге дейін зерттеушілер бірер бір нақты тұжырым немесе анықтама айта алмаған.

Публицистика бағытында жазылған шығармалар бұл сияқты көп көріністерге бөлінбейді, олар, мәселен, фантастикалық болуы тіпті қиын. Публицистикалық шығармалар бір-бірінен көбінесе тақырыбы бойынша ажыратылады, саяси публицистика, экономикалық, экологиялық, әскери және басқа.

Жалпы анықтама бермекші болсақ, публицистикалық шығармаға жанр сөзін қолдану оншалық дұрыс емес. Себебі публицистикалық шығармалар жанрларға бөлінбейді немесе басқаша тәрізде айтқанда, жаңа публицистикалық жанрлардың өзі жоқ. Көркем-публицистикалық жанрлар топары бар, бұл дұрыс. Бірақ публицистика және жанр ортасындағы қарым-қатынастарды түсіну үшін екі маңызды жағына көңіл бөлу керек. Біріншіден, публицистика бағыттарына бөлінуі мүмкін (жоғарыда келтірілген саяси және басқа), бірақ ол өз алдына, тек публицистикаға тән болған жанрларға бөлінбейді. Екіншіден, журналистикалық шығармалар құрамы үш топ (ақпарат, аналитик және көркем публицистикалықтан) тұратынына қарамастан, әр бір топар өкілінде, мәселен, ақпарат топарына тиісті репортаж немесе интервьюда, сыни жанрларға тиісті корреспонденция немесе мақалада публицистикалық элементтер болуы мүмкін және бұл табиғи есептеледі.

Ұзақ уақыт бойы публицистиканы арнаулы жанр деп келген ғалымдар бар (О. Тоғаев). Бірақ бұл пікір оншалық дұрыс емес. Өйткені публицистика жанр (пішін) емес, бұл сипат, шығарманың ішкі сипаты, қасиеті, мақалаға дәм беретін тұз іспеттес. Сондай-ақ әдебиет соншалық күрделі шығармашылық түрі болғандықтан, оны кең жұртшылыққа түсіндіру үшін әдебиетшілер, әдеби-көркем сыншылар керек етеді. Публицистикаға тиісті публицистикалық бағдары жоқ және керек те емес. Публицистикалық шығармалар, көркем шығармаларға қарағанда, қарапайымдау, түсінуге оңай тәрізде жазылып, қарапайым услубта және ашық әдісте жарияланады.

Осы мәселеде Қазақстан әдебиеті және публицистикасынан да көп мысалдар келтіру мүмкін. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқытушысы Римма Жақсылықбаева: “Жазушының тырнақалды туындыларынан бастап қай жанрда жазылған шығармаларын алсаңыз да дерек, факт, құжат секілді материалдарға жан бітіріп, өзі көріп, басынан өткерген немесе замандастары күә болған жайларды суреттейтінін байқайсыз. Роман, повестері мен майдан жазбалары – тарихи дерекнама негізінде жазылған дүниелер. Ә. Нұршайыховтың шығармаларында хат, күнделік, қолжазба, мінездемелер секілді деректі материалдар негізінде жазу стилі орнықты қалыптасқан. Оның сыры – жазушының әдебиетке очеркист, публицист ретінде келуінде”, – деп жазады [10, 9].

Осы жерде Қарақалпақстан жазушылары мен сыншылары арасында көп талқыға себеп болған бір мәселеге біз де өз пікірімізді білдіріп өтелік. Әңгіме автор өз шығармасын қандай жанрда атауы және әдеби сыншылар бұл атауды қабылдауы немесе қабылдамауы жөнінде болмақ. Оразбай Әбдірахманов “Босаға” (“Амудария” журналы, 1984-1985) шығармасын роман деп атады. Дегенмен бұл кітапты бұл роман емес деп айтқандар да болды.

Пікірімізше, автор өз шығармасын қайсы жанрға тиісті деп білуі – оның сөзсіз құқығы. Себебі шығарма қайсы жанрда жазылғаны ең алғаш оның авторына аян. Әрине, әдеби сыншылық үлкен ғылым, дей тұрғанмен бұл

сыншылардың барша бағалары дұрыс дегені емес. Әдеби сыншымен жазушының ортасында айырма сол, бір тараптан сыншы шығарманы әдебиетте қабыл етілген нормалар негізінде қарап шығып, басқа осы сияқты шығармаларға салыстырады, белгілі идеяларды және образдарды типтік белгілер негізінде бағалайды және шығарманы мәлім мағынада рамкаға түсіруге ұмтылады.

Екінші тараптан, әрқашан жазушы оригинал, басқа ешбір шығармаға мүлдем ұқсамайтын жаңа өнім жаратуға ұмтылады. Бұл дегеніміз ол барша стандарттарды бекерлеуге ұмтылады. Оның ойында тек өз мақсатына жетісу тұрады, саясат, қоршаған орталық, жеке мәптер, тіпті, аудитория, шығарма жазылып жатқанда оның көзіне көрінбейді.

Сыншы сыналып жатқан шығармаға қалағанынша баға беруге құқықты, жазушыда оның пікірін қабылдау немесе қабылдамау құқығы бар. Әрбір тарап өз дүниеқарасынан, тұрмысты білуінен, білім деңгейінен келіп шығады. Және қайталап айтамыз, жазушының өз шығармасын қалаған жанрмен белгілеуіне күмән қылмауымыз керек, себебі бұл оның туындысы. Н. Гоголь "Өлі жандар" романын поэма деп атаған, ешкім бұны қате деген емес, кітап болса роман ретінде бағаланады.

Публицистикалық шығармалардағы публицистика және көркем шығармадағы публицистілік.

Әдебиет және публицистика арасындағы қатынастарды толық түсініп алу және анализ қылудың мүмкіндігі жоқ. Өйткені екеуі бірбіріне өтіп тұратын шексіз әлеуметтік және де шығармашылық процесс болып саналады.

Бірақ публицистика, кейбір жазушылар ойлағанындай, «жеңіл» әдебиет емес. Дұрыс публицистикалық шығарма көркем шығармаға қарағанда көлемі жағынан шағынырақ болады, бірақ көлемі көркем шығармаға жетекшілік ете алмайды. Көркем шығарма әлеуметтік міндеттерді орындауымен құнды болмақ.

Жоғарыда келтірілген салыстырулар мен түсініктеме берулерден сол нәрсе мәлім болуда, мақаламыз объекті ретінде таңдалған екі шығармашылық түрі бір-біріне біршама жақын. Екеуі де жаратылыс құбылыс әрекеттерін сөз етеді, әлеуметтік проблемаларды көтеріп шығады, көп санды аудиторияға мөлшерленген болады. Екеуі де сөз өнері болып, адамдарды белгілі бір идея және әрекеттерге қарай бағыттайды. Жалпы, әдебиеттің де, публицистиканың да адамдарға ой-пікір беру, адамзатты тәрбилеу бағдарындағы қызметтері шексіз.

Соны да айтуымыз керек, көркем әдебиет және публицистика арасында ортақтық қанша көп болса, айырмашылықтар да соншалық маңызды. Мақала жалғасында біріншісі және екіншісін мүмкін болғанынша көрсетуге әрекет жасадық. Енді соңғы пікірімізді келтіруіміз керек.

Бұл пікір қандай болар екен? Көркем әдебиет және публицистиканы қандай етіп жалпы біріктіру мүмкін, екеуі де бұдан зиян көрмесін, сондай-ақ екеуі үшін де бұл әділетті, ғылыми қорытынды болсын.

Пікірімізше, мақала проблемасын әділетті шешудің жалғыз жолы – публицистикалық шығармалардағы публицистика және көркем шығармалардағы публицистикалықты бірбірінен ажырата білу. Себебі публицистикалық шығарма өз әлеуметтік мәселесі және маңыздылығыменен күшті болса, көркем шығармалар публицистикалығымен маңызды және осы қасиетімен бірінші орында тұрып кең жұртшылықтың назарын аударады. Көркем шығарманың эстетикасы және тәрбиелік маңызы бірден назарға ілінбейді, публицистика болса белгілі мағынада оларды аудиторияға жеткізу жолында магнит және кілт (проблемаға кіру) міндетін атқарады.

Шыңғыс Айтматов, Төлепберген Қайыпбергенов, басқа атақты жазушылардың романдары публицистикалық шығармалар емес. Бірақ олар аса күшті публицистік руханиятпен суарылған. Осы публицисттілік классик романдардың ең күшті компоненттерінен саналады. Публицисттілік әдебиетке аудитория назарын тартады, көркем шығармаларды халықтың кең қабаттарына жетіп баруын қамтамасыз етеді. Публицистикалық жантасу, өз қасиеттеріне сай тәрізде, әдебиет үшін шығарма идеяларын, қаһармандарды, түр-түстілігі кең аудиторияға толығырақ жеткізеді, керекті көңіл-күй беруші әдіс шығармаға ауадай қажет, сондай-ақ нағыз классик көркем шығарма пафоссыз жасай алмайды. Нағыз әдебиет бар болғаны үшін, онда публицистілік болғандықтан, оған көркемділік жарасады. Ақиқат өмірді суреттеген көркем шығармада публицистиканың болуы табиғи болса, өз кезегінде публицистикалық шығарма көркемдігімен әдемі көрінеді.

Әдебиеттер

1 Журналистика Казахстана. Энциклопедия. – Алматы: Экономика, 2006.
2 Жәримбетов Қ. Әдебиеттанудан сабақтар. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 2012.
3 Қ.: Мўминов Ф. Журналистика әлеуметтік институт сыпатында. – Т.: "Университет", 1998.
4 Қ.: Прохоров Е.П. Публицист и действительность. – М.: МДУ, 1973.
5 Матяқубова Г. Отан рухы. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 2011.
6 "Арал: аппақ қабырға алдында..." // Абдурахманов О. Қарақалпақ дуниесі. Публицистика, эссе және ҳикаялар. – Т.: Алишер Науай атындағы Өзбекістан Міллій кітапханасы баспасы, 2011 (өзбек тілінде).
7 "Пайтахтта жасау жауапкершілігі" // Уснатдинов Ш. Көргендерім және көңілдегілерім. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 2009 (қарақалпақ тілінде).
8 "Гүлайым", 2013. № 1.
9 Оразбай Абдурахманов. Таңдамалы шығармалары. – Т.: "Фан" баспасы, 2009 (қарақалпақ тілінде).
10 Жақсылықбаева Р.С. Публицистің шығармашылық шеберханасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

References

1 Zhurnalistika Kazahkstana. Entsiklopediya. – Almaty: Ekonomika, 2006.
2 Zharimbetov K. Adebiettanudan sabaktar. – Nokis: Karakalpakstan, 2012.
3 K.: Muminov F. Zhurnalistika aleumettik institut sypatynda. – T.: Universitet, 1998.
4 K.: Prokhorov E.P. Publitsist i deystvitelnost. – M.: MDU, 1973.
5 Matyakubova G. Otan rukhy. – Nokis: Karakalpakstan, 2011 (ozbek tilinde).
6 "Aral: appak kabyrga aldynda…" // Abdurakhmanov O. Karakalpak duniesi. Publitsistika, esse zhane khikayalar. – T.: Alisher Nauay atyndagy Ozbekistan Milliy kitapkhanasy baspasy, 2011 (ozbek tilinde).
7 "Paytakhtta zhasau zhauapkershiligi" // Usnatdinov Sh. Korgenderim zhane konildegilerim. – Nokis: Karakalpakstan, 2009 (karakalpak tilinde).
8 "Gulayym", 2013. № 1.
9 Orazbay Abdurakhmanov. Tandamaly shygarmalary. – T.: "Fan" baspasy, 2009 (karakalpak tilinde).
10 Zhaksylykbaeva P.S. Publitsistin shygarmashylyk sheberkhanasy. – Almaty: Kazak universiteti, 2011.

ӘОЖ 82-1

А.Т. Нұрпейісова

Алматы үздіксіз білім беру университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: ak_nur_t@mail.ru

Мағжан поэзиясындағы ағартушылық идея

Ең көрнекті қазақ ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев поэзия аспанын өзінің құдай берген жарқын талантымен ерекше шұғылаға бөледі. Ұлт тағдыры, ұлыс бірлігі туралы «он ойланып, жүз толғанған» қазақ ақыны бірте-бірте әлемдік ойшылдар қатарына көтеріліп, жалпыадамзаттық проблемаларға өзінше үн қатады. Адамдардың жаппай пайда қуды, өнер-білімнің өзін пайда табудың, біреуге зорлық жасаудың құралына айналдыруын – адамзатты апатқа соқтыратын жол екенін Мағжан сол кезде-ақ сезінген. Пайдакүнемдік рационалдық ойлауға негізделген Батыс өркениеті ақынды қатты шошындырады. Шығыс философиясындағы сезімдік таным әдісі, пайдалылыққа емес, руханилыққа басымдық беру дәстүрі Мағжанды қатты қызықтырған. Әлемді апаттан құтқаратын Шығыстағы дәл осы руханилық нұры деп есептейді ақын.
Түйін сөздер: әдеби мұра, поэзия, философиялық ойлар, дүниетаным.

A.T. Nurpeisova

Magjan Jumabaev's Educational Ideas

The article is concerned with the thematic and idea basics of Magjan Jumabayevs works.
The article discusses issues of ideological and thematic foundations of poetry. Magzhan Zhumabaeva. Analyzes the educational ideas of the poet in the upbringing of the young generation. Literary heritage Magzhan Zhumabaeva stood the test of time, it is organically entered the history of the Kazakh poetic culture, making along with the works of other classics of its integral part. His poems and keen inherent tragedy, expressing a sense of responsibility to the people and the ensuing appeal to the roots and the turning points of history. The study of creativity Magzhan Zhumabaeva as the national poet of Kazakh literature in science began after independence. Worldview and philosophical thoughts of the poet are relevant in the twenty-first century. This is the greatness, the power of the poet poetic global Magzhan Zhumabayevs.
Keywords: literary heritage, poetry, philosophical thoughts, outlook.

А.Т. Нурпеисова

Идеи просвящения в поэзии Магжана Жумабаева

В статье рассматриваются вопросы идейно-тематических основ поэзии Магжана Жумабаева. Анализируются просветительские идеи поэта в воспитании молодого поколения. Литературное наследие Магжана Жумабаева выдержало испытание временем, оно органически вошло в историю казахской поэтической культуры, составив наряду с творчеством других классиков ее неотъемлемую часть. Его стихам, поэмам присущ обостренный трагизм, выражающий чувство ответственности перед народом и вытекающее из него обращение к истокам и переломным моментам истории. Изучение творчества Магжана Жумабаева как национального поэта в науке казахской литературы началось после обретения независимости. Мировоззрение и философские мысли поэта актуальны в XXI веке. В этом и состоит величие, поэтическая мощь поэта мирового масштаба Магжана Жумабаева.
Ключевые слова: литературное наследие, поэзия, философские мысли, мировоззрение.

XX ғасырдың басындағы қазақ ойшылдарының көзқарастары терең демократиялық және гуманистік сипатта болды. Олардың шығармаларында жалпы адамзаттық маңызға ие философиялық мәселелер – адамның болмысы мен еркіндігі, өмірдің мәні, дін мен еркіндіктің арақатынасы, т.б. мәселелердің де көтерілгенін атап айтуымыз керек. Қазақ

ойшылдары адам бойындағы даралық қасиетке ерекше мән берді, кез келген кісіге қайталанбас жаратылыс жұмбағы ретінде қарады, адам мен ұлттың тарихтағы рөлін дұрыс бағалай білді. Философиялық мәселелерді ізгілік пен қараулық аясында қарастырып, дүниетанымдық ойларын этикалық бояумен астастыра бейнеледі.

Дәл осы кезеңде ғұмыр кешкен ең көрнекті қазақ ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев поэзия аспанын өзінің құдай берген жарқын талантымен ерекше шұғылаға бөледі. «Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген, – деп жазады Жүсіпбек Аймауытов өзінің 1923 жылғы «Мағжанның ақындығы туралы» деген мақаласында, – Абай сөздің ішін мәнерлеп, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ... Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ».

Ал қазақ халқының кемеңгер перзенті Мұхтар Әуезов 1927 жылы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің сауалдарына қайтарған жауабында: «Мағжан – мәдениеті зор ақын... заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжан сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», – деп жазады.

Бұдан біз көзі тірісінде-ақ Мағжан Жұмабаев жырларының қазақ халқы, тек қазақ халқы ғана емес-ау, бүкіл түркі әлемі зиялы қауымының санасы мен сезімін жаулап алып, аймақтық, тіпті, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналғанын байқаймыз. Шынымен-ақ Мағжан шығармаларында айтылатын қағидалар мен ойлар, ақын жүрегін мазалаған толғаныстар бүгінгі таңда, бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, уақыт озған сайын ұлттық, ұлыстық, жалпыадамзаттық-әлеуметтік проблемалар қатарында алдымыздан қайта шығып отыр. Ал оның жырларындағы терең толғаныстардың философиялық-дүниетанымдық астары, ақынның сан түрлі сезімін жаулап алып, аймақтық, тіпті, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналғанын байқаймыз. Мағжан шығармаларында айтылатын қағидалар мен ойлар, ақын жүрегін мазалаған толғаныстар бүгінгі таңда, бір ғасырға жуық уақыт өтсе де өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, уақыт озған сайын ұлттық, ұлыстық, жалпыадамзаттық-әлеуметтік проблемалар қатарында алдымыздан қайта шығып отыр. Ал оның жырларындағы терең толғаныстардың философиялық-дүниетанымдық астары, ақынның сан түрлі сезімге түсірген жағдайлардың әлеуметтік мәні зерттеушілер назарынан тыс қалып келеді.

Жүсіпбек Аймауытов сөзімен айтсақ, «Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті». Оның өлеңдері «әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді».

Ақынды алғашқы өлеңдерінен бастап, соңғы демі үзілгенше туған халқының, бүкіл түркі жұртының, Шығыс мәдениетінің, жалпыадамзаттық тағдыры толғандырады. Ес білгеннен көкжиекке дейін керілген кең байтақ даланы тамашалап еркін өскен, елінің өткен даңқты тарихы мен ертегі-аңыздарын құлағына құйып ер жеткен Мағжан бойында, әуелгіде, өршіл ұлттық рух кемерінен асып төгіледі:

«Шынында менің өзім де – от,
Қысылған қара көзім де – от.
Мен оттанмын, от – менен
Жалынмын мен жанамын
Оттан туған баламын».

Ақынның «от» деп отырғаны – халықтың ұлттық рухы. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге, тіпті, әлем халқына өз өркениетіңді танытуға болады деп есептейді.

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, ғұннан туған пайғамбар».

Жоқ, бұл – кезінде Еуразия құрлығын ат тұяғымен дүбірлеткен, алыс-жақын ұлыстарға мәдениет пен шаруашылықтың жаңа тәсілдерін үйреткен, бірақ кейін тағдырдың жазуымен әлемдік өркениет көшінен кенжелеп қалған өлке перзентінің аспандағы айды алам деп секірген тарпаңдығы емес. Бұл – өз халқының

бойындағы биік рухқа сенген, сол рух қайта бір дүр сілкінсе, армандаған азаттыққа жеткізеді, әлемдік өркениет көшінің алдыңғы легіне қайта қосылуға болады деп үміттенген азаматтың парасатты да мақсатты әрекеті.

Мағжан ақын болса, халықтың тарихи зердесін оятып, ұлттық намысы мен ұлттық рухын сілкіндірудің қажеттігін, ортақ мүдде жолында топтасқан ұлттың ғана азаттық алып, әлемдік өркениеттік қауымдастық қатарына бәсекеге қабілетті болып қосыла алатынын осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын-ақ түйсініп, өршіл жырға айналдырып, айта алған. Және туған халқының сол замандағы қиын халін кенжелеп қалған тұрмыс-тіршілігін көре отырып, осылай жасаған:

«Ұйқы басқан қабаған,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен,
Бірге жусап, бірге өрген.
Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол елімді сүйемін!», –

деп суреттейді ақын сол заманындағы ұлтының болмысы мен тұрмыс-тіршілігі туралы. Ақын әлемде не болып жатқанымен шаруасы жоқ, «алдындағы малымен», «ескі заңымен» қоңырқай тіршілік кешіп жатқан халқын сүйіп қана қоймайды, оның ертеңгі болашағының жарқын болатынына сенеді. Оның сол жарқын болашаққа тезірек жетуі үшін жанын да, қанын да аямайтынын паш етеді.

Ұлтты сүю, кісілік деңгейге дейін көтерілу, туған халқының мүддесі үшін құрбандыққа баруға әзірлік – Мағжан Жұмабаевтың өмірлік мұраты... Жас ұрпаққа арналған «Педагогика» оқулығында ол: «Өзінің елін сүюі, яғни елінің жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеуді» әрбір адамның қасиетті борышы ретінде атап көрсетеді [1, 10 б.].

Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының ұлы шоғырын топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан құтқару, жаңа ұлттық сананы қалыптастыру, өзге өркениетті елдер қатарына қосу болғаны белгілі. Мағжан да осы мұратты жүзеге асырудың жолдарын іздеп, басын тауға да, тасқа да соққан.

«Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жиылып, оңдалайық.
Мың жылғы өткен қумай ата заңды,
Өнерден кем қалмайық, ойланайық,
Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,
Қайдағы оңды жерді таңдап алсақ», –

деп отырықшы тұрмысқа көшіп, қала салуды елді, жерді ешкімге бермей сақтап қалудың бірден-бір жолы ретінде ұсынады. Сондай-ақ:

«Ескіше тұрып егеспе,
Заман – тұлкі, тазы бол
Базарша дүкен құр енді», –

деп халықты сауданың тілін білуге, қазіргі тілмен айтқанда нарықтық экономика заңдарын меңгеруге шақырады. Ал мына өлеңінде ақын:

«Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,
Малды аяма оқу-білім жолына.
Өнер алып, басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей азаматтың тобына!» -

деп қазақ ұлтының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындай етіп тәрбиелеу ісінен іздейді [2, 145 б.].

Мағжан Жұмабаев – тек бір ұлттың ішкі әлеуметтік проблемаларымен шектеліп қалмаған ойшыл. Дана ақын ойы қазақтың кең даласынан жоғары көтеріліп, бүкіл әлемді шарлап кетеді:

«Адамзат баласына енді көштім:
Япыр-ай, осындай-ау адам-дағы
Бірі күшті, біреуі жаман-дағы
Күштісі әлімжеттік қылғаннан соң,
Дүние де жақсылықтан аман-дағы.»

Адамзат қауымындағы Мағжан заманындағы болған негізгі қайшылықтар бір ғасыр өтсе де шешімін тапқан жоқ. Керісінше, жиырма бірінші ғасырдың басында олар әлдеқайда күрделене түскен сыңайлы. Бұл әлемді күшті мен әлсіз өз мүддесіне пайдалануы, өз ықпалында ұстауы өзгермейтін заң ба әлде? Бүгінгі жаһандану заманында талай елдің алдында тұрған осынау сауалдардың жауабы кезінде Мағжан ақынды да толғандырыпты. Ол, міне, мынау:

«Күшсіздер де тырысып, қатар болсын!
Дедім де жөнелдім мен қолым сермей!»
Қалай «тырысады», қалай «қатар болады?»

Әрине, өзін-өзі дамыту содан соң бір-бірімен бірігу арқылы.

Ұлт тағдыры, ұлыс бірлігі туралы «он ойланып, жүз толғанған» қазақ ақыны бірте-бірте әлемдік ойшылдар қатарына көтеріліп, жалпыадамзаттық проблемаларға өзінше үн қатады. Адамдардың жаппай пайда қууды, өнер-білімнің өзін пайда табудың, біреуге зорлық жасаудың құралына айналдыру – адамзатты апатқа соқтыратын жол екенін Мағжан сол кезде-ақ сезінген. Пайдакүнемдік рационалдық ойлауға негізделген Батыс өркениеті ақынды қатты шошындырады. Шығыс философиясындағы сезімдік таным әдісі, пайдалылыққа емес, руханилыққа басымдық беру дәстүрі Мағжанды қатты қызықтырған. Әлемді апаттан құтқаратын Шығыстағы дәл осы руханилық нұры деп есептейді ақын.

«Көп білем деп бөлуге,
Көп күлем деп өлуге
Жақын қалды Күнбатыс...
Қысық көзді Күншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс.
Күнбатысқа жүрелік...
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,
Мейірім есігін ашалық.
Мұңдарларды адасқан,
Айырылып естен шатасқан
Күншығыстың жолына
Салайық, шетсін демейік,
Аямайық көмейік
Күншығыстың нұрына...»
«Таспен атқанды, аспен ат»

деп қатыгез адамның өзін мейірім шуағымен қайта тәрбиелеп алуға болатынына сенетінін қазақ халқының ұлы гуманистік рухын бойына сіңіріп өскен Мағжан әлемді меңдеген «өзімшілдік» дертін де мейіріммен, руханилық нұрымен ғана жеңу қажет дейді [3, 115 б.].

Жалпы алғанда, Мағжан шығармашылығы – қазақ поэзиясына өзге леп әкелген, соны шығармашылық ізденіс жемісі. Қазақ оқырманы Мағжан поэзиясын енді ғана тұшына оқып, «мың қайталап», жанына ләззат тауып жатуының сыры осында. Қазақ әдебиеттану ғылымы оның ұлттық ақын ретіндегі ұлылығын енді-енді тану жолына түсті. Мағжантану мәңгіге жалғаса бермек.

Әдебиеттер

1 Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 52 б.
2 Жұмабаев М. Шығармалар 3 т. – Алматы, 1995. – 512 б.
3 Тоғжанов Ғ. Жүсіпбектің сыны. Мағжанның ақындығы туралы. – Москва, 1926. – 356 б.

References

1 Maitanov B. Magzhan Zhumabaevtin poetikasy: oku kuraly. – Almaty: Kazak Universiteti, 2001. – 52 b.
2 Zhumabaev M. Shigarmalar 3 t. – Almaty, 1995. – 512 b.
3 Togzhanov G. Zhusipbektin syny. Magzhannyn akyndygy turaly. – Moskva, 1926. – 356 b.

ӘОЖ 070

М. Абдраев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: abdraev moldahan@kaznu.kz

Телесұхбат – ақпарат алу әдісі

Автор мақаласында жалпы телехабар жасау барысындағы телесұхбат және режиссерлық шеберлік пен студиялық хабардың үйлесімділігін зерделейді. Көптеген телехабар, телефильм, тележаңалықтар, деректі фильмдердің мәні сұхбат алу арқылы толықтырыла түседі. Демек, телесұхбат студиялық, студиядан тыс ұйымдастырылған жағдайда да бүгінгі күнге сай әлеуметтік-жедел сұхбат және мәдени-дәстүрлі сұхбат түрінде де қатарын көбейте түсуде. Оның мәнділігі әлемдік дағдарыс пен жаһандану дәуірінің көпжақты қырларының ашыла түсуінде. Яғни экономикалық-саяси, әлеуметтік-мәдени тұжырымдардың жиі өзгеріске ұшырауы стратегиялық бағытты айқындаудың талабынан туындады. Демек, телесұхбат жанрларының халықтық, қоғамдық қозғалыспен қатар ауқымдана берері хақ.
Түйін сөздер: автор, телесұхбат, тележанр.

M. Abdraev

Teleinterview is a method of collection of information

The author of article gives the characteristic of interaction of teleinterview – director's skill – transfer on television station, and also efficiency of the information process, revealing degree of familiarity of the data containing in interview, audience.
Keywords: author, teleinterview, telegenre.

М. Абдраев

Телеинтервью – это метод сбора информации

Автор статьи дает характеристику взаимодействия телеинтервью – режиссерское мастерство – передача на телестудии, а также эффективности информационного процесса, выявляющей степень освоенности сведений, содержащихся в интервью, аудиторией.
Ключевые слова: автор, телеинтервью, тележанр.

Эфирді игеру журналистік бекініс болғандықтан студияға басшылық жасау – басты талаптардың бірі. Телесұхбаттағы басшылық дегеніміз не? Көрерменді телеэкран арқылы қалай басқарамыз? Экран арқылы қалың көпшіліктің көңілін тауып, діттеген ой мақсатынан шығу әлемдік телеарналардың даму тенденциясының жүгін арқалап келеді. Демек, жүргізуші, сұхбат алушы журналистің ұйымдастыру қабілетіне зер салынады. Яғни көрермен кадрдегі журналистің рухани жетістігі қаншалықты деңгейде екенін жазбай таниды, оның танымдық дүниесіне, көкірек сырына баға береді. Тек сұрақ қою арқылы ғана жауап алу кемшілік болып есептеледі. Сауал қоғамдық, әлеуметтік рухта, өзектелген мәселелерді қозғайтындай

© 2013 Al-Farabi Kazakh National University

моральдық тұрпатта қойылса, көрермен де студиямен хабарласу арқылы ақпараттық негізде сұрақ береді. Жалпыға айналған жауап-сауалдан өзгелер де қанағаттанарлық дүние табады. Осындай көпшілік көрермендермен телеарна арқылы қауышу дәстүрі журналистік шеберлікпен жүзеге асырылады. Көрерменнің хабарға жұмылдырылуы әр-түрлі психологиялық қатынастарға итермелей отырып, сөзден сөз, сұрақтан сұрақ туындай береді де ақпараттық нышаны аңғарылып отырады.

Студиялық хабар негізінде жүргізілген телесұхбатта шақырылған қонақтар тарапынан айтылған идея мен атқарылған іс-шаралары төңірегіндегі әңгіме – әрісі есеп, берісі жоспар, ойы ортақ тақырыпты құрайтын басты нысана болғандықтан оның әлеуметтік деректілігі де арта береді. Сондықтан да телесұхбат жанрының ерекшелігі оның ақпараттық жанрға жақын тұруында ғана емес, өзге де ірі жанрлардың сипатын ашатын мазмұндық, тақырыптық, идеялық өзектілігінде.

Телесұхбат таспаға жазылып алынған соң өңдеу аппаратында көрінісаралық пен сұхбатаралық құбылыстың эстетикалық құндылығын арттырудағы көркемдеу тәсілдері телевизияның көрнекілігін құптатады. Алайда мұнда кадр сыртындағы көркем баяндау мен әсірелеп әңгімелеу телесұхбаттың мәнін ашуда кереғар құбылыс ретінде танылады. Себебі сұхбат беруші айтар ойын шынайы білдіргенде ғана оның ыждаһат іскерлігі мен шеберлігі танылып, шешендігі боямасыз сөздермен арта түседі. Тақырыпқа деген көрермен қызығушылығын арттыру – сұхбаттың ерекшелігі. Осы орайда, іркілмей, еркін төгілген ой көркемдігінің салмағы ауқымды, толымды түрмен молыға түсетіні дәлелді. Өйткені тәжірибеде көріп жүргеніміздей, студиялық, мекенжайлық, мекемеішілік сұхбаттың негізгі тақырыбы әңгімеден бастау алып, талдау, саралау, пікір, көзқарас білдірумен өрістейді.

Сондықтан телесұхбат жанрының қозғайтын мәселесі терең, көтерер тақырыбы да ауқымды болғандықтан, бірнеше топқа бөлініп қарастырылады. Дейтұрғанмен, сұхбат – қоғамдық құрылымның түріне қарай ерекше сипат алып, әлеуметтігі арта түсетін жанр. Т. Қожакеев: «...интервью түрлеріне келсек, оны негізінен екі топқа бөліп жүрміз. Олар – хабарлама интервью және түсіндірмелі. ...Мысалы, хабарлама интервью интервью – диалог, интервью – манолог және интервью мазмұндама деп жіктелсе, ал түсіндірмелі интервью тобына интервью – суреттеме, прессконференция, дөңгелек үстел басындағы әңгіме, анкета және сын – интервью жатады», – дейді. Қожакеев Т. 7-том, 40 бет. (Таңдамалы шығармалар, көптомдық. 7-том. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2007. – 346 бет).

Көптеген телехабар, телефильм, тележаңалықтар, деректі фильмдердің мәні сұхбат алу арқылы толықтырыла түседі. Демек, телесұхбат студиялық, студиядан тыс ұйымдастырылған жағдайда да бүгінгі күнге сай әлеуметтік-жедел сұхбат және мәдени-дәстүрлі сұхбат түрінде де қатарын көбейте түсуде. Оның мәнділігі әлемдік дағдарыс пен жаһандану дәуірінің көпжақты қырларының ашыла түсуінде. Яғни экономикалық-саяси, әлеуметтік-мәдени тұжырымдардың жиі өзгеріске ұшырауы стратегиялық бағытты айқындаудың талабынан туындады. Демек, телесұхбат жанрларының халықтық, қоғамдық қозғалыспен қатар ауқымдана берері хақ. Іс пен сөздің қатар өрбуі телеарналық сұхбат хабарлардан айқын көрініп, мағыналық арқауы ашылып отырады. Сұхбаттағы сөз ширай келе адамтанудан әлеуметтануға ұмтылдырып, ісаралық қимыл-қозғалыс қатынастылығында көркемдік пішінге қанығады.

Сұхбаттағы басты байланыс құралы – тіл. Осы орайда, ғұлама ғалым З. Қабдолов: «Бір кездегі ым, одан кейінгі үн адамдардың еңбек процесінде туған, адамдардың ойын өрбітер қозғаушы күш болатын. Бірақ тілсіз дұрыс қарым-қатынас жасау мүмкін емес те, қарым-қатынассыз жалпы қоғам болуы мүмкін емес. Үнсіз ым, тілсіз үн – әншейін қарапайым ұғымдар маңында ғана түсінісу, ал өзара ойласу, пікірлесу, сырласу тек тіл арқылы ғана мүмкін еді. Міне, осы ретпен туған адам баласының тілі адам қоғамы дамыған сайын дамып, байыған сайын байып келе жатыр. Тіл заңы – объективті заң», – дейді. Қабдолов З. Сөз өнері 188 б. (Сөз – өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.)

Сұхбаттаса отырып, айналаңа көңіл бөлесің, ал төңірегің саған ықылас аударып отырады. Сөйлесу, пікірлесу, ой бөлісу нәтижесінде нысаналы сөздеріңмен әлеуметтік тұлғаға айналасың. Яғни сұхбат берушінің рөлі қоғамдық мәнге ие болуының себебі, әр сөзінің

ақпараттық энергиясын көрермен қабылдайды. Сөздің күші тілдің қуатымен жүзеге асырылады да, телекоммуникациялық жүздесу арқылы тақырып мәселесі төңірегінде жан-жақты ақпараттандырылады.

Сұхбаттағы екі немесе бірнеше адамның әңгімелесуі бейнелік және дыбыстық қатынастың үйлесімділігімен, яғни сөйлеу, мәнерлеу, мысалдау тәсілдерімен бейнематериалдың сапасын құрайды. Демек, теледидар ақпарат жүйесінің қуатты орталығы бола отырып, сұхбат жанрының жаңаша формаларын да қамтыды. Соның негізінде адами жауапкершілік, мәдени сана, азаматтық рух қалыптастыруда бастапқы орынды иеленеді. Өйткені әр телеарна көрермен үшін күреседі. Сондықтан да әлеуметтік-саяси хабарлардың бел алуы телесұхбат жанрының белсенділігін арттырып отыр. Мұның тағы бір себебі, халықаралық қатынастың дамуы және ғылыми-техникалық үрдістің шартарапқа таралуы телеконтингенттің кеңістігін ұзарта түсті.

Телесюжеттің мәтіні образдау емес. Болған оқиғаның кеңістігін қамту арқылы детальды көріністің объективті қабылдануымен шектеледі. Себебі сюжет те, мәтін де көрерменге сол мезетінде қабылданады.

Ол бейнелеу де емес, ақпараттандырылған сәт. Бірнеше қимыл-әрекеттің басын қосқан оқиға тізбесінен тұратын жаңалықтар жетілімі. Демек, сюжет пен мәтінді тұтынушы, яғни қабылдайтын психологиялық адресат бар. Ол – көрермен, тыңдарман.

Телесюжеттегі жаңалықтар мәтіні идеалдандырылмайды. Мәтін өте құнды деректі мәлімдеп қана қоймайды, мәліметтейді. Телекадр сыртындағы мәтіндеушінің көрерменге іс-әрекетті жеткізу формасы. Мұндай жағдайда кадрдегі журналист эмоциялық кейіпте көрінгенімен, мәтінге ерекше мән беріледі. Соның негізінде сұрақтар туындайды.

Ал телехабар, деректі фильмдердегі мәтіннің орналасу тәртібінде әдеби категориялар көптеп қолданылады. Онда дәуірлеу, сипаттау, көркемдеу, теңеу, метафора, тағы басқа элементтердің жиынтығы қолданылады. Себебі көрерменнің көңілінен шығу талабы белгілі бір шарттарды орындаудан бөлек – жылылық таныту, жұмсақ сөзбен көңілге еніп, езу тартарлық юмор, әзіл сөз тәрізді суреткерлік қабілет пен адам мінезін кейіптеу тәсілдері, тіпті, бейнекадрмен образдау мақсатталады. Яғни «сөздер мен сөз бөліктерінің құрылымы немесе олардың өзара сабақтаса байланысуы сынды талаптар орындалады» (О. Ошанова «Сөйлеу мәдениетінің негіздері» (73 б.). – Алматы: Қазақ университеті, 2012 . – 186 б.).

Демек, сюжеттің құрылымына орай мәтіндік баяндау беріледі. Қай тұрғысынан алып қарасаң да тіл – негізгі айқындаушы құрал. Бірақ экрандық телехабармен, деректі фильмдер сахналық тартысты бейнелемейді. Алайда мәтіндеу ережесімен оқиғаның мағынасын аша түседі. Әрі тіл туралы теориялық түсініктер де дәл осы мәтіндеу кейпінде биік маңызға көтеріледі.

Сюжеттердің тұтастығы тақырыптық детальдардың айқындылығында. Айқын деген – нәрсе телекөріністерде шындыққа жақын дүниелердің жиынтығы. Мысалы: өткен дәуірдің қуғын-сүргін кесапатын бейнелеу үшін адамдардың аш-жалаңаш тұрпатын, азып-тозған тобырды, ызаға булыққан ашулы түр-әлпетті, аяушылыққа лайық қимылдарды, мүсәпірлікке мойынсынған жандарды кадрлеу көзделеді. Мұндай көріністер – кезеңнің драмалық эпизодтары.

Демек, сөз бен сөйлем тұтастығы мәтіндік үйлесімге түсіп, бейнекадрлық көріністер жалпы мазмұндық бітімді құрайды. Сондықтан телеарнада эфирлік өнімді әзірлейтін журналист мына жағдайларды ескеруі шарт:

Біріншіден, тіл меңгерудің әлеуметтілігін басты назарда ұстау: Яғни тіл тазалығын есте ұстап, шеберлікті меңгеру. Бұл ахуал мәдени-этностық пікір-көзқарасты арттырып, тыңдаушылар мен көрермендер санын ұлғайтады. Басқаша айтқанда, тілдің идеологиялық ықпалы функционалды нысанаға айналады. Сондай-ақ ақпарат пен телехабардың, телефильм мен деректі фильмдердің, тіпті, телеарна қызметінің сапа деңгейі қоғамдық құрылымның жалпы көзқарасымен айқындалады.

Social media have brought the country's media industry to a new level over last years and have caused changing of traditional communication patterns between organizations and their audiences. This article aims to analyze potential of social media as a new direct communications tool with regard to its positive impact on journalism and PR ethics in Kazakhstan, with particular focus on the issue of "seller-buyer" relationships between journalists and organizations. Firstly, a brief introduction into the background of Kazakh media sector and the key social, historical and economic factors that have influenced it, will be provided. Secondly, the issue of paid materials and major reasons behind that, including the Soviet heritage of Kazakh media and *propaganda* phenomenon, will be outlined. Further, current application of social media and the role of traditional media in public relations will be discussed. Major obstacles to formation of social media as a full-fledged communication channel, such as «digital divide», will be explored next. Discussion of the subject in the article is based on relevant modern theories on new media, supported by interviews with PR practitioners from various industries, analysis of media materials, and the own practical experience of the authors in PR sector in Kazakhstan.
Keywords: social media, media ethics.

Т.М. Тампаева

Қазақстандағы әлеуметтік медиа дамуы контекстіндегі журналист этикасы және паблик рилейшнз

Мақалада әлеуметтік медианың соңғы жылдары елдің медиа секторын жаңа деңгейге көтеру, мекемелер және олардың аудиторияларымен дәстүрлі коммуникациялар түрінің өзгеруіне ықпалы қарастырылады. Мақаланың мақсаты – әлеуметтік медианың тікелей коммуникацияны жаңа құрал ретінде қолдану мүмкіндігі және оның журналистика мен қоғаммен байланыстағы этикаға тигізер оң ықпалы зерттеледі. Сонымен бірге әлеуметтік медианың Қазақстанның медиа секторына және оған әсер ететін әлеуметтік, тарихи, экономикалық факторларына қысқа шолу беріледі.
Түйін сөздер: әлеуметтік медиа, медиа-этика.

Технологическое развитие и раширение доступа к технологиям по всему миру Алиерта [1] описывает как «безусловно положительные – для общества, для компаний, для индивидуумов». Как отмечает автор, «оптимистичный взгляд основывается на .... функциях освобождения и демократизации новых информационных технологий». Мнения специалистов касательно влияния новых информационно-коммуникационных технологий варьируют в широком диапазоне – от оптимистичных до скептических. Тем не менее, трудно переоценить роль, которую новые информационно-коммуникационные технологии играют в нашей жизни, и тот совершенно новый уровень развития, которого достигли многие сферы жизни с тех пор, как появились новые ИКТ. Цель данной статьи – осуществить анализ потенциала одного из видов ИКТ – социальных медиа, как платформы для прямых коммуникаций между организациями и их аудиториями, а также как фактора, положительно влияющего на медиа-этику в Казахстане.

Еще в 1996 году Ньюхаген и Рафаэли утверждали, что интернет сбрасывает «оковы линейных коммуникаций». Как отмечают исследователи, времена, когда «эти оковы традиционно приковывали коммуникации к прокрустовому ложу предопределенного порядка и тирании писателя над читателем» [2], прошли. Социальные медиа широко обсуждаются в связи с этикой и, в частности, в связи с вопросами приватности и правами личности. Однако их еще не анализировали достаточно глубоко как средство для улучшения медиа-этики. Следует отметить, что эта тема имеет особое значение в странах постсоветского пространства.

С нашей точки зрения, социальные медиа являются средством прямых коммуникаций между организациями и их аудиториями, поэтому они помогают исправить нынешнюю ситуацию с медиа-этикой в Казахстане, а именно проблему заказных материалов. Широко распространенная практика публикации заказных материалов без индикации того, что за них было заплачено, стала причиной финансового неравенства в возможностях паблисити. Чем больше финансовых возможностей у организации, тем больше у нее шансов появляться в популярных газетах, телеканалах и радио с информационными поводами, о которых она хочет поведать общественности. Как отмечает Даттон, «инновации ИКТ в таких сферах, как Интернет и веб, вместе с новыми управленческими и бизнес-практиками, безусловно расширили возможности связи с аудиториями, доступные индивидуумам и небольшим компаниям» [3]. Это утверждение поддерживается аналитиками Гартнер: «Время экономики push («толкать»), когда средства коммуникации контролировались крупными организациями, прошло. Что мы видим с социальной сетью, это экономика pull («тянуть»), где индивидуумы получают информацию, делают свой собственный выбор и постепенно становятся ведущей силой во взаимосвязи» [4]. Таким образом, развитие ИКТ дает рядовым малобюджетным организациям возможность быть услышанными.

Любое явление должно рассматриваться в контексте, в котором оно происходит. Роль новых технологий не может быть эффективно рассмотрена без взгляда на общий экономический, социальный, исторический и культурный бэкграунд страны. Эти факторы сформировали развитие новых медиа в стране и новые медиа, в свою очередь, влияют, например, на экономическую среду. Как отмечает Кастеллс, «мы должны определять революционный процесс технологических изменений в социальном контексте, в котором он происходит и под влиянием которого формируется» [5]. Медиа-сектор может служить индикатором общего развития страны, например в сфере обеспечения прав человека, таких, как свобода слова, или в сфере экономического развития, такого, как уровень конкурентности в индустрии. Как отмечено в отчете Всемирного банка [6], «исследования показывают, что инвестиции в ИКТ могут усиливать экономический рост и продуктивность компаний всех размеров в странах самого разного уровня благополучия». Как пишет Алиерта [7], ключевым моментом касательно ИКТ является то, что они «делают решающий вклад в эволюцию продуктивности», что применимо как «на микроуровне частной компании или организации, так и на уровне целой экономики, которая получает преимущества от конкурентоспособности отдельных компаний».

Казахстан представляет интерес для исследователей в целом с той точки зрения, что это страна, осуществившая быстрый переход от социализма к рыночной экономике. После того как республика обрела независимость в 1991 году, она столкнулась со значительными экономи-

ческими и социальными проблемами (сильное падение ВВП в 1995 году, высокий уровень инфляции с начала до середины 90-х годов и др.) [8]. Несмотря на эти трудности, сейчас Казахстан часто называют самой большой экономикой Центральной Азии [9]. Казахстан стал первым постсоветским государством, которому присвоили инвестиционный рейтинг. «С 2000 по 2007 годы казахстанская экономика росла более чем на 9% в год». Также считается, что Казахстан хорошо справился с проявлениями всемирного экономического кризиса 2008 года [10].

Тем не менее стоит отметить, что казахстанская экономика развивается, в основном, за счет природных ресурсов и другим секторам предстоит пройти еще долгий путь в своем развитии. Как отмечается на официальном сайте Президента РК (2011), «главным двигателем казахстанской экономики были иностранные инвестиции, в основном, в бурно развивающийся нефтяной и газовый сектор страны». Начиная с 2004 года государство начало реализовывать проекты по диверсификации экономики, которые стимулируют развитие секторов с высокой добавленной стоимостью, такие, как, например, туризм, текстильная промышленность, технологии и наука. Такой транзит – это большой вызов. Несмотря на это, у страны есть многообещающий потенциал развития как регионального ИТ-лидера вследствие стабильных политических и экономических систем, благоприятного географического расположения и низкой стоимости рабочей силы» [11].

Тенденции развития в сфере ИКТ Казахстана очевидны. Например, количество интернет пользователей на сто жителей увеличилось с 12.3 в 2007 году до 33.9 в 2009 [12], и по данным, озвученным на Всемирном экономическом форуме – 2011 94% населения было покрыто мобильной связью в 2009 году [13]. Как отмечает Баглан Айдашов, глава информационно-аналитического центра Казахстанской интернет-ассоциации, количество интернет-пользователей в стране составляет более 40% от населения, среди молодых людей от 18 до 35 лет в больших городах оно достигло 70%. Кроме того, по данным Айдашова, рост интернет-аудитории приводит к тому, что теперь информационное поле формируется не только за счет традиционных СМИ, но и за счет так называемых новых медиа, включающих в себя социальные сети, блог-платформы, форумы и онлайн-СМИ, формируемые сторонними пользователями (user-generated content) [14].

В индексе развития ИКТ Международного телекомуникационного объединения Казахстан поднялся с 72 места в 2008 году до 68-го в 2010, что делает его одной из пяти наиболее развитых в сфере ИКТ постсоветских стран наряду с Россией, Беларусью, Молдовой и Украиной [15]. Процент домохозяйств с доступом в интернету увеличился с 17% в 2008 году до 23.2% в 2010 году. В сравнении с такими странами, как, например, Республика Корея, где 96.8% домохозяйств имели доступ к интернету в 2010 году [16], этот прогресс не выглядит впечатляющим. Тем не менее положительные тенденции в развитии выглядят многообещающими.

Появление интернет-новостных агентств, довольно большой блогосферы, вовлечение организаций в социальные медиа свидетельствуют о том, что с развитием новых технологий медиа-сфера развивается быстрее. Тем не менее сама сфера и, в частности, ПР-сектор, находятся на этапе развития, реалии которого еще не соответствуют международным стандартам ПР-индустрии. Одним из ярких доказательств тому является нарушение общепринятых международных этических принципов ПР и существование такой практики, как приобретение проплаченного позитивного паблисити в медиа, проблема которой будет рассматриваться далее в данной статье.

Как отмечается Американским обществом паблик рилейшнз, «практика ПР представляет уникальные и сложные этические проблемы», «основными принципами этики ПР являются объективность, честность, лояльность и профессиональное развитие» [17]. Основываясь на собственном профессиональном опыте, а также на результатах глубинных интервью с представителями отечественной ПР-индустрии, можно сделать вывод о том, что степень соответствия казахстанского ПР-сектора этическим принципам не очень высока. Одной из основных проблем можно считать размещение заказных материалов, выдаваемых за журналистские.

Несомненно, такая практика противоречит основным правилам медиа-этики. Она дискредитирует как ПР-специалистов, так и журналистов, и служит индикатором развития медиа-сферы. Наряду с этим можно отметить проблему неравного доступа организаций к СМИ. Крупные компании, которые могут себе позволить покупать статьи и эфирное время, шире освещают свою

деятельность в СМИ и имеют больше возможностей для того, чтобы продвигать свои интересы, по сравнению с небольшими компаниями, которые не представляют особого интереса для СМИ.

Асель Караулова, директор Казахстанского пресс-клуба, отмечает, что в стране не наблюдается существенного различия между журналистикой и паблик рилейшнз. Она говорит о том, что СМИ в Казахстане работают не на аудиторию, а на бизнес, журналисты выступают в роли пиарщиков, что противоречит самой сути журналистики. Ярослав Разумов, журналист с шестнадцатилетним опытом, анализируя различия между журналистикой в советское и в нынешнее время, отмечает, что большинство населения эпохи социализма могло анализировать и быть критичным, люди были способны читать между строк. «Сейчас журналистика – это катастрофа» [18]. Кенни и Гросс отмечают, что Разумов объясняет это "недостатком квалифицированных специалистов в СМИ" и "качеством аудитории". Тем не менее авторы отмечают, что Разумов ничего не сказал о "распространенной системе оплаты под столом", когда журналисты пишут заказные статьи и "смешивают журналистику с ПР" [19].

Статья Валери Терри о ПР в Казахстане (2004) также является одним из редких материалов на эту тему. Терри пишет, что «интерес к ПР в стране растет», однако существуют заблуждения о том, что же на самом деле это такое [20]. Автор делает анализ данной сферы, отмечая различные проблемы, такие, как низкий уровень заработной платы журналистов и опору ПР на деньги больше, чем на этические принципы.

Андрей Свечников из PRP Group (российское отделение агентства Weber Shandwick) отмечает, что при обсуждении ПР индустрии в России не следует забывать, что Советский Союз распался только в 1991 году, и несмотря на то, что ПР является общепринятым коммуникационным инструментом, пропаганда еще жива [21]. Можно отметить, что советское прошлое в какой-то мере также определило дальнейшее развитие медиа-сферы Казахстана. Журналисты и сегодня не видят ничего компрометирующего в том, чтобы писать материалы за вознаграждение со стороны заинтересованной организации. При обсуждении медиа-секторов постсоветских государств следует упомянуть о том, что существует мнение о том, что следы работы советской идеологической машины до сих пор присутствуют в регионе.

При обсуждении роли традиционных медиа в настоящее время необходимо очертить стандартную модель взаимоотношений между организацией и СМИ, как комбинацию следующих взаимодействий:

«Организация – СМИ». ПР-департамент организации имеет список журналистов, с которыми связываются, чтобы проинформировать о новостях компании. Обычно такой список включает журналистов из основных новостных агентств и общих социально-политических СМИ, а также журналистов, которые специализируются на индустрии, к которой принадлежит компания. Если журналист заинтересован в материале, он свяжется с компанией или напишет материал, основываясь на пресс-релизе, бэкграундере или любой другой предоставленной информации. Компании также организовывают мероприятия для СМИ, к примеру, брифинги или пресс-туры.

«СМИ – организация». Если у компании появляется новость, которая заинтересовывает СМИ, журналисты обращаются сами. Обычно журналистов просят писать официальные запросы в письменной форме, которые далее обрабатываются в соответствии с существующей в компании процедурой.

Эти модели подразумевают бесплатное освещение на основе взаимного интереса. Тем не менее существует описанная Кенни и Гроссом общепринятая модель оплаты материалов «под столом». Условия освещения обсуждаются между компанией и СМИ приватно. Существуют, тем не менее, СМИ, которые открыто публикуют прайс-листы «услуг» на своих веб-сайтах. Очень важно, что в таких случаях, как правило, материалы не отмечаются знаками «на правах рекламы» или еще какими-либо знаками.

Данные, представленные выше в этой статье, свидетельствуют о развитии казахстанского ИКТ сектора. Такой факт, как растущее количество индивидуальных пользователей и организаций в Казахстане, которые пользуются социальными медиа, составляет часть этого процесса. Многие частные компании и государственные организации начали рассматривать деятельность в социальных медиа как неотъемлемую часть своих коммуникаций с аудиториями. Еще несколько лет назад было трудно представить, что на казахстанском трудовом рынке появятся такие ва-

кансии, как специалист по социальным медиа, а сейчас это реальность.

Александр Васильев, глава интернет-компании PROFIT Online [22], отмечает что по результатам проведенного их компанией исследования, ежемесячная интернет-аудитория в Казахстане насчитывает 7,5 миллиона человек, и дальнейший прогресс очевиден. Тем не менее один из специалистов, работающий в крупной телекоммуникационной компании, на вопрос автора данной статьи о том, изменились ли их связи с традиционными СМИ после того, как появились социальные медиа, ответил следующее:

«Нет, мы не стали взаимодействовать с ними меньше (традиционными СМИ – прим.)... Я смотрел статистику, что сейчас происходит на Западе. Какие у нас отличия? У нас же проникновение Интернета не так велико... как в странах Европы. Во-первых, не все люди пользуются интернетом. Во-вторых, есть старшее поколение, которое просто не знает, как пользоваться интернетом».

Гипотеза, обозначенная во введении, предполагает, что если раньше организации не могли избежать использования традиционных медиа в качестве канала коммуникации, теперь они могут иметь прямой диалог с аудиториями с помощью социальных медиа. Социальные медиа имеют потенциал стать полноценным коммуникационным каналом, тем не менее, традиционные медиа все еще доступны для казахстанского населения и их роль остается, в основном, неизменной.

Отдельно следует отметить важную проблему «цифрового неравенства» («digital divide»), которую многие специалисты отмечают как актуальную для Казахстана. Доступ к новым технологиям является неравным, одной из причиной которого, среди прочего, является финансовое неравенство. В оценке Всемирного банка [23] отмечено, что Казахстан имеет «самый большой экономический разрыв в населении среди восточно-европейских и центрально-азиатских стран». Вдобавок к низкому уровню достатка, существует часть населения, для которой новые технологии не являются частью повседневной жизни вследствие технической неграмотности и нежелания учиться, особенно это применимо к старшему поколению.

Таким образом, развитие социальных медиа как инструмента для прямых коммуникаций может содействовать решению этических проблем, таких, как практика оплаты медиа-материалов для позитивного паблисити. Поскольку организации теперь имеют возможность генерировать и публиковать собственный контент с помощью социальных медиа, возможно снижение заинтересованности в приобретении статей или эфирного времени у СМИ. Анализ свидетельствует, что тенденция к этому существует, так как вовлечение казахстанцев в онлайн деятельность возрастало в последние годы. Крупный и малый бизнес все больше используют социальные медиа для коммуникационной деятельности, существует также часть «продвинутых» организаций, которые считают это неотъемлемой частью своей работы. Данные, предоставленные в этой статье, показывают, что развитие ИКТ в Казахстане в целом носит многообещающий характер, и страна имеет потенциал стать ИКТ лидером Центральноазиатского региона.

Тем не менее данные также свидетельствуют о том, что существует проблема цифрового неравенства, которое вызвано, в основном, неравным достатком населения. Другой важной причиной является тот факт, что существует большая часть населения, в основном, старшее поколение, которые не используют новые технологии по причине упомянутого низкого уровня достатка, а также технологической неграмотности и устоявшихся медиа-привычек, которые они не хотят менять. Поэтому, как отмечают специалисты, несмотря на все преимущества, которые предоставляют социальных медиа как коммуникационный инструмент, изменений в отношениях организаций с традиционными медиа мало или не существует вообще.

Литература

1 Alierta, C. (2011) The Promise of Technology in Dutta, S., Mia, I. (eds.) The Global Information Technology Report 2010-2011: Transformations 2.0. Geneva: World Economic Forum. – P. 61.

2 Newhagen, J., Rafaeli, S. (1996) Why Communications Researchers Should Study the Internet: A Dialogue. Journal of Communication 46(1): – P. 4-13.

3 Dutton et al (1996a) The Politics of Information and Communication Policy: The Information Superhighway, in Dutton, W.H. (ed.) Information and Communications Technologies: Visions and Realities. Oxford: Oxford University Press. – P.36.

4 World Economic Forum (2010) Empowering People and Transforming Society: The World Economic Forum's Technology Pioneers 2011. Geneva: World Economic Forum. – P.6.

5 Castells, M. (2000) The Rise of the Network Society. The Information Age: Economy, Society and Culture. Volume I. Second edition. Oxford: Blackwell Publishers. – P.4.

6 World Bank (2007) The Little Data Book on Information and Communication Technology. Washington: The World Bank. -P-v.

7 Alierta, C. (2011) The Promise of Technology in Dutta, S., Mia, I. (eds.) The Global Information Technology Report 2010-2011: Transformations 2.0. Geneva: World Economic Forum. – P.62.

8 http://www.akorda.kz/en/kazakhstan/general_information/economic_overview [14.07.2012] .

9 EconomyWatch (2011) Kazakhstan Economy. Available: http://www.economywatch.com/world_economy/kazakhstan/ [9 September 2012].

10 Central Intelligence Agency (2011) Kazakhstan. Economy Overview. Available: https://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/kz.html [1 September 2012].

11 OECD (2010) Kazakhstan: a Case Study on Diversification and Sector Competitiveness. Available: http://www.oecd-ilibrary.org/docserver/download/fulltext/2511011ec010.pdf?expires=1316451965&id=id&accname=id9941&checksum=EF44561738114278AFD61F91C4981427 [10 September 2012].

12 Dutta, S., Mia, I.(eds.) (2008) The Global Information Technology Report 2008-2009. Mobility in a Networked World. Geneva: World Economic Forum. – P.210.

13 Dutta, S., Mia, I. (eds.) (2011) The Global Information Technology Report 2010-2011: Transformations 2.0. Geneva: World Economic Forum. – P.225.

14 Аргументы и факты. Интернет-спасение или опасность? http://aidashov.yvision.kz/post/269589 [12 November 2012].

15 International Telecommunications Union (2012) Measuring the Information Society. Geneva: International Telecommunications Union. – P.13.

16 International Telecommunications Union (2012) Measuring the Information Society. Geneva: International Telecommunications Union. – P.166.

17 PRSA (2009-2011) PRSA Code of Ethics. Ethical Guidance for Today's Practitioner. Available: http://www.prsa.org/About-PRSA/Ethics/ [2 September 2012].

18 Kenny, T., Gross, P. (2008) Journalism in Central Asia: A Victim of Politics, Economics and Widespread Self-censorship. The International Journal of Press/Politics. 13(4). – P. 517,520.

19 Kenny, T., Gross, P. (2008) Journalism in Central Asia: A Victim of Politics, Economics and Widespread Self-censorship. The International Journal of Press/Politics. 13(4). – P. 520-521.

20 Terry, V. (2005) Postcard from the Steppes: a snapshot of public relations and culture in Kazakhstan. Public Relations Review 3: – P. 31-36.

21 Sveshnikoff, A. (2005) PR in Russia: Gloom vs. Growth. Available: http://www.webershandwick.co.uk/outcomes/issue7/top-story.html [25 September 2012].

22. Vlast.kz (2012) Market of Internet advertisement is expecting millions. Available: http://www.profit.kz/articles/1761-Rinok-internet-reklami-v-ozhidanii-millionov/#.ULseX-SGuQw [15 September 2012].

23 OECD (2010) Kazakhstan: a Case Study on Diversification and Sector Competitiveness. Available: http://www.oecd-ilibrary.org/docserver/download/fulltext/2511011ec010.pdf?expires=1316451965&id=id&accname=id9941&checksum=EF44561738114278AFD61F91C4981427 [10 September 2012].

ӘОЖ 002.2(92)

Р.С. Әбдиева, Б.Ә. Омарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: roza_kkz@mail.ru

Қазақ кітап тарихы туралы тың деректер

Мақалада XX ғасырдың бас кезінде пайда болған Шерияздан Шеленов, Қайырбай Мұратов, Туамырза Қозыбаев, Рахат Телешов, Сәния Ертісбаева, Мәдина Әбілғазизова сияқты қазақ баспагерлерінің алғашқы шоғырын атап көрсетеді. Уфадағы, Омбыдағы, Орынбордағы, Қазандағы баспа жұмысын баяндайды. Сонымен бірге Ә. Каримуллиннің «Қазанда шыққан қазыналарыңыздан» атты мақаласына тоқталады.
Түйін сөздер: алғашқы баспагерлер, қазақ кітаптары, М. Жұмабаев.

R.S. Abdieva, B.A. Omarova

New data on history of the Kazakh book

This article considers some publishers of the beginning of XX century such as Sheriazdan Shelenov, Kayrbay Muratov, Tuamyrza Kozybaev, Rakhat Shelenov, Sania Ertisbaeva. It also takes into considerartion some publishing works in Ufa, Omby, Orenburg, and Kazan. It works with the work of A, Karimullin called “From the treasure published in Kazan”.
Key words: first publishers, Kazakh books, M. Zhumabaev.

Р.С. Абдиева, Б.А. Омаров

Новые сведения об истории казахской книги

В статье рассматриваются труды казахских издателей, таких, как Шерияздан Шеленов, Кайырбай Муратов, Туамырза Козыбаев, Рахат Телешов, Сания Ертисбаева, Мадина Абигазизова, которые были найдены в городах: Уфа, Омбы, Оренбург, Казань. А также анализируется статья А. Каримуллина «Труды, опубликованные в Казани».
Ключевые слова: первые издатели, казахские книги, М. Жумабаев.

Кітап – халық зердесі. Осы зердемізге зейін қоймаудың нәтижесінде көптеген құндылықтарымыз жоғалды. Енді сол жоғалған қолжазбалар мен ескі кітаптардағы мәтіндерді жарыққа шығару қазіргі кезде мәдени мұраны сақтау, елге тарату, қоғамның кәдесіне жарату, ғылыми айналымға енгізу зерттеушілердің басты нысанасы болуда. Қолжазбаларды қалпына келтіру, ғылыми сипаттамасын жасау, ұзақ мерзімге сақтау жұмыстары да біраз еңбекті талап етеді.

Қазақ кітаптары ұлттың құнды құрамы болып табылады. Кітаптың Қазақстан тарихын, оның әдеби, мәдени өмірін зерттеуде маңызы зор. Қазақстанның біртіндеп Ресейге қосылуына дейін ел арасына бірлі-жарым араб, парсы, шағатай тілдерінде шыққан кітаптар тарады. Қазақ тілінде кітап бастыру ісі Ресейге

© 2013 Al-Farabi Kazakh National University

қосылғаннан кейін XIX ғасырдан басталды. Төңкеріске дейінгі қазақ зиялыларының кітаптары – халқымыздың мәдени мұрасының аса маңызды бір бөлігі, бастау бұлағы, оны зерттеп игеру – бүгінгі кемелді рухани өміртіршілігіміздегі төл міндет.

Рухани өмірімізді нұр-шапағатына бөлеп XX ғасырдың бас кезінде қазақ баспагерлерінің алғашқы шоғыры да пайда болды. Бұлар – Шерияздан Шеленов, Қайырбай Мұратов, Туамырза Қозыбаев, Рахат Телешов және басқалары. Қазақ баспагерлерінің арасында Сәния Ертісбаева, Мәдина Әбілғазизова сияқты қазақ әйелдері де болды, сондай-ақ Уфадағы, Омбыдағы, Орынбордағы, Қазандағы медреселерде оқыған қазақ шәкірттері де баспа жұмысымен шұғылдана бастады. Бірақ жас түлек баспагерлеріміздің өндіріп, өнімді еңбек етуіне патшалық отарлық, озбырлық саясат мұрсат бермеді.

Ресейлік самодержавие "бұратаналардың", яғни империяның отарлық шеткері аймақтарының жергілікті халық өкілдерінің баспа орындарын ашуына тосқауыл қоюдан ешбір тартынған жоқ. Соның ішінде кітап басты-ру ісіне мұрындық болған татар азаматтары мейлінше қуғындалды. Көп жыл бойғы батыл күш-жігер жұмсап, талай рет өтініш айтып, талай рет жалынып-жалбарынғаннан кейін барып қана ағайынды Кәрімовтер тек 1899 жылы қазанда баспахана ашуға рұқсат алды. Мұндай мысалдар екінің бірінде кездесіп отырды.

Мұнысы аз болғандай цензура органдары әлеуметтік және ұлттық езгіге, озбырлыққа, адамдарды ұлттық белгісіне қарап қорлауға қарсы наразылық білдірілген шығармаларға барынша шұқшия қарады. Кітап жазбаларының, тіпті, басылып қойылған қазақ авторлары шығармаларының тағдыры бүтіндей отарлық әкімшілікке тәуелді болды. Ол езілген халықтардың санасына алдыңғы қатарлы, бостандық сүйгіш, демократиялық идеялардың таралуынан қорықты, сөйтіп, осындай кітаптардың, газеттердің, журналдардың шығарылуын тыйып тастап отырды. Рухани азыққа деген жұтаңдық шын мәнінде ұзаққа созылды.

1905–1907 жылдардағы төңкерістің қуатты әсерінен, түрлі ұлттардың халық бұқарасының тегеурінінен сескенген патша өкіметінің жандайшаптары шығыс халықтары тілдеріндегі баспасөздің қызметін біраз демократияландырып, бұл саладағы шектеулерді ішінара жоюға мәжбүр болды.

Төңкерістен кейінгі алғашқы жылдары қазақ, татар, башқұрт, өзбек, әзірбайжан және басқа тілдердегі баспаханалардың, мерзімді баспасөз және кітап басылымдарының, кітапханалардың саны тез өсе бастаған сыңай танытқандай болып еді. Алайда 1910 жылдан бастап патша үкіметі өзінің бұрынғы қалыптасқан, қанына сіңіп қалған аса қатаң цензорлық бақылауын қайтадан күшейтіп, ұлттық баспа орындарын ашуға бүтіндей тыйым салды. Мәселен, осыдан кейін 1917 жылға дейін бірде-бір татар баспаханасы ашылған жоқ.

Бүкіл түркі тілдес баспасөздің, соның ішінде қазақ баспасөзінің де жай-күйі осындай болған еді. Ең жанға қатты батқаны – теңсіздікке, қанауға, адамдардың қайыршылығына қарсылық, наразылық білдірген ақындар мен жазушылардың озық ойлы шығармалары цензураның қуғын-сүргініне, жазалау шараларына жиі-жиі ұшырап отырды. Кейде, тіпті, цензура ресми түрде рұқсат берген кітаптардың өздері де қуғынға ұшырады. Санкт-Петербург цензура комитетінің рұқсаты бойынша басылып, Қазанда қазақ тілінде шығарылған, тыйым салынған осындай тұңғыш кітап "Өсиетнама" болды. Өкімет орындарының бұл кітапқа қойған кінәсі аты-жөні белгісіз автордың жергілікті патша өкіметі орындарының қазақ халқын қыспаққа алуына ашуыза білдіргені еді. Орынбор және қазан губернияларының жандарм басқармалары өздерінің ойынша, "қылмысты" және "теріс мазмұнды" деп санаған қырғыз-қайсақ кітаптарының айналымнан алып тасталуға тиісті "қара тізімдерін" жасады. Мәселен, 1912 жылы шығарылған кітаптардың арасында Т. Ғалымжановтың "Есіл жұртым", Хайридің "Дүниядан шикаят", Мұштақтың "Қарлығаш", Маматовтың "Ғибрат", сондай-ақ Мәжитовтің "Қазақ шәкірттеріне радия" және басқа басылымдар "қара тізімге" ілінді. 1910 жылдан бастап цензураның қарамағына іліккен басылымдармен жандармдар тікелей айналысатын болды. "Жас ғұмырым" деген жинақтың мынадай жолдарынан жандармдар "қылмыс" тапқан: "үкімет біздің жерімізді қара жүзді жапондарға таратып беріп жатыр. Жемтігін тістей қатқан арлан секілді адамдардың азуынан босанатын кез келді". Жандарм автордың мынадай сөздеріне де үрке қарайды: "Ал біз олардың алты қарыс азуынан күшпен емес, тек біліммен босана аламыз. Білім, білім, білім!" Тіпті, оқу-ағартуға,

мәдениетке үндеудің өзі "тәртіп сақтаушыларға" самодержавиені құлатуға шақырумен бірдей естілді.

Өз құқығы үшін, халық құқығы үшін күресуге шақырған, әлеуметтік және ұлттық езгіге қарсы шыққан Н. Сағадаевтің "Аштық" (Орынбор, 1912), С. Сейфуллиннің "Өткен күндер" (қазан, 1914) өлеңдер кітабы, М.А. Ысқақидің, "қызметкер" (қазан, 1914), Б. Ержановтың "Тұр, қазақ!" (қазан, 1911), Найман руынан шыққан қазақтың "Дүние үшін ғибратнама" (қазан, 1908) атты әңгімелері және басқа да көптеген қазақ кітаптары қудалауға ұшырап, жойып жіберілді [1.].

Алғашқы қазақ кітаптары Санкт-Петербургте, Қазанда, Орынборда, Омбыда, Ташкентте басылып шықты. Көбінесе Қазан университетінің Каримовтар мен Хусайыновтар баспаларынан шығып тұрған. Қазақ кітаптарының тарихы 1807 жылы Қазан гимназиясының баспаханасында жарық көрген «Сейфілмәлік» кітабынан басталады [1, 76]. Шығыс сюжетінен алынған бұл дастан революцияға дейін ең көп басылған кітап. 1831 жылы Қазанда «Иғланнама», 1840 жылы «Қисса-и-Шәкір-Шәкірат», падишаh hашим балалары, 1848 жылы «Хатымтай жомарт», 1857 жылы «М*ансұр – ул хал-лаж*» атты кітаптар басылған [2]. Қазақстанда жазу реформасы оншақты жылдың көлемінде (1929-1940 жж.) екі рет жүзеге асырылды: 1929 жылға дейін қолданылған араб графикасынан латынға, 1929-1940 жылдары қолданылған латын графикасынан кириллицаға көшірілді. араб графикасымен басылған 1841-1932 жылдар аралығын қамтитын қазақ кітаптарының саны – 1500, латын графикасымен басылған 1926-1941жылдар аралығын қамтитын қазақ кітаптарының саны – 3500 аталым [3].

Ана тілімізде қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жарық көрген кітаптарды іздеп-тауып, бір жүйеге келтіруде татар тарихшысы Әбрар Каримуллин ұлттық баспамыз да, төл баспаханамыз да жоқ кезде қазақ тілінде ұзын-саны 509 кітап жарық көргенін және оның 431-і татар баспаханаларында басылғанын айтады [4]. Әбрар Каримуллин қазақ тіліндегі тұңғыш кітап 1831 жылы жарық көрген дейді. Ол ойын 1971 жылы "Жұлдыз" журналында жарық көрген "Қазанда жатқан қазыналарыңыздан" атты мақаласында тарқатып айтады. Алайда бұл мақаламен толық танысудың мүмкіндігі болмады. 146-149 беттерге жарияланған мақаланың барлық данасында 147-148 беттері жыртылып тасталынған екен. Оның себебін сол кездегі баспасөз комитетінің хатшысы болған Алтынбек Қасенұлынан сұрағанымда: "М. Жұмабаев" деген фамилия жазылғаны үшін 179057 таралыммен жарық көрген "Жұлдыз" журналының сол беттерін алғашқы сүйінші данадан соң (сигнальный экземпляр) жоғары орындағылар жыртқызып тастатқанына өзі куә былайша баяндайды. «Маған «өзің шешімін тап» деп тапсырма берілген соң, баспаханаға келіп, Каримуллиннің мақаласын толық оқып шықтым. Айтарлықтай мол мағлұматтар да алдым (дегенмен сол кездегі саясат белгілі ғой, ең болмаса 1 данасын да сақтай алмадық). Ары-бері ойланып, осы «М. Жұмабаев» деген бетті жыртып тастасам қалай болар екен дедім. Шындығында, оншалықты біліне бермейді екен. Сонымен, қанша жерден қиналсақ да, осылай істеуге мәжбүр болдық» дейді. Міне, кеңес өкіметінің цензуралық саясаты.

1971 жылғы «Жұлдыз» журналындағы Ә. Каримуллиннің мақаласына (147-148 беттерінсіз) сілтеме жасайын, қай жерінен мақаланың үзілгенін өздеріңіз байқарсыздар (егер байқалып жатса):

"Қазақ баспасөзінің туу тарихы, даму жолдары өз алдына әңгіме етерлік, келелі тақырып. Бұл мәселе жайлы осыдан жеті жыл бұрын Х. Бекхожиннің "Қазақ баспасөзінің даму жолдары" атты кітабы, 1948 жылы Н. Сәбитовтің "Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші" жарық көрді. Әрине, бұларда қазақ баспасөзі жайлы деректер толық қамтылды, өткен-кеткені түгел жиналып зерттелді деп авторлар да айтқан емес, біз де олай дей алмаймыз. Сондықтан да қазақ баспасөзі жайлы еңбектерде қарастырылмай қалған кей бір мәселелер хақында сөз қозғауды орынды көрдік.

Қазақ баспасөзінің тарихы дегенде тұңғыш кітап қашан шықты, қайда шықты деген сауалдар туады. Бұған үзілді-кесілді жауап беру қиын, дегенмен әзірге қолда бар деректерге сүйенсек, "Иғланаме Қырғыз халқына" деген кітапты тұңғыш деп атар едік. Бұл кітаптың шығуы туралы қысқаша мәлімет былай: кітап 1831 жылы Қазан университеті баспасында жарық көрді. Бұл жылдары қазақ сахарасында оба ауруының дендеп, кісі өлімінің көбейіп бара жатқан кезі еді. Осы індетке қарсы қолданылатын шараның бірі – аурудың зардабын түсіндіріп, одан сақтандыру,

емдеу шараларын көрсету болды. Оны, әрине, әр үйге, әр ауылға барып лекция оқу арқылы жүзеге асыру қиын еді. Сондықтан Орынбор округінің генерал-губернаторы Сухтелин баспасөз арқылы таратуды жөн деп тауып, сол кездегі мұсылман баспасының орталығы болған Қазан баспаханаларына заказ берген. Арап харіпімен басылған осы кітаптың бір данасы күні бүгінге дейін Татар АССР-ның Мемлекеттік Орталық мұрағатында сақтаулы тұр (ЦА ТАССР, фонд, 92, оп, 1. 3530).

Қазақ өлкесін басқарудың, сұлтандары мен қазақша хат-хабар алмасудың қиындығы Сухтелинді араб харпін алдырып Орынборда әскери баспахананың ішінен бөлімше ашуға мәжбүр еткен. Сөйтіп Москваның Лазарев институтынан салмағы 13 пұт, 26 фунт араб шрифті әкелінген. Әріп теруші болып Неплюев әскери училищесінің курсанты сол училищенің оқытушысы бірнеше шығыс тілдерінде оқулық жазған ғалым Мірсалық Бекчуриннің баласы Мухамедкерем Бекчурин белгіленген.

Әскери баспахананың араб бөлімшесінің тырнақалды кітабы орыс, қазақ тілдерінде шыққан "Орынбор жол бойы қазақтарының жергілікті және дистанциялық бастықтарына нұсқау" атты кітап болған. Алайда бұдан кейін Орынбор баспасы қазақ тілінде кітап шығармай тек генерал-губернатордың жарлықтарын ғана жариялап отырады да кітап бастыруға Қазан баспасынан заказ береді. Мәселен, Мірсалық Бекчуриннің "Араб, парсы, татар тілдерін бұхарлықтар мен Башқұрт, Қырғыз және Түркістан тұрғындарының, сондай-ақ орыс-парсы, татар сөздерін пайдалану арқылы оқыту туралы әуелгі нұсқаша" аталған кітабының 1359 жылы Қазан баспасынан шығу фактісінің өзі біздің әлгі ойымызды дәлелдесе керек.

Аталмыш кітапта қазақ мәтіндері болғандықтан және қазақ фольклорынан көптеген материалдар енгендіктен бұл кітапты да қазақ баспасөзінің тарихына жатқызамыз. Орынбор шекара комиссиясының тілмәші Ильминскийдің орыс-қырғыз бұратана мектебіне арналған "Самоучитель русской грамоты для киргиз" оқулығы да Қазан баспасынан бірінші рет 1861 жылы, екінші рет 1874 жылы жарық көрген. Осы автордың 1861-62 жылы Қазан университетінің ғылыми жазбаларында, "Қырғыз тілін үйренушілерге көмекші материалы" жарияланып, кейін ол жеке кітапша болып шығады. Ильминскийдің қазақ тілі мен әдебиетінің үлкен қамқоры болғаны бұрыннан айтылып жүр. Сол шындықты біз мына фактіден де айқынырақ көреміз. Ол 1862 жылы Қазан университетінің баспаханасынан қазақтың халық эпосы "Ер Тарғынды" бастырып шығарады. Бұл эпосты Ильминский көзінің тірісінде Қазанда өз қаржысына төрт рет бастырған (1871, 1876, 1879, 1883), ал ол қайтыс болған соң "Ер Тарғынды" үш рет 1893, 1899, 1913 жылдары татар нашриатшысы Шамсуддин Хусаинов қайта бастырған. Сонымен, Семейдегі "Жәрдем" баспаханасы Т. Жомартбаевтың "Қыз көрелік" романын, ал Қазан баспасы Көлбай Тоғысовтың үш бөлімді "Надандық құрбаны" пьесасын 3000 дана етіп 1915 жылы жариялады.

Қазақ тілінде кітап шығуының келесі бір пайдалы жағы деп қазақ әдебиетінің татар жазушыларына, татар әдебиетіне еткен әсерін де айтпай кетуге болмайды. Татар оқырмандарының қазақтың бай ауыз здебиетімен таныс болуы, тіпті, татар жазушыларының қазақ тақырыбына шығарма жазуы Қазан, Уфа баспаларында қазақ кітаптарының шығарылуының арқасы дер едік. А. Тоқай, Ғ. Ибрагимов, Ш. Камал, Ф. Амирханов, М. Ғафурилер қазақ әдебиетін насихаттап қана қойған жоқ. Олар әрі қазақ тақырыбына қалам тербеген жазушы да болды. Татар әдебиетшілері жинаған кейбір әдеби шығармалар қазірдің өзінде Қазан университетінің ғылыми кітапханасында сақтаулы тұр. Татар әдебиетшілері жинаған ауыз әдебиеті материалдарының ішінде бірен-саран кітап болып шыққандары да бар. Айталық, ұзақ жылдар бойы Омбы уезінде қазақтар арасында болған татар әдебиетшісі Хамидулла Садуақасов 1915 жылы Халық мұңы қазақ тілінде" атты жинақ бастырып, оған халық ақындарының шығармаларын топтаған. З. Каримов Мақыш Далтаевпен бірігіп фольклорлық нұсқаларды "Қазақша айна" (1913) деген атпен жариялатқан. Нақ осы кітаппен мазмұндас "Кітапха-и жұрнағи яхуд шиерлар мажмуғаси" (1910) аталған жинақты Бекмухаммед Хусаинов, "Қазақ өлеңдері" кітабын Мухаммед Бекметов жариялатқан болатын. Бұл аталғандармен қатар татар тіліне аударылған жинақтардан Гильман Саттаров жинап бастырған "Қазақ шиерлари" (1909), Мақыш Қалтаевтың "Қазақ ахваленан" (1907), Заріф Ақсақидің "Бұлбұл құсын" (1910, 1911) атау лазым.

Қазан баспаларынан өмірге жолдама алған кітаптар баршылық. Соның көбі дерлік сақталған. Алайда сақталмай қалған бір кітапты да атай кету жөн. Ол – татар нашриятшысы Ш. Хусаинов шығартқан "Васыят нама" (Қазан, Коковин баспаханасы). Патша әкімшіліктері қазақ халқына тізесін батырды деген сарын бар деп "айып" тағып бұл кітапты цензура басып тастаған" (Ц.ГИАЛ. фонд 777. Оп.27. д. 312. лл. 2-5). Жүсіп Көбеевтің "Бірлікте көп жасаған бір ғанибет" (1907) атты өлеңдер жинағы да "Васыят Наменің" кебін киіп авторына үкім жариялаған болатын. Бірақ қуаныштысы сол, Кубеевтің мекені белгісіз болып үкім орындалмай қалғанды. Жұмағазы Темірәлиевтің өлеңдер жинағы, "Өз пікірім бұл яки ішкі ордалықтардың қазіргі замандағы жағдайымыз", атты (1912) кітабында орыс "Қырғыз жерін басып алды" деп "жала" жабылып "орыстарға діни де экономикалық та тұрғыдан қарсы" үгіттеді деген "кінә" қойылған.

Әрине, мұндай "кедергілер" кітап шығару ісін тежей алған жоқ. Низамеддин Сағадов, Сәдуақас Сейфуллин, Мұхамади Садық Еңсеұлы, Арғынбай Ысқақи, Байбатыр Ержанов және басқалардың шығармалары көптеп шығарылып жатты. Бір ескертетін мәселе – біз тек көркем әдеби кітаптар туралы деректер келтірдік. Ал тарих, тіл есеп сабағы және басқа салалардан шыққан кітаптардан Қазан архивтері мен кітап қоймаларында жатқан дүниелер өз алдына бір төбе" [5].

Міне, жоғарыдағы мақалада татар кітаптанушысы Әбрар Каримуллин қазақ кітабы 1831 жылы жарық көрді дейді. Ал қазақ кітаптанушыларының зерттеуі бойынша: 1807 жылы жарыққа шыққан 115-беттік шағатай тілінде жазылған "Сейфүлмәлік". Оған қазақ кітабының тарихын зерттеуші Ш. Елеукеновтің мына жазбалары дәлел: "қазір бізге мәлім алғашқы қазақ баспа кітаптары "Сейфіл-Мәлік" қиссасы (1807), тағы да басқа фольклорлық шығармалар". Негізі, қазақтың алғашқы кітабы мынау еді деп дәл айту үшін ұзақ зерттеу жұмысы қажет. Ал қазақ кітабының тарихын зерттеуді алғаш қолға алған Ш. Жиреншин қазан төңкерісіне дейін қазақ тілінде мыңға жуық кітап шыққанын, қазақ баспасөзінің тұңғышы "Түркістан уәлаятының газеті" 1870 жылы шықса, қазақ тіліндегі алғаш кітаптар XIX ғасырдың басында бой көрсете бастады [6] – деген мәлімет айтады.

Қазіргі кезде көнеден бастау алған отандық кітап мәселесін көтеретін, жоғын түгендейтін, насихаттайтын ірі мәдени және ғылыми орталықтар ашылса, онда қазақ кітаптарының жан-жақты дамуына жол ашық болары сөзсіз. XXI ғасырда да кітап – әлемнің әміршісі болмақ. Адамзат кітап арқылы ғана бақытқа жетпек. Сондықтан қазақ кітаптарының мәдени маңызын көтеруде зерделі ғылыми зерттеулер аса қажет-ақ.

Қазақ мәдениетінің егесі халық болса, мәдени мәйегі, бірегей бәйтерегі, рухани қазынасы, таусылмас Тайқазаны – ол қазақ кітабы. Қазақ кітабы – рухани қазынамыздың Тайқазаны, талай ұрпақ өкілдерінің өмір мектебі, қазақ мәдениеті, қазақ тарихы, қазақ ғұмыры және өнері. Осы 1917 жылғы төңкерістен кейінгі шыққан ұлттық кітаптарымыздың жүйеленген тізімін Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттік кітап палатасынан табуымызға болады.

Әдебиеттер

1 Сүбханбердина Ү., Сейфуллина Д. Қазақ кітабының шежіресі. (1807–1917 ж). – Алматы: Рауан, 1996.– 241 б.
2 kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_кітаптары
3 www.nlrk.kz/page.php?page_id=1037&lang=2
4 Каримуллин А.Г. Книги и люди. – Казань: Татарское книжное изд., 1985. – 304 с.
5 Каримуллин Ә. Қазанда жатқан қазыналарыңыздан // Жұлдыз. – 1971. – №8. –146–149 бб.
6 Жиреншин Ә.М. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 172 б.

References

1 Subkhanberdin W., D. Seifullina Kazakhstan kitabynyn shezhiresi. (1807-1917 g). – Almaty: Rauan, 1996. – 241 b.
2 kk.wikipedia.org / wiki / Kazak_kitaptary
www.nlrk.kz/page.php?page_id=1037&lang=2
3 Karimullin AG Books and people. – Kazan Tatar book publishing., 1985. – 304.
4 Karimullin A. Kazanda zhatқan kazynalarynyzdan / / Zhuldyz. – 1971. – № 8. -146-149 Bb.
5 Zhirenshin AM Kazak kitaptary tarihynan. – Almaty Kazakstan, 1971. 172 b.

ӘОЖ 655.4

Б.О. Әсембаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: bakyt_kaznu@mail.ru

Баспа қызметіндегі авторлық құқық мәселелері

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңына сәйкес, баспа – құқықтық қатынастар субъектісі болып табылады. Баспа құқық иеленушілермен жасалатын авторлық шарттар бойынша, авторлық құқық объектілерін қайта шығаруға және таратуға байланысты мүліктік құқықтарға ие болады. Бұл шарттарды жасау кезінде туындыны жариялау және оны жарыққа шығару сияқты заңды фактілердің құқықтық салдарларын да, сол шығармаға байланысты авторлық құқықтың әрекет ету мерзімін және мүліктік құқықтардың мұрагерлікке өту мәселелерін де ескеру қажет.
Түйін сөздер: санаткерлік меншік, баспа, автор, авторлық шарт, авторлық құқық объектілері, конвенция, авторлықтың ақиқаттылығы, халықаралық шарттар, құқықтық қатынастар субъектілері.

B.O. Asembaeva

Copyright problems in publishing

The author of article considers the main questions of copyright in publishing. And also raises the legal questions of use of objects of copyright and the organization of the contractual relations in publishing. Emphasizes value of observance of rules and acceptance of a measure of prevention of violations of copyright both more vozrastuyushchy importance and value of protection of copyright.
Keywords: intellectual property, publishing house, author, author's contract, objects of copyright, convention, authorship presumption, mezhdunaodny contracts, subjects of legal relations.

Б.О. Асембаева

Проблемы авторского права в издательской деятельности

Автор статьи рассматривает основные вопросы авторского права в издательской деятельности. А также затрагивает правовые вопросы использования объектов авторского права и организации договорных отношений в издательской деятельности. Подчеркивает значение соблюдения правил и принятия меры предотвращения нарушений авторских прав и более возрастающую важность и значение охраны авторского права.
Ключевые слова: интеллектуальная собственность, издательство, автор, авторский договор, объекты авторского права, конвенция, презумпция авторства, международные договора, субъекты правовых отношений.

Қазіргі дамыған елдер санаткерлік меншікті қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлуде.

Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымын (ДСМҰ) құрған, 1967 ж. 14 маусымда өткен Стокгольм конвенциясында былай делінген:

«Санаткерлік меншік – бұл ғылым, әдебиет, өнер туындыларына, сондай-ақ ЭЕМ-ге арналған бағдарламаларға және деректер қорына, патенттерге және өзге де өнертапқыштық және өндіріс үлгілеріне, ноу-хауға, сауда құпияларына, сауда белгілеріне және қызмет көрсету белгілеріне фирмалық атауларға арналған құқықтар болып табылады» [1].

Қазақстан авторлық құқықтар жөніндегі халықаралық Конвенциялардың мүшесі болып табылады.

1952 жылы 6 қыркүйекте Женевада қабылданған Дүниежүзілік авторлық құқық жөніндегі конвенцияның кіріспесінде санаткерлік меншік саласындағы тұлғалардың

құқықтарын сақтау, оларды сыйлау, әдебиет, ғылым мен өнердің дамуына ықпал жасау – халықаралық өзара түсіністікке игі әсерін тигізетіндігі қадап айтылған.

КСРО аталмыш конвенцияға 1973 жылы ғана қосылған болатын. Біздің мемлекетіміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін, одақтың құқықты мұрагерлерінің бірі ретінде аталған конвенцияның мүшесі болып қалды.

Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі тұңғыш конвенция 1886 ж. Бернде қабылданды. Аталмыш конвенция өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі 1883 жылы қабылданған Париж конвенциясымен бірге Дүниежүзілік Санаткерлік Меншік Ұйымының келісім жүйесіне негіз болды. Одан кейінгі келісімдер осы екеуі қамтитын санаткерлік меншікті қорғауды кеңейте және тереңдете түсті.

Берн конвенциясына қосылған барлық елдер авторларының құқықтарының тең қорғалуы – осы құжаттың басты шарты. Яғни әр тарап өз заңдарына сәйкес, сол мемлекеттің азаматы болып табылатын авторлардың, сондай-ақ басқа ел авторларының да құқықтарын тең дәрежеде қорғауды жүзеге асыруға міндеттенеді. Шығармашылық еркіндікке осылайша жол ашу конвенцияға қосылған барлық елдерге тән сипат.

Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақстан Республикасының Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясына қосылуы туралы» заңына 1998 жылдың қарашасында қол қойды. Осы арқылы Қазақстан өзінің шығармашылық еркіндігін, санаткерлік потенциалды қорғау қағидаларының жолын берік ұстай отырып, әлемдік қауымдастықтан лайықты орын алуға ұмтылысын дәлелдей түсті.

Берн конвенциясы авторлық құқықтарды халықаралық дәрежеде қорғауды барынша жақсарта отырып, нәтижелі жетістіктерді қамтамасыз етеді. Оған қосылу Қазақстанның ДСМҰ өткізетін авторлық құқық жөніндегі барлық халықаралық форумдарға қатысуға, авторлық құқықтар туралы мәселеге өз пікірін білдіруге және халықаралық ұйымдармен байланысты арттыра түсуге мүмкіндік береді.

Осы конвенцияға мүше болу арқылы Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіру мүмкіндігі артады. Ең бастысы, Берн конвенциясына қосылу республиканың өзінде де, басқа елдерде де авторлық құқықты тиімді қорғауға сенімді алғышарт жасайды.

ДСМҰ-дан басқа, санаткерлік меншікті қорғауға белсенді күш жұмсайтын халықаралық ұйымдар бар; олар: ЮНЕСКО, Еуропалық қауымдастық комиссиясы, Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісім және т.б.

Өнердің бірнеше түрі бар әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, театр, кино, хореография, мүсін өнері, қолданбалы өнер және т.б. Өнердің әр түрлерінің ерекшелігі оның адамға өзінің ерекше көркемдік тәсілдері және материалдарымен ықпал етуінде: сөзбен, дыбыспен, қозғалыспен, бояулармен, әртүрлі табиғи материалдармен. Мәселен, музыка тікелей адамның музыкалық сезіміне бағытталған. Мүсін өнері адамның жан дүниесінің басқа ішектерін қозғайды. Ол бізге дененің көрнекті көлемдегі пластикалық анықтылығын береді. Ол біздің көзіміздің әсем форманы қабылдау қабілеттілігіне әсер етеді.

Өнердің кез келген түрі, жалпы өнер кез-келген жеке адамға арналған, бұл дегеніміз – кез келген адам өнердің барлық түрін түсінуі мүлтігі дегенді болжайды. Бұның педагогикалық мағынасын біз баланы тек өнердің бір түрімен ғана шектеп, дамытуға болмайды деп түсінеміз.

Көркем шығармаларды меңгерудің бірінші сатысына ол санада көркемдік бейнелерді алғашқы шығармашылық жасауды, алғашқы қабылдауды жатқызады. Бұл сатының мәні: балалардың көркемдік шығармаларды алғашқы қабылдауын ойластыру қажеттілігінде. Ол балалардың алғашқы ұйымдықсыз қабылдауында көбінесе оларға түсініксіз және қызықсыз болғандардың барлығы, яғни олардың өмірлік тәжірибесімен көркемдік-эстетикалық дамуының нашарлығымен назардан тыс қалып қоятындығын байқады.

Өнерді оқытудың алғашқы күндерінен бастап, балаға шығармаларды жан-жақтан қабылдату, шығармаға қатысушы талантты қабілеттіліктерін дамыту керек.

Көркем туындыларды ғылыми түсінудің екінші жолы оқушының көркемдік сынды шығармашылық меңгеруге кірісуінде. Көркемдік сынның міндеті – оқырманға, көрермен мен тыңдарманға көркемдік шығармалардың нәтижесінде түсіну.

Көркемдік сын оқушылардың идеялық-тәрбиелік идеалдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқаруға арналған. Сындық материал кең түрде оқу үдерісіне енгізіліп, оның органикалық өнімі болуы керек. Бұл сынның тәрбиелік потенциалын тиімді қолдануға, көркемдік туындыларды талдау үрдісіне нағыз ғылыми негізге қоюға ықпал етеді. Іске бұлай кірісу жолы оқушыларға өздерінің бағалауларын, ойларын мамандардың ғылыми-тұжырымдық шешімдерімен салыстыруға, өз кемшіліктерін көруге, сын бағасын қабылдауға немесе сын мен пікір-таласқа түсуге мүмкіндік береді.

Суретші өзі жасаған бейнелер көмегімен өмірдегі ең маңыздыны, елеулі мен қажеттіні көреді де басқаларға көрінбейтін, бірақ та маңыздыны көрсетеді. Суретшіні бейнелі түрде анық көрсете біледі. Суретші мен ашылған бұл түсінік – күрделі де көп сатылы үдеріс.

Оның мәнін терең түсіну, оқушылар түсіну үшін өнер туындыларын таңдап алу шеберлігі мектепте оқу жұмысының формалары мен тәсілдеріне сай өнер ерекшеліктеріне байланысты оларды есепке алу осылардың барлығы балаларға өнер мен әдебиеттің идеялық-эстетикалық тәрбиелік ықпалын көтеру үшін қажет.

Өнер материалы үлкен әсерленушілік потенциалға ие, әсерленушілік ықпал етудің күші ғана бала санасына енуі жолы мен жеке тұлғаның эстетикалық қасиеттерінің қалыптасуы тәсілі болып табылады [3].

Әдебиеттер

1 Эстетикалық мәдениет және эстетикалық тәрбие.А.М. Лабковскийдің редакция басшылығымен. – М.: Просвещение, 1972. – 19-21 б.

2 Лихачев Б.Т. Эстетикалық тәрбие. – М.: Педагогика, 1972 . – 22-24 б.

3 Чукман Е.К. Оқушылардың қабілеттерін дамытудағы өнер рөлі. – М., 1985. – 110-113 б.

References

1 Aesthetics culture and aesthetic education. Under edition A.M. Labkovski. – M.: Education, 1972 y. – 19-21 p.

2 Aesthetic education. Lihachev B.T. – M.: Pedagogics, 1972. – 22-24 p.

3 Role of art in development of abilities of the schoolboys. Chukman E.K. -M., 1985 110-113 y.

ӘОЖ 811.58

Н. Абдраимова, Б. Адилбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: 1985-bota@mail.ru

Қытай тілі фразеологизмдерінің этномәдени ерекшеліктері

Кез келген елдің елдігі мен ұлттық болмысын танытатын әр алуан өнері мен салт-дәстүрі, ұлттық тілдің өзіндік ерекшелігі де бар. Қазіргі кезде әлемдік ұлы державаға айналып отырған Қытай еліне, Қытай мәдениетіне, Қытай қоғамына деген қызығушылық қытай тілін оқып-үйренушілер санын арттырды. Біздің елде де осы тілді үйренуге ниет танытушылар баршылық. Кез келген шет тілін үйренудегі ең маңызды және күрделі мәселе – сол тілдің өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық мәдениетін терең түсіне алу қиындығында. Осы тұрғыдан алғанда тілдің байлығына, терең тұңғиық сырлары мен құпияларына, сұлулығына тамсану үшін әр ұлттың өз тілінде өзіне тән бейнелі сөз орамдарына, тұрақты сөз тіркестеріне ерекше назар аудару қажет.
Түйін сөздер: қытай тілі, фразеологизм, дағдылы тіркестер.

N. Abdraimova, B. Adilbek

Features usual expression in the system of modern Chinese language

Each language is idiomatic. It includes, along with the whole expression of the individual words, ready to set phrases, turns of phrase, many of which give the language a national flavor. These units make our speech brighter, more colorful. The word “expression” comes from the Greek «phrasis», so the set phrases of words called set phrases or idioms. This paper identifies and examines the system description of the usual expressions as part of the foundation of modern Chinese idiomatic language and the definition of their place and role in the system of modern Chinese phraseology.
Keywords: Chinese, phrases, phraseology, idiomatic language.

Н. Абдраимова, Б. Адилбек

Особенности привычного выражения в фразеологической системе современного китайского языка

Каждый язык идиоматичен. В его состав входят наряду с отдельными словами цельные выражения, готовые устойчивые словосочетания, фразеологические обороты, многие их которых придают языку национальный колорит. Эти единицы делают нашу речь ярче, красочнее. Слово «выражение» происходит от греческого «phrasis», поэтому устойчивые словосочетания слов получили название фразеологических оборотов или фразеологизмов. В данной статье определяются и исследуются системное описание привычных выражений как составной части фразеологического фонда современного китайского языка и определение их места и роли во фразеологической системе современного китайского языка.
Ключевые слова: китайский язык, привычное выражения, фразеологизм китайского языка.

XX ғасырдың 80-жылдары Қытайдағы лингвомәдениеттану ғылымына жаңа бағыт әкелген диалектолог Иоу Жуцзе және тарихшы, географ Чжоу Чженхының «Диалектілер және қытай мәдениеті» атты кітабы жарияланды. Бұл еңбектің осыған дейінгі ғылыми зерттеулерден басты айырмашылығы – мәдениетаралық коммуникациялар үрдісін қалыптастыру, қытай тілін

© 2013 Al-Farabi Kazakh National University

үйретудің тиімділігін арттыру, мәтін аудару сапасын жақсартумен қатар, мәдениетаралық байланыстарды нығайту мәселелерін зерттеуінде болды. Бұған дейін қытай тіліндегі идиомалардың этномәдени ерекшеліктерін Қытай ғалымдары Бао Хун, Тань Аошуан және Ресей ғалымдары В.А. Мясников, Г.А. Баженов зерттеген. Алайда олардың еңбектерінде қытай тіліндегі фразеологизмдердің этномәдени ерекшеліктерін қарастырмаған. Сондықтан осы мақалада қытай тілі фразеологизмдерінің этномәдени ерекшеліктерін анықтау, олардың құрылымдық жасалуын сараптау және мағыналық толықтыру жолын анықтау басты мақсат етіп алынды.

Әртүрлі ұлт өкілдерінің ұлттық мәдениетінің өзіндік бояуы, ерекшелігі болады. Мәселен, Батыс пен Шығыс халықтарының мәдениеті сан алуан, тіптен, ортақ бір оқиғаны қабылдау мен жеткізуде де үлкен ерекшеліктер сезіледі. Қытай тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін саралау барысында, біз олардың ұлттық-мәдени бояуының қанық ерекшелігін, ал кейде басқа тілдердегі фразеологизмдерге ұқсастықтары да бар екеніне көз жеткіздік. Сондықтан оларды зерттеген кезде міндетті түрде лингвоелтану аспектісіне көңіл бөлу қажет. Көп жағдайда, фразеологизмнің негізін құрап отырған елтануға қатысты маңызды мәселелерді білмеу, оның астарлап, бейнелеп жеткізгісі келіп отырған мәнін түсінуге кедергі келтіреді. Тұрақты сөз тіркестері әр елдің тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне қатысты фактілер, оқиғалар, құбылыстар негізінде қалыптасады. Оларда ономастикалық компоненттер, яғни топонимдер (географиялық жер-су атаулары) және тарихта болған адамдардың аттарымен қатар фантастикалық, мифтік жануарлар, құдайлар, аруақтар, құбыжықтар, әдеби шығармалардағы кейіпкерлер жататын антропонимдер (адамдардың аты-жөндері) көптеп кездеседі.

Мысалы: *Чэн юй*:

势如破竹 – Тікелей аудармасы «Бамбукті кескендей жағдай».

Мағынасы: жеңістен жеңіске жету

Қазақша баламасы: «Өзін зор санап басқаларды қор санау».

心花怒放 – Тікелей аудармасы: «Жанымның гүлдері құлпыра бүр жарды».

Мағынасы: жанның жадырауы, қуану.

Қазақша баламасы:«Қуанышы қойнына сыймау».

拔苗助长 – Тікелей аудармасы: «Енді шыққан балаусаны төбесінен тарту, қолдан өсуге көмектесу».

Мағынасы: Өсірем деп өркенін жұлу.

Қазақша баламасы: «Қылшығын шығарам деп былшығын шығару».

开天辟地 – Тікелей аудармасы: «Жерді жарату, аспанды жарату».

Мағынасы: Тарихта алғаш рет, бұған дейін болмаған.

Қазақша баламасы: «Атам заманнан бері болып көрмеген».

Янь юй:

三人行必有我师 – тікелей аудармасы: «Келе жатқан үшеудің бірі менің ұстазым бола алады».

Мағынасы: «әрқашан өзгеден бір нәрсе үйренуге болады».

远亲不如近邻 – Тікелей аудармасы: «Алыстағы туыс жақындағы көршіге жетпейді».

Мағынасы: Сыйластық, береке-бірлік.

Қазақша баламасы: «Алыстағы туыстан жақындағы көрші артық».

一女不吃两家茶 – Тікелей аудармасы: «Қыз бала екі үйдің шайын ішпейді».

Мағынасы: Жаңа түскен келін екі үйдің шайын бірден іше алмайды. Келіннің некесі екі рет қиылмайды. Қыз тұрмысқа екі рет шықпайды.

Қазақша баламасы: «Тастай батып, судай сіңу».

Сехоуюй:

雨落拖被絮 – 越被越重 – Тікелей аудармасы: «Жауынды күні мақтаны арқалап көтеру, көтерген сайын ауырлайды».

Мағынасы: Баста ми жоқ болса, екі аяққа күш түсер.

Қазақша баламасы: «Ақымақ бас екі аяқтың соры».

寒天吃冷水 – 点点在心头 – Тікелей аудармасы: «Аязды күні суық су ішу, өз дерті өз ішінде»

Мағынасы: «ойланбай әрекет жасау».

Қазақша баламасы: «Ақымақ жауынды күні суға түсер».

Гуаньюнъюй:

虎口里拔牙 – Тікелей аудармасы: «Жолбарыстың тісін қағып алу».

Мағынасы: «қауіпті, қиын күрес».

Қазақша баламасы: «Жолбарыстың жүрегін жұтқан».

下软蛋 – Тікелей аудармасы: «жұмсақ жұмыртқа табу».

Мағынасы: бос, осал, қорқақ, еріншек.

Қазақша баламасы: «Сужүрек, қояндай қорқақ» [4,18б,34б,43б,65б.].

Бұл жерде *гуань юн юй* мен *се хоу юйға* топонимдердің аз кездесуі тән екенін айта кеткен жөн.

Қазіргі кезде қытай тілінің кеңінен таралған жіктемесі қытай тілінің лингвист маманы Ма Гофан (马国凡) ұсынған нұсқа болып есептеледі, ол бес бөліктен тұрады:

Чэньюй (成语, пиньинь: chéngyǔ, тікелей аудармасы: «дайын тіркес») – идиома.

Яньюй (谚语, пиньинь: yànyǔ) – мақал.

Сехоуюй (歇后语, пиньинь: xiēhòuyǔ, тікелей аудармасы: «соңы жұтылып кеткен сөздер») – толық айтылмаған сөз.

Гуаньюнъюй (惯用语, пиньинь: guànyòngyǔ, тікелей аудармасы: «дағдылы тіркес») – фразеологиялық тіркес.

Суюй (俗语, пиньинь: súyǔ, тікелей аудармасы: «жедел айтылған тіркес») – мәтел.

Чэнъюй құрылысында әртүрлі символдық мағыналарды білдіретін сыңарлардың жұптары да жиі кездеседі. 风云 (Fengyun) – жел мен бұлт, соғыс қимылдарын немесе күтпеген саяси толқуларды білдіреді. 风雷 (Fenglei) – жел мен күн күркіреуі төңкеріс, бас көтерулерді, ірі көлемді және үздіксіз шабуылдаушы күштерді сипаттайды.风月 (Fengyue) – жел мен ай және 风雨(fengyu) – жел мен жаңбыр – махаббат істері мен қызықтарын көрсетеді.

Қытай тілінде фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшелігі олардың тарихи тәжірибесі, мәдениеті және дәстүрімен тығыз байланысты. Фразеологизмдер ұлттық мәдениеттің белгілі бір түрлері мен символдарын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар ұлттық сананың қалыптасуына көмектеседі. Қытай тіліндегі фразеологиялық бірліктер бірнеше ақпараттық блоктан құралған шағын мәтін болып табылады. Фразеологизмдердің образдық негізі әлемнің ұлттық мәдени бейнесін көрсетеді. Олардың ұлттық мәдени ерекшеліктері ретінде бай мәдени коннатацияларды пайдалануын да айтуға болады. Олардың қатарына әртүрлі ономастикалық лексика, ең алдымен, географиялық атаулар, адамдардың, құдайлардың, аңыз және әдеби кейіпкерлердің атаулары жатады. Мысалы, жануарлар мәдени коды тек зоонимдер концептерімен ғана емес, сондай-ақ мифологиялық жануарлармен де бейнеленеді. 凤(Feng) – феникс, 麒麟 (qilin) – мүйізі, қабыршақты сауыты бар мифологиялық аң, 龙(long) – айдаһар және 龟(gui) – тасбақа – төрт рух/құдай, бұлар бақыт пен байлықтың, ұзақ ғұмырдың белгілері. Бұл мифтік бейнелердің символикасын 凤毛麟角(feng mao lin jiao) сирек, бірегей фразеологизмнің семантикасынан көруге болады. 凤(Feng) – феникс және 龙 (long) – айдаһар отбасылық бақыт пен адам өміріндегі қуанышты білдіреді. 鸾 (Luan) – феникс тектес құс және feng – феникс – бақытты сипаттайды. 鹤 (He) – аспан тұрғындарын таситын мифтік тырна, ұзақ ғұмыр символы. Зоонимдер: 狮子 (shizi) – арыстан ержүректікті, қуатты және жауынгерлікті; 豹 (bao) – леопард, қабылан күш пен ержүректікті, ерлікті, тек арыстан мен жолбарысқа ғана жол береді; 牛 (niu) -сиыр еңбексүйгіштік пен көнбістікті (сондай-ақ төзімді, асау, мығым секілді тұрақты сипаттамалары да бар); 马 (ma) – жылқы – үлкен болашақ, сонымен бірге жауынгер, көсем, ержүрек, өжет, тәжірибелі, шыдамды, жылдам, ұшқыр секілді тұрақты сипаттамалары бар; 鸿 (hong) – аққу –үлкен ерік-жігерді; yuan-мандарин үйрек–таза және адал махаббатты, бір-бірін құрметтейтін жұбайларды білдіреді. 鲤鱼 (Liyu) – сазан, тұқы (карп) сөзінің морфемалары 鲤 (li) – кіріс, пайда және 鱼 (yu) – молшылық, тоқтықпен бірдей айтылады, сондықтан «тұқы» сөзі қытай тілінде жағымды естіледі және байлықты, атақты білдіреді. 狗(Gou) – ит – жағымсыз әсер береді, ерте заманнан ит дұшпанмен, жеккөрінішті, төмен адаммен, ең жаман қасиеттері бар кісімен салыстырылған; 狼(lang) – қасқыр, көбінесе бұл аңмен ызақорлық, қатыгездік пен ұятсыздық, опасыздық, қомағайлық, қауіп көрсетіледі; 狐 狸(huli) – түлкі қулық-сұмдықпен, теріс жолға түсірумен байланыстырылады; 猪 (zhu) – шошқа-ауқаттылық пен байлық, жалқаулық, мешкейлік, отбасының еркесі секілді түсініктермен қатысты [3, 230 б.].

Фразеологизмнің құрылымынан өзге этномәдени ерекшеліктерді көрсету амалдарының маңыздыларының бірі – оның семантикасы (сөздің, таңбаның мәні). Қытай фразеологизмдері символдық мәндерге толы, өйткені әртүрлі мәдени кодтардың концептілерінен тұрады: түстерді білдіретін сөздер, өсімдіктердің атауы, аң аттары, табиғат нысандары мен

құбылыстарының атаулары, сан аттары. Бұл кодтар бірқатар концептілерден тұрады, олардың мағыналары қоғам дамуының белгілі бір тарихи кезеңінде қытай халқы қалыптастырған және жүйелеген түсініктерімен тығыз байланысты.

Фразеологизмдердегі бейнелерді таңдаудағы дәлелдің болуы қытай тілінің ұлттық өзгешелігін көрсетеді. Қытай тілінің фразеологизмдерінің өзіндік сипатының болуы әлемді қабылдаудағы ерекшелігіне байланысты. Бірдей тілдік концепт орыс және қытайлықтар үшін өзіндік айрықша мазмұнға ие, бұл фразеологизмдерді аударуда қиыншылық туғызады.

Фразеологизмдер тілдегі ұлттық мәдениеттің белгісі болып табылады, ғалым В.Г. Гактың пікірінше, «фразеологизм – тілдің ұлттық мәдени ерекшеліктеріндегі айрықша көрініс» [Гак 1999, 260]. Этнолингвистика мен лингвомәдениеттанушылардың айтуынша фразеологизмдер мәдени дәстүрлер мен құндылықтардың тілге тереңдеп сіңірудің құралы мен тәсілдерін анықтауға көмектеседі [1999, 15].

Соңғы жылдары әлемдік тіл ұстарту ғылымында фразеологизмдерді зерттеуге ерекше назар аударылуда. Мұндай зерттеулерде адамдар басты объекті болып алынуы кездейсоқ жағдай емес, себебі сол арқылы адамдар қоршаған орта мен өзін-өзі тануға ұмтылуда.

Әдебиеттер

1 汉语成语词典/宋永培的编者 成都四川辞书出版社。2000。– 1136页
2 汉语熟语与中国人文世界/ 崔希亮 北京语言文化 (2006-02出版)
3 Войцехович И.В. Практическая фроазеология современного китайского языка. – М.: Восток-Запад, 2007. – 509 с.
4 Абдурақын Н. «Қытай-қазақ фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 177 б.

References

1 Seres idioma Dictionary I / Carmen Yongpei editor Chengdu, Sichuan Lexicographical Publishing Domus. MM. – 1136 Page
2 Sayings Sinensis Sinensis et humana mundi / Cui Xiliang Beijing culturae et Language (2006-02 Edition)
3 Voitsekhovitch I.V. Froazeologiya modern Chinese practica lingua. – Moscow: East-West, 2007. – 509 p.
4 Abdurақyn N. “Қytay-Kazak frazeologiyalyқ sөzdigi. – Almaty: Kazakh University, 2012. – 177 b.

ӘОЖ 654.197

Б.Қ. Айтбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: bakyt89.kz@mail.ru

Жас көрермендер аудиториясының зерттелуі

Мақалада жас көрермендер аудиториясы зерттелген. Теледидар және оның әсері туралы әлемдік зерттеулер негізге алына отырып жазылған. Теледидардың бала тәрбиесіне тигізер кері және оң әсерлері жайлы мағлұматтар берілді. Жас көрермендер аудиториясы тәуелділігіне, қабылдау ерекшеліктеріне қарай топқа бөліп қарастырылды. Телебағдарламалардағы танымдық бағыттың жанрына, пішініне, тілдік арақатынасына, ерекшеліктеріне талдау жүргізу әдістемесі қолданылды. Сонымен қатар теледидардың тәрбиелік, білім беру функциясының мүмкіншіліктеріне кеңінен тоқталды. Ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, өзіндік зерттеу жұмысы жүргізілді.
Түйін сөздер*:* жас көрермендер аудиториясы, балалар телебағдарламасы, ғылыми зерттеулер.

B.K. Aitbayeva

Research of audience young terezriteley

In article the audience of young TV viewers is investigated. On the basis of the world researches the analysis of television and its influence is carried out. Researches are presented: positive and negative influence of television on education of children. Audience of young TV viewers are considered and divided into control and dependent groups. Methods of carrying out the analysis of different features of the directions in TV program – genre, format, language, communication are used. Along with it, informative functionality of television is most in detail studied educational. Independent research work on the basis of scientific works of scientists was carried out.
Keywords: audience of young TV viewers, children's TV programs, scientific researches.

Б.К. Айтбаева

Исследование аудитории молодых терезрителей

В статье исследуется аудитория молодых телезрителей. На основе всемирных исследований проводится анализ телевидения и его влияния. Представлены исследования: положительное и отрицательное влияние телевидения на воспитание детей. Аудитория молодых телезрителей рассматривается и разделяется на контрольные и зависимые группы. Используются методы проведения анализа разных особенностей направлений в телепрограмме – жанровые, форматные, языковые, коммуникационные. Наряду с этим наиболее подробно изучаются воспитательные, познавательно-функциональные возможности телевидения. Была проведена самостоятельная исследовательская работа на основе научных трудов ученых.
Ключевые слова: аудитория молодых телезрителей, детские телепрограммы, научные исследования.

Теледидар бүгінгі таңда – қозғалыс, бұл өсу және ең бастысы оның аудиториясының өсуі. Қазіргі кезде теледидардың өрістеу процесі таңғажайып, еріксіз абдыратын тездікпен жүруде.

«Телевизия – адамзаттың тарихи-қоғамдық тәжірибесін кеңінен тарататын аса пәрменді насихат құралы, өнер мен әдебиеттің небір үздік үлгілерін қалың көпшіліктің игілігіне айналдыратын, қажетіне жарататын дәнекер, ғылым-білімнің қайнар бұлағы. Телевизия жас баладан бастап, еңкейген кәріге дейін барша жұрттың сүйіктісі ғой. Көңіл қалдырған кезіңде бер жағымыздан ұрыссақ та, ал шын мәнісінде ішіміз жылып тұрады. Сөйтіп, оны жақсы көрмеу, оның ыстық-суығына күймеу мүмкін

емес», – дейді өзінің «Көгілдір экран – өмір айнасы» атты еңбегінде С. Масғұтов.

Шынымен де, теледидар – өміріміздің ажырамас бір бөлшегі. Теледидар үнемі қозғалыста. Бірақ біз оны байқамаймыз. Теледидар – бізбен бірге өмір сүретін өнер. Ол қазіргі кезеңде жай ғана үйде болып жатқан процестерге қосылған. Оның өзі ғана – біздің өміріміздің белсенді бастауы.

Ең бастысы теледидар – бала тәрбиесіне, оның ой-өрісінің дамуына ықпал етуші аса пәрменді құрал.

Балаларға арналған бұқаралық ақпарат құралдарына деген маңыздылық, бүкіл әлем бойынша айтарлықтай артып келеді. Мұнда ерекше рөл теледидарға тиесілі. Бұл балаларға арналған телебағдарламаларды жасаушы және тәрбиелеу процесіне қатысушы журналистерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы мәселеге байланысты балалар аудиториясы, бұл ортада жұмыс істейтін психологтардан, педагогтардан және социологтардан қызығушылықпен және ықыласпен зерттеуді талап етеді.

Теледидар балалардың өмірінде едәуір орын алуда. Бұған байланысты балаларға тәрбие мен білім беруде оның әртүрлі функциясы маңызды, осыған орай, теледидардың рөлін ұғынуға қажеттілік туындайды.

Жапонияда ұзақ уақыт бойы мектепте оқыту және теледидар арқылы оқыту мәселесі бойынша зерттеу жүргізілген.

Эксперименттік жолмен алынған растаулар: бұл оқыту әдісі оқытылатын тақырыптың деңгейі мен сапасына әсер етпейді. Бұл дегеніміз, тәрбиелік көзқарастар бойынша, теледидар мен мектепте балаларды оқытуда айтарлықтай өзгешелікті жоюға көмектеседі. Балаларды мәжбүрлеп оқытуға қарағанда, теледидар бағдарламаларын өз еркімен көрген бала көп нәрсені есте сақтап қалады екен.

Балалар бағдарламалары – әлем бойынша қабылданған термин. Жас көрермендер аудиториясына бағытталып, бағытталған бағдарламалардың жүйесі ескеріледі. Мақсаты – жеткіншектерге жан-жақты тәрбие және білім беру. Формасы – қызықты болу. Балалар телехабары алуан түрлі хабарларды қамтиды: ақпараттық, публицистикалық, ғылыми-танымдық, оқыту, сондай-ақ ойын, көркемдік, документальдық.

Әлем бойынша, жас көрермендер аудиториясына қатысты көптеген зерттеулер жүргізілген.

Ең алғаш Г.В. Абросимов өзінің «Особенности современной советской периодики для детей» кандидаттық диссертациясында жас көрермендер мен бұқаралық ақпарат құралдарының қарым-қатынасы аясында зерттеу жүргізді.

Г.А. Галочкина телевизиялық журналистиканың теориялық мәселесін толықтыру негізінде зерттеді. Мұнда теледидардағы балаларға арналған барлық бағдарламалар қамтылмаған. Тек оның зерттеу объектісі телевизиялық хабарлардағы жастар мен жас-өспірімдер жөніндегі мәселелер болды.

Ғ. Ыбыраева «Республикалық теледидардағы балалар хабарының типологиясы» атты кандидаттық диссертациясында қазақ теледидарындағы балалар хабарының тақырыптық, жанрлық және балаларға арналған хабарлардың басқа да ерекше құрылымын зерттеді.

Нью-Йорк университетінің қызметкерлері философия докторы Роберт Либерт, философия докторы Джон Нил және доктор Эмилия Дэвидсон «Ранное окно в мир: влияние телевидения на детей и юношество» еңбектерінде балалар психологиясын, сонымен қатар еліктеу арқылы оқыту проблемасын және теледидардың әсерін зерттеп, соның нәтижесінде фактілер мен статистикалық материалдарды талдады. Авторлардың пікірінше, теледидардан көрсетілген зорлық-зомбылық екі түрлі жолмен әсер етуі мүмкін. Біріншіден, жылдам және тікелей реакция туғызады. Екіншіден, ақырындап баяу әсер етеді. Болған жайтты көрермен есінде сақтап кейін қолдануы мүмкін екендігін анықтаған.

Коллинс пен Уэлман балалардың есте сақтау және танымдық қабілеттерін зерттеді. Авторлар теледидардың балалар үшін жақсы не жаман екендігіне қорытынды жасамайды.

Жас көрермендер телебағдарламаларға тәуелділігіне қарай төрт топқа бөлінеді:

1-көрермендер, қиял-ғажайыпқа бағдарланған;

2-шындыққа бағдарланған;

3-топ теледидарға өте қатты берілгендер;

4-топ қызығушылығы тұрақты емес, теледидарға қызығушылығы аз. Алты жастағы балалар 2-ші топта аз болады, бірақ он жаста айтарлықтай көбейеді екен. 3-16 жас аралығындағы балалар көп уақытын теледидар

алдында өткізеді. Балалардың көпшілігі теледидарды күнделікті көреді. Жасы келе теледидарға қызығушылығы азаяды.

Теледидардағы тәрбиелік функция нәтижесі екі негізгі факторға тәуелді:

1. Өнер туындысын ұсынушыларға (көрермен, тыңдармандарға не ұсынады, қалай ұсынады).

2. Көрермен, тыңдармандардың қабылдауына (қабылдауға қаншалықты дайын).

Психолог ғалым М. Семенюктің де көзқарасы осындай, ол бұл факторларды сыртқы және ішкі деп бөледі. Сыртқы фактор хабардың идеялық-көркемдік дәрежесіне, мазмұнына байланысты. Ішкі шарты – балаларды шығармашылық және жалпылама психологиялық қабылдауға, мәдени телебағдарламаларды көруге дайындау.

Негізгі факторлардың бірі, теледидардың тәрбиелік тапсырмасы: жас ерекшелігіне қарай балалардың жеке дамуын тіркеу және олардың қажеттілігін зерттеу.

Жас ерекшелігіне орай негізгі төрт топқа бөлінеді:

Мектеп жасына дейінгі балалар.

Төменгі сынып оқушылары.

Жасөспірім.

Жоғарғы сынып оқушылары.

3-7 жас аралығындағы балалар үшін, ең бастысы, ойын. Бала барлық танымдық дүниелерді ойын түрінде меңгереді. Мектеп жасына дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті көрнекі сипатқа ие, әсіресе олар нақты материалдарды жақсы қабылдайды. Бұл жаста танымдық даму процесі – қабылдауы, есте сақтауы, ойлауы, шығармашылық қабілеті қарқынды дамиды. 3-7 жастағы балалардың сезімталдығы ойлау жүйесінен де күштірек болады. Сонымен қатар олардың музыкалық қабілеті ерте қалыптаса бастайды. Бұл музыкалық-репродуктивтілік деп аталады, яғни бала музыкаға мән беріп, оны есіне түсіре алады. Бұл уақытта сәбиді көруге және көрнекілік құралдарды, яғни суретші өз шығармашылығында қолданатын: жарық, түс, түс үйлесімділігі, форма және композицияны үйретудің маңызы зор. Сондай-ақ баланың әдеби қабілетінің дамуы да өте маңызды. Осы жаста олардың әдемілікке және тіл байлығына деген қабілеті оянады. Сондықтан балаға ертегілер оқып, шағын театрлық қойылымдар жасау қажет.

Төменгі сынып оқушылары үшін ойын маңыздылығын жоғалтады. Бұл уақытта рухани қабілеті, ойша жұмыс істеу қабілеті қалыптасады. Осы кезден бастап оқу қызметінің маңызы артады.

Жасөспірімдік шақта қоғамдық-пайдалы қызметтер, оның барлық түрлері: еңбек, көркемдік, қоғамдық, оқу, спорт маңызды.

Балалардың эмоционалды тәрбиесіне бей-жай қарауға болмайды. Психологтардың зерттеуі бойынша балалар 11 жасқа дейін ауыр сезімдерді бастан өткізеді, мысалы, жапа шегу (5-6 жас), ашу, ыза (7 жас), үрей, қорқыныш (9-10 жас), таңырқау (11 жас). Бұл «қайғылы кешен» деп аталады. Сондықтан бұл жас аралығындағы балалар ерлік салттарды белсенді түрде қабылдайды.

Бүлдіршіндердің өзіндік кейіпкер келбеті болады. Әдемі адам олардың көзқарасы бойынша мейірімді, жақсы, оң кейіпкер. Сыртқы келбеті жағымсыз кейіпкер олардың күлкісін не таңғалысын туғызады. Олардың ішінде тек жақсы таныстарын ғана ұнатуы мүмкін.

Балалардың қабылдау ерекшеліктеріне қарай: ер бала және қыз бала болып бөлінеді. Ер бала жанрлардың ішінде оқиға, күтпеген жағдай, қауіп-қатерлі әрекет негізінде құрылған фильмдерге көп мән береді. Ал қыз бала мелодрамаға қызығушылық танытады.

Жасы ұлғая келе теледидардағы ақпараттық-танымдық және қоғамдық-саяси көзқарастарға қызығушылық білдіре бастайды. Сондықтан да әр жастағы балалардың психологиясын біле отырып телехабарлар жасалады, бұл олардың қабілетін, қабылдау ерекшелігін, қызығушылығын дамытады және педагогикалық және көркем тәрбие беруге негізделеді.

Теледидарда әлеуметтік жүйе ретінде орын алатын функциялар – идеологиялық, ақпараттық, тәрбиелік, білім беру, рекреативтік, т.б. Балаларға арналған әрбір телебағдарлама тәрбиелік процесте өзіндік функцияға бөлінеді: ғылыми-танымдық, адамгершілік-тәрбиелік.

Баланың ойы мен қиялы үшін мүмкін емес ешнәрсе жоқ, сондықтан олар ертегі, миф, аңыздарды оңай қабылдайды. Олар үшін шындықтан қиял әлеміне өту қиын емес, мұндай жетістікке мектеп жасына дейінгі балалар мен төменгі сынып оқушылары ие. Ойын жағдайында берілген телебағдарламалар балаларға өмірдегі мәселелерді шешуге, ойлануына деген мүмкіндік.

Теледидар тәрбиенің әртүрлі аспектілеріне және мектеп оқушыларына білім беруде айтарлықтай әсер етеді.Теледидар және радиода балаларға арналып берілген оқыту және тәрбиелік хабарлардың ықпалы салыстырмалы түрде зерттелді. Онда радиоға қарағанда, теледидар арқылы берілген хабарларды балалар есінде ұзақ және жақсы сақтайтындығы дәлелденген.

1985 жылы Ұлыбританияда зерттеу жүргізілді, оның басты сұрағы, «Теледидар балаға жалпы мәлімет қорын бере алады ма немесе басқа құралдармен салыстырғанда білім алу мүмкіндігін тежейді ме?». Зерттеудің нәтижесі бойынша ақпараттық телебағдарламалар бала-көрерменнің білімін кеңейтеді. Мысалға американдық «Улица Сезам» бағдарламасы келтірілген. Ғалымдардың пікірінше, дәл осы бағдарлама оқыту теледидардың бастауына септігін тигізді. Бағдарламаны шамамен 8 миллион бүлдіршін тамашалаған. «Улица Сезам» көрсетіле бастағаннан кейін, теледидар балалар білімінің деңгейін жоғарылатады деген тақырып аясында зерттеулер пайда бола бастады. Түсінік бойынша «оқыту теледидарының» екі түрлі жоспары бар: бір жағынан, бұл ерекше хабар тарату аймағы, ал екінші жағынан, қазіргі оқыту құралы.

Балалар теледидары – бұл балалардың тікелей атсалысуымен құрылған біртұтас процесс және балалар аудиториясына қызмет істеу болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің аудиториясына бағытталған теледидарға қойылатын талаптар:

оның ең басты мақсаты – енжар емес, белсенді ұрпақ өсіру;

балалар теледидары әрбір сәби үшін шығармашылықтың бастауы ретінде дамуы қажет. Егер кішкентай көрерменге өзінің фантазиялық нұсқасын ұсынатын болса, онда ол форма және мазмұны жағынан ашық, қызықты болуы керек;

комплекстік арнайы жасалынған хабарлар, жасөспірімдер үшін қиындық туғызатын әлеуметтік мәселелерді талдай білуіне жағдай жасауы қажет. Мұндай хабарлар қызықтыратын, жалғасы бар болғаны жөн, тек қана балаларға арналған емес, сондай-ақ ересектерге арналып, телеэкранның арғы жағынан отбасылық әңгіме өршуі керек;

телемәтіннің жанрлық құрылымы ширақ болуы қажет;

теледидардың техникалық мүмкіндіктері ескерілуі керек.

Психологияның белгілеуінше, экрандағы әртүрлі «кереметтер» бүлдіршіндердің жүйке жүйесіне зиян.

Вашингтон университетінің ғалымы Фредерик Циммерман 1500 баланы (3 жастан 12 жасқа дейін) бақылай келе, теледидарды төрт сағаттан аса қарайтындардың бұзақы болу ықтималдығы 30 пайызға артатындығын дәлелдеген. Одан тыс, ересектер арасында да күнұзағына теледидар көретіндер бұзақылық әрекеттерге бару етек алыпты.

Көршілес Ресей елінде тек қана балалардың мүддесіне қызмет ететін арнайы бірнеше телеарна бар. Онда көрсетілген бағдарлама, мультфильм, кино болсын кез келген өнім тек балаларға арналған. Соған қарамастан бұл елдің көптеген мамандары бала психикасына тигізетін кері әсерін айтып дабыл қағуда. Олардың айтуынша, баланың денсаулығына теледидардың зияны үлкен. Экраннан жиі жылжып өтетін қанық әрі түрлі түсті картиналар оның көзіне, ал түрлі бейнелердің лезде ауысуы олардың иммундық жүйесіне кері әсер етіп, жүрек пен мидың жұмысын жеделдетіп, баланың бір нәрсеге деген назар аударуын төмендетеді дейді.

Бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе оның ішінде теледидар ересектерден гөрі балалардың өмірінде елеулі орын алатындығын ресейлік ғалым А. Журин зерттеген. Онда Ресей балаларының ақпарат құралдары өнімін пайдалану дәрежесі жан-жақты баяндалады. Сонымен қатар 1992-1999 жылдар аралығындағы әртүрлі жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде теледидардың алдыңғы орынға шыққаны көрсетіледі.

Сондай-ақ А. Журин зерттеу барысында өте маңызды тағы бір мәселеге көз жеткізген. Мысалы, балалардың ақпарат құралдарына риясыз сенетіндігі, яғни журналистердің бұрыс ақпарат беруіне негіз жоқ деп есептейтіндігі. Аталған деректерге сүйенсек, жеткіншектерді тұлға ретінде қалыптастыру барысында бұқаралық ақпарат құралдары белсенді құрал болады деуге толық негіз бар. Бірақ ғалым бұл әрекеттің кейбір жағдайда кері ықпал тигізетінін де естен шығаруға болмайтынын ескертеді. Ресейде жүргізілген сауалнаманың нәтижесі: сұралғандардың 67 пайызы теледидар

бағдарламалары балалар мен жасөспірімдерге кері әсер етеді деп есептейді. Тек 14 пайызы теледидар жастарға оң ықпал етеді, яғни нақты өмірге бейімделген еркін де бастамашыл адамдарды тәрбиелейді деген пікірде. Ал сауалнамаға қатысқандардың 13 пайызы электронды БАҚ-тың Ресей жастарының адамгершілік қасиеттеріне кері әсер етіп отырғанын сезінбейтінін айтады.

Теледидардың ықпалын жиырма бес жыл бойы зерттеп келе жатқан Дафна Лемиш өзінің «Жертвы экрана. Влияние телевидения на развитие детей» атты кітабында бұл мәселелерді жан-жақты қарастырған. Теледидар адамдардың өмірінде күшті ықпалға ие болғандықтан, ең бірінші өзінің қызметіне үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Оның айтуынша, теледидардан беріліп жатқан зорлық-зомбылықтың ықпалынан бұрын мынадай факторлар алға шығады: баланың жеке мінездемесі, тегі және отбасының өмірлік тәжірибесі. Сонымен қатар бала теледидардың жағымды және жағымсыз ықпалына да душар болады.

Балаларға қатысты әртүрлі зерттеу пайымдары болғанымен, балалар дүниежүзі қоғамдарындағы осал мүшесі болып табылады деген ортақ көзқарас бар: физикалық тұрғыдан әлсіз, олар қорғауға, тәрбиеге зәру, өмірлік тәжірибе мен білім жеткіліксіз, олар үлкендерше ойламайды және оларға әлеуметтік және экономикалық ресурстар жеткіліксіз.

Осы ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, өзімнің зерттеу жұмысымды жүргіздім. Зерттеу нысаны – төрт жасар Сырым есімді ер бала. Менің мұндағы ең басты мақсатым бала теледидардан беріліп жүрген телебағдарламалар мен мультфильмді қанша уақыт көреді және оған қаншалықты әсер етеді. Сырым күнделікті таңғы сағат 8-ден түскі сағат 3-ке дейін «31 арнадан» және «ОРТ» телеарнасынан берілетін шетелдік мультфильмдерді қарайды. Ал өзіміздің отандық мультфильмдерді кездейсоқ кездескен жағдайда ғана көреді. Телебағдарламалардан көбіне «Еркетайды» тамашалайды. «Қазақстан» телеарнасынан «Құйыршық» мультфильмі берілді. Сырым бұл мультфильмді қызыға тамашалап, өз қызығушылығын білдірді. Мультфильмдегі кейіпкерлердің сөзін қайталап қосылып айтып отырды. Мәселен, ата мен әженің кішкене балаға мынау шалбар, мынау аяқ киім, мынау бас киім деген киім атауларын және мынау шаңырақ, уық, кереге сынды киіз үй құрылысын үйрету мақсатында айтылған сөздері.

Балалар теледидардан көргендерін есінде ұзақ уақыт сақтайды деген тұжырым бойынша бірнеше күн өткен соң Сырымнан «Құйыршық» мультфильмінен үйренген киіз үй құрылысын сұрадым. Ол сұрағыма еш мүдірместен жауап берді. Осылайша, ғалымдардың зерттеуін өз тәжірибеме қолдандым.

Жалпы, ғалымдардың зерттеу нәтижесі әртүрлі. Бірі теледидардың пайдасын айтса, бірі зиянын айтады. Демек, теледидардың пайдасы да, зияны да болғаны. Теледидардың балаларға зиянды тұстары әсер етпеуі үшін зерттеулердің нәтижесін ескере отырып, өз практикамызда қолданған жөн. Балалар телебағдарламаларын осы зерттеулер аясында жасаған абзал. Себебі теледидар және біз – біргеміз.

Әдебиеттер

1 Медведева О.А. Телепрограммы для детей гионоличества: тематика, визуальная структура, особенности восприятие.

2 Альфара Сурайа. Телевещание Сирии для детей и проблемы его воспитательной образовательной деятельности в период с 1961 по 2006 гг. – М.: Диссертация, 2006. – 163 с.

3 Кузнецов Г.В. Так работают журналисты ТВ: учебное пособие. – 2-е изд., доп. – М.: Изд-во «Моск. Ун-та», 2004. – 400 с.

References

1 Medvedeva O.A. «Teleprogramma dlya detey gionolichestva: tematika, visual·naya struktura, osobennosti vospriyatie»

2 Al·fara Suraya. «Televeshchanie Sirii dlya detey i probiemy ego vospitatel·noi obrazovatel·noi deyatel·nosti v period s 1961 po 2006 gg.» – M.: Dissertatsiya, 2006. – 163 s.

3 Kuznetsov G.B. «Tak rabotayut zhurnalisty TB: Uchebnoe posobie» – 2-e izd., dop. – M.: «Izd-vo Mosk. Un-ta», 2004. – 400 s.

UDC 316.77

E. Alim

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
E-mail: elmira.alim@gmail.com

«The use of PSA's (Public Social Announcements) in financial literacy programs: the experience of Kazakhstan»

This article provides an insight into recent trends in the communication strategies used in improving financial literacy in Kazakhstan. One of the pressing problems in many transition countries is widespread financial illiteracy among its population. The great complexity of some financial instruments has contributed to a poor understanding of financial and other risks. This article assesses the effectiveness of public social announcements (PSA's) and the media in enhancing financial literacy in Kazakhstan. Elmira Alim has done a thorough analysis of statistical data that shed light on the improvement in the levels of financial literacy among the population.
Keywords: financial literacy, PSA (public service announcements), Kazakhstan.

Э. Әлім

PSA's-ті (Қоғамдық әлеуметтік хабарландырулар) сауаттылық қаржы бағдарламаларында пайдалану: Қазақстан тәжірибесі

Бұл мақала оқырманды Қазақстанда қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған коммуникациялық стартегиялардағы соңғы тенденциялармен танысуды ұсынады. Халықтың қаржылық сауатсыздығы транзиттік кезеңдегі мемлекеттердің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Кейбір қаржылық құралдардың күрделілігі қаржылық тәуекелдіктердің нашар түсінілуіне әкелді. Бұл мақала әлеуметтік жарнама мен басқа медиаларды қолданудың қаржылық сауаттылықты көтерудегі тиімділігін бағалайды. Автор статистикалық деректерге халықтың қаржылық сауаттығын көтеру бойынша қабылданған шаралардың өнімділігін айқындайтын талдау жүргізді.
Түйін сөздер: қаржылық сауаттылық, PSA (коммуналдық қызмет көрсету хабарландырулары), Қазақстан.

Э. Алим

Использование PSA's (Общественные Социальные Объявления) в финансовых программах грамотности: опыт Казахстана

Данная статья предлагает читателю ознакомление с последними тенденциями в коммуникационных стратегиях, направленных на повышение финансовой грамотности в Казахстане. Одной из острых проблем многих транзитных государств является финансовая неграмотность населения. Сложность некоторых финансовых инструментов привело к плохому пониманию финансовых рисков. Данная статья оценивает эффективность применения социальной рекламы и других медиа в повышении финансовой грамотности. Автор провела анализ статистических данных, который проливает свет на продуктивность предпринятых мер по повышению финансовой грамотности среди населения.
Ключевые слова: финансовая грамотность, PSA (объявления коммунального обслуживания), Казахстан.

The decision to take a bank loan is often made spontaneously, without any analysis of the proposed options and settlement payments. In times of economic growth such rushed decisions may lead to financial difficulties, but in times of economic crisis they can lead to a financial disaster. According to a research done by the Institute for Policy-Making in Kazakhstan (Kapital, 2011), nearly half of the population (45.7%) – has a loan. Throughout the country, most of the population, who have taken loans

from banks spend 20% to 40% of their family budget on its repayments. As a result, about one-fifth of the population who own bank loans spend most of their wages (40% – 92% of their income) on credit repayments [1]. Another research done by Centr Finansovogo Planirovania revealed that more than half of respondents who have experience in the use of loans are only willing to renew them only in cases of emergency (54.5%) [2].

The problem of financial illiteracy in recent years has reached a global scale. Governments in many countries, including Kazakhstan, widely implement national educational programs to improve financial literacy. However, despite all efforts, the problem of financial illiteracy remains unresolved. The existence of a large number of seminars, training courses, consultancies, and special websites does not bring the desired effect. Only a small portion of the society know of their existence and are interested in raising their knowledge levels. Most of implemented government programs aimed on improving financial literacy are based on providing information through various mass media. However, program developers should not forget about specific mechanisms of persuasion that urge people to start using available information in practice. As noted by Annamaria Lusardi, a leading American expert on financial literacy: "We need to move away from this simple view that if you provide information people will act on it" [3].

To be most effective all initiatives for raising financial literacy need publicity or public service announcements (PSA's). PSA's have previously encouraged people to stop smoking, not use drugs and to maintain cleanliness of the streets. However, there haven't been any recent examples of PSA's with a message urging to save money in Kazakhstan.

The influence of PSA's on the effectiveness of financial education programs is an under-researched area. Despite the gradual increase in the use of PSA's in financial literacy programs in countries like UK and USA, the evaluation of their effectiveness is often ambiguous [4]. The reason for this is insufficient media placement of PSA's. Also, there is no clear method of evaluating the effectiveness of public social advertising that takes into account the diversity and multidisciplinary thematic areas of financial literacy. Despite this, experts acknowledge the impact that PSA's may have on financial literacy levels of people. William Gale and Ruth Levine: "An overarching public information campaign could play a key role in promoting financial literacy, by providing a credible, timely, comprehensive, and continual information on the key issues" [4]. The positive influence of public social advertising if also explored in the works written by international experts like Richard Earl and Rice Atkin and Russian experts – Gyuzella Nikolayshvili, Alla Kovaleva, Evgenyi Stepanov, Natalia Gribok

Financial literacy has a significant impact on human welfare, quality of life and economic development. Programs to improve financial literacy are meant to teach people how to manage money to their best advantage. All programs are created and implemented by the government. PSA's primarily serve the interests of the government – around a single mission – to change the behavioral patterns in society. Despite this, in post-communist countries PSA's are almost never used to educate the public about the importance of financial literacy.

The author posits the following hypothesis: "Financial literacy programs are ineffective without the inclusion of PSA's in its strategy." Therefore, this article attempts to answer the following questions: How effective are the existing programs in improving financial literacy? How has the proposed knowledge on financial literacy helped people cope with the consequences of the financial crisis? Why do levels of debt on bank loans remain unchanged despite all the measures taken to combat financial illiteracy of the population? Are PSA's effective measures in improving financial literacy?

This article is divided into two parts. In the first part the author describes the features of public social advertising and its potential influence in raising the effectiveness of programs to improve financial literacy. The second section uses the example of Kazakhstan as an illustration of the fact that financial literacy programs need additional information in the form of segmented high-quality PSA's.

Public social advertising as an alternative way to improve the financial literacy

Public social advertising can be a very important tool for building a culture of financial behavior. Public social advertising is defined as a form of communication designed to attract attention to the most pressing problems of society and its moral values [5]. It is the modern way to spread socially significant, important or useful knowledge, carried out by methods of advertising in the public interest. Therefore, various advertising campaigns need to attract

the attention of citizens with insufficient levels of financial education.

Financial literacy experts have a clear knowledge of financial institutions and their proposed products, when best to purchase them, and understand the consequences of their use. As noted by Constantine Kochmola and Yulia Evlakhova, financial literacy as a concept is divided into three interrelated parts: stance, knowledge, and skills [6].

The first part – stance – is the basis of financial literacy. Stance is the establishment in the minds of people of the understanding that the life cycle of any person includes certain key events for which they must financially prepare. These events include starting a family, birth of children, purchase of an apartment or a house, education of children and retirement. The 'solution' to all these key events today is impossible without the use of money market instruments.

Another important aspect, which prevents the development of the financial activity of the population – is an overall distrust in financial institutions. Overcoming this attitude must be done through persuading people that the existence of these institutions is the norm for any modern society, an integral and functional part of the market.

The second element of financial literacy is essential knowledge and must include: awareness of the importance of inflation, the differences between cash and non cash payments, principles and schemes of the financial market, the nature and functions of financial institutions and instruments, legal and tax rules, the boundaries of responsibility of financial institutions to clients and customers, and some basic knowledge of financial vocabulary.

Finally, financial literacy requires skills: the ability to search and find information about the markets, to monitor key indicators of the market, to read a contract and understand its contents, to compare the offers of different companies, and to file a claim or complaint in cases of consumer rights violation. It is to be able to monitor such developments in financial markets as interest rates on loans and deposits, mutual fund returns, and the cost of insurance products.

A PSA can address the above concepts as it can serve multiple functions. One of the main functions that is noted by public social advertising expert Evgeny Stepanov is attracting attention to the problem [7]. PSA's may also include a warning. The educational function [5] distinguishes social advertising from commercial advertising. Public social advertising informs the public about the problems and methods of overcoming them and also raises the intellectual levels of the citizens. Another important function, which draws the attention of Natalia Gribok is pedagogical [8]. Public social advertising is designed to instill in society a certain behavior and attitude to life like a habit of using seatbelts, avoiding drugs, and keeping the streets clean. Public social advertising encourages people to communicate with parents, care about children, and preserve the culture of their country. Alla Kovaleva [9] highlights the function of "social therapy" – to reassure people who have a problem, and to show that they are not alone with their difficulties. Typically, this involves advertising various social hotlines.

A new public social campaign about managing personal finances and economic and legal literacy which is developed with the participation of leading financial institutions may interest the audience. However, it should be simple and concise and provide specialized information to each social group. A separate series of promotional materials should be developed for students, those who first started to work, unemployed, people who are planning to start a family, pensioners facing serious financial problems and so on.

Оқыту теледидарының оқулықтардан артықшылығы – оның эмпирикалылығы. Яғни тек теориямен шектелмей, тәжірибе жүргізіп, көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Мектептерге арналған теледидардың мақсаты дәстүрлі білім беру жүйесін жою емес. Оқыту теледидары мұғалімнің орнын баспайды, керісінше оған көмекке шығады. Ешбір БАҚтың дамуы оқушы мен оқытушы арасындағы көзбе-көз байланысты алмастыра алмайды. Сол себепті, білім беру теледидары мұғалімді ауыстыруы, оған «телеконкурент» ойлап шығаруы мүмкін деген жаңсақ пікір, ол тек мұғалім жұмысының тиімділігін арттырады.

Ағартушылық теледидарының міндеті – заманауи және классикалық өнер мен мәдениет туралы телевизиялық энциклопедиялар шығарып, көрерменді осы салаға тарту. Сонымен қатар

ағартушылық бағыттағы бағдарламалардың өз талаптары бар:

Біріншіден, бағдарлама белгілі бір саланың білікті мамандары қатыстырылған, жаңа мәліметтер мен ғылыми білім қоры бар маңызды бағдарлама болуы тиіс;

Екіншіден, бағдарлама өнер туындысына ұқсатылып жасалынуы тиіс және өз драматургиясы болуы керек.

Үшіншіден белгілі бір білімнің жүйесі ретінде әр бөлімі логикалық реттілікпен құрылуы тиіс.

Теледидардағы ағартушылық түрлі жанрларды пайдаланады. Мысалы: мұражай не зертханалардан репортаж, ғалымдар мен мәдениет адамдарынан сұхбат, алу, т.т. Мұражайдың ішінде, көрмелерде, атақты жерлерде жүргізілген телеэксурсиялар миллиондаған адамдарға елдің рухани және материалдық мәдениеті, тарихи мұраларымен көзбе-көз танысуға мүмкіндік береді.

Сахналау арқылы тарих беттеріндегі адам бейнелерін, соғыс сәттерін шындыққа лайықтап құру да көрнекілік береді.

Қазақстан телеарнасындағы білім беру бағдарламаларының дамуын, тарихын талдай отырып, оқыту бағдарламаларының саны күннен-күнге азайып келетініне көз жеткізуге болады. Бақылап қарасақ, көптеген елдердің арналарында білім беру бағдарламаларын рекреациялық қызмет атқаратын білім беру бағдарламаларының әлдеқайда жеңіл, үстіртін жасалатын түрі күннен-күнге ығыстыруда.

Мысалға алатын болсақ, «Деньги в дом», «Такси», «Миллион кімге бұйырады?», «40 миллионов», ресейлік «Слабое звено», «Русская рулетка», «Народ против», «Интуиция», 2010 жылы теледидарды жаулап алған «Планета сокровищ» және «Call-tv» сынды теле сайыстар, т.т. тізе берсең таусылмайтын білім беру бағдарламасына ұқсатылған, бірақ та негізгі мақсаты рейтинг жинау, ақша табу болып табылатын бағдарламалар экран уақытын алуда.

«Деньги в дом», «Такси», «Миллион кімге бұйырады?», «40 миллионов» – бұл бағдарламалардың көрермендер дүниетанымын кеңейтуде мүлдем үлесі жоқ деуден аулақпыз. Десек те, бағдарлама атауларында «миллион», «деньги» сөздерінің болуы көрермендерді білімге емес ақша табуға шақырып тұрғандай. Бір сөзбен айтқанда, «Шексіз білім кімге бұйырадының» орнына «миллион кімге бұйырады?» деп көрермендерді тарту мақсатын алға қойған. Және «Интуиция», «Русская рулетка» сынды бағдарламалардың мақсаты көрермендерді көбірек жинау екендігі де құпия емес. Бұлардың қасында нағыз білім беруді көздейтін бағдарлама деп Франция мен Қазақстан жастары арасында телекөпір ұйымдастырып, ұтымды әрі салмақты сұрақтар арқылы топтарды сайыстыратын «Интеллектуальные олимпиады» бағдарламасын атап өтуге болады. Бағдарлама өте сауатты жасалған әрі жастардың логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Ал «Планета сокровищ», «Call-tv» бағдарламалары халыққа еш пайдасы жоқ, тонауға бағытталған, ақша қуу жолында шектен шыққан бағдарламалар дер едік. Бұл бағдарламалар көрермендерге кішкентай баланың өзі білетін сөзді жасырып, жауабын ақылы қоңырау арқылы беруге шақырады. Оныншы болып хабарласқандарға ғана жауабын айтуға мүмкіндік бар деген желеумен сеніп қалған көрермендердің қоңырауларынан қыруар ақша жинап алады. Ал эфирге оныншы болып хабарласып отырғандардың адамды таңғалдырарлық ақылға сыймайтын қате жауаптарды ғана беруі, бағдарлама желісі тек өтіріктен құралғанын дәлелдей түседі. Өкінішке қарай, көптеген жасы келген және кішкентай көрермендеріміз бұл алдаудың қармағына түсіп, қомақты ақшаларынан айырылып қалып отырған. Халық наразы болуының арқасында мұндай бағдарламалардың ғұмыры ұзақ болмады. Бірақ эфирге шыққан қысқа мерзімнің өзінде талай адамдардың соңғы тиынын сыпырып кеткендігі теледидардың жақсы жаққа халықты шоғырландыру қасиетімен қоса, оның кем тұсының, яғни осындай қара ниетті дүниелердің де әсерін екі есе күшейтетіндігінің жарқын көрінісі. Сол себепті теледидар эфиріндегі бағдарламалардың сапасына, мақсатына зор мән беру керек. Әсіресе телеойындар мен телесайыстардың алғаш пайда болғандағы мақсаты ойын арқылы көрермендерге білімді қабыдауды жеңілдету екендігін ұмытпаған жөн.

Теледидар мен мектеп арасындағы қарым-қатынас шым-шытырыққа толы. Көгілдір экран оқушының ғылым саласында дүниетанымын кеңейтуге үлес қосуымен қатар, қажетсіз, тіпті, санасын улайтын ақпараттармен де қанықтырып жатыр. Мысалы, «Интеллектуальные олимпиа-

ды» бағдарламасын көрген бір оқушы тарих сынды кей салада мұғалім естімеген тың ақпаратты қабылдап келсе, келесі бір оқушы «Наруто», «Бакуган» іспеттес шындыққа жанаспайтын, қатыгездікке баулитын мультфильмдермен санасын толтырып келуі мүмкін. Бір оқушы «Алпамыс мектепке барады» немесе «Менің атым Қожа» фильмдеріндегі кейіпкерге еліктеп жүрсе, бір оқушы «Чаудер», «Спанч Боб» сынды мультфильмдердегі ақымақ кейіпкерлерге еліктеп жүруі мүмкін.

«Алпамыс мектепке барады» фильмін қойған – Абдолла Қарсақбаев. Ол – ВГИК-тің режиссерлік факультетінің түлегі. «Қазақфильмде» «Менің атым Қожа», «Қилы кезең», «Балалық шаққа саяхат» және тағы басқа фильмдерін түсірген.

«Менің атым Қожа» фильмінде Том Сойерді елестететін ауылдың тентек те пысық баласының әрекет-қимылдары көрінген. Кино зерттеуші Қабыш Сиранов өзінің кітабында бұл фильмге жақсы талдау жасап, жоғары баға берген.

Бала деген – сәмбі тал, жел қалай соқса солай қарай майысады деп халқымыз бекерден айтпаған. Өскелең ұрпақтың өмірлік ұстанымдарына, ой-санасына, рухани дүниесіне теледидар тікелей әсер ететіндігіне әр уақытта көз жеткізе аламыз.

Аристотельдің «Метафизика» атты еңбегінде былай делінген: «Барлық адамдар табиғатынан білімге құштар. Сезіп білу арқылы жаңа мәліметтерді қабылдауға талпыну оған дәлел бола алады. Әсіресе көру қабілетіне біз басқа сезу қабілеттерімізбен салыстырғанда көбірек мән береміз. Себебі көре білудің басқа сезімдерден біздің танымымызға зор әсер ете білетін өз артықшылықтары бар».

Көру қабілетінің адамзат өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығын одан кейінгі зерттеулерден де байқай аламыз.

1933 жылы Дж. Гибсон классикаға айналған тәжірибе жүргізді. Бұл тәжірибе көре білудің басқа қабілеттерден алдыңғы қатарда екендігін дәлелдей түседі. Ол тәжірибеге қатысушылардың көзіне түзу затты қисық етіп көрсететін линза кигізіп, қолдарына түзу сызғыш ұстатқан. Тәжірибеге қатысушылар сызғышты қолында ұстап тұрғанына қарамастан, көргендеріне сеніп, сызғыштың қисық екендігін растаған. Көздерін жұмып ұстатып сұрағанда сызғыш түзу деген жауап қайтарса, линзамен қаратып сұрағанда сызғыш оларға қисық болып көрінгенімен қоймай, қисық болып сезілгендігі байқалған.

Кейінірек Т. Бауэр өз зерттеулерінде сәбилер өмірінің алғашқы айларынан бастап-ақ көру бейнелерін қабылдап қана қоймай, есте сақтайтындығын да дәлелдеген.

Оқытудың түрлі әдістерін сомдаған зерттеушілердің көпшілігі оқу үдерісі барысында қабылданатын ақпараттың 90 пайызға жуығын адам көру қабілетінің көмегімен алады деп санайды. Дж.Брунер мен Ж.Пиаже еңбектерінде осы мәселе негізге алына отырып, нәрестенің алғашқы өмір жылдарындағы танымы интеллектуалды мүмкіндіктерінің өсуінде маңызды рөл атқаратынын атап өткен.

Бұл зерттеулердің нәтижелері теледидар үстемдік еткен дәуірде, әсіресе зор мәнге ие. Жаңа заманның балалары теледидарды 2 жастан бастап-ақ тамашалауға кіріседі, бұл көгілдір экранның да бала үшін өзіндік тың әлемге жетелейтін өмір айнасына айналатынын байқатады. П. Уитти зерттеулерінде келесі мәліметтерді келтіреді: бастауыш мектептің оқушылары теледидарды аптасына 15-75 сағат көрсе, жасөспірімдер шамамен 25, ал жоғарғы сынып оқушылары – 12-14 сағат тамашалайды [2].

Қорыта келе, Қазақстандағы оқушылар аудиториясынан ауқымды сауалнама жүргізе отырып, сұранысқа лайық білім беру арналарын ашу қажет деген тұжырымға келуге болады. Және де асығыс, жоспарсыз аша салмай, бұл үдеріске үлкен жауапкершілікпен қарау керек. Арнаны ашпас бұрын алдын ала барлық жағдайларды қарастырып, соңғы үтір-нүктесіне дейін сараланаған сапалы бағдарламалар ұсына алатындай дәрежеге жеткізу керек. Көптеген елдер білім, мәдениет арналарын ашу жолында белсенді талқылаулар, кешенді дайындықтар мен жоспарлы жұмыстар жүргізген. Және қазіргі кезде соның жемісін көруде. Шыны керек, ID-TV, Алма-TV-ге қосылған біздің жастар көбіне Discovery, Science, Nature арналарын тамашалайды. Егер халқымыз жұмыла жұмыс атқарып, осындай бір арна ашса, жастарымыз шетелдік арналарды емес, өз арналарын сүйсіне қарайтын күн де туады.

Әдебиеттер

1 Лапина И.Ю. Основные тенденции функционирования научно-популярного телевидения: Диссертация. – Москва, 2005. – 22.

2 Собкин В.С. Временный научно-исследовательский коллектив «Школа». «Телевидение и школа: опыт социокультурного и психолого-педагогического анализа: Сборник научных трудов. – М., 1989. – С. 126-127.

References

1 Lapina Y. YU. “Osnovnie tendentsiy funktsionirovanya nauchno-populyarnogo televideniya”. Dissertatsia. Moskva, 2005. – 22.

2 Sobkin V. S., vremennyy nauchno-issledovatelskiy kollektiv “Shkola”. “Televidenie I shkola: opyt sotsiokulturnogo I psikhologo-pedagogicheskogo analyza”. Sbornik nauchnykh trudov. Moskva, 1989. – S. 126-127.

ӘОЖ 070

О. Қасым

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: olzhas_kasym@mail.ru

Баспасөздегі әдеби сын

Бұл мақалада қазақ баспасөзіндегі әдеби сынның бүгінгі хал-ахуалы, мен проблемалары қарастырылды. Сол арқылы журналистика мен әдебиеттің өзара байланысы көрсетілді.
Түйін сөздер: аннотация, публицистика, жанр.

О. Касым

Литературная критика в прессе

В этой статье рассматривается нынешнее состояние и проблемы литературной критики в казахской периодической печати. Посредством этого указывается взаимосвязь между журналистикой и литературой.
Ключевые слова: аннотация, публицистика, жанр.

O. Kassym

Literary analysis of media

In this article i saw the problem the current state of literary affairs test Kazakh press.Through the left shows the relative relationship of journalism and literature.
Keywords: abstract, journalism, genre.

Сынның әдеби, ғылыми, эстетикалық сипаттары секілді публицистикалық сипаты да негізгі қасиеттерінің бірі ретінде саналады. Сынның публицистикалық сипатына қарай, оны журналистика деп қарайтын пікірлердің бар екенін ескерген дұрыс. Сын – журналистика емес, публицистикалық оның табиғи қасиеті. Рас, сынның дамуында баспасөздің алар орны ерекше. Сынның негізгі рөлі баспасөзде. Баспасөз бар жерде әдеби сын да бар. Сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Баспасөз жоқ кезде шын мәніндегі әдеби сын да болмайды. Баспасөз – сынның өмір сүру формасы, даму арнасы. Әдеби сын газет-журналдар бетінде көрініп, өмір сүреді десек, сонымен бірге журналистиканың мүмкіндіктерін де молынан пайдаланатындығы көрінеді. Сын журналистиканы өз қажетіне қарай кеңінен қолданады. Мысалы, аннотация, рецензия, мақала, шолу сияқты баспасөздің жанрлары – сынның да жанрлары. Журналистер жиі қолданатын дөңгелек үстел, сұхбат, диалог секілді түрлі формалық әдістер әдеби сынға да жат емес. Сын мен журналистиканың да мақсаты ұқсас: қоғамдық өміріміздің түрлі салаларында болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде халыққа жеткізіп беру журналистика үшін басты мұрат болса, әдеби өмірдегі елеулі нышандарды насихаттап отыру – сынның негізгі міндеті. Бұл жерде журналистиканың ауқымы кең екендігі көрінеді. Ол әлеуметтік тіршіліктің барлық саласын қамтып жазса, әдеби сын оның бір ғана саласын – әдебиет мәселелерін ғана еншісіне алған. Бұл жерде журналистика мен әдеби сынның мақсат-мүддесі түйісіп, бір жерден көрінеді.

Публицистиканың негізгі мақсаты – бүгінгі күннің өзекті жақтарын жырлау деп ұғынсақ, сынның да басты мұраты – қазіргі әдеби процестің зәру проблемаларын көрсету. Бұл ретте Ф. Дементьевтің «біздің сынымыз қозғалмалы публицистика болуы тиіс» дегенінің жаны бар. Бұл тұрғыдан келгенде публицистика мен әдеби

сынға қойылар талап бар. Ол – бүгінгі күннің жырын жырлау. «Әдебиет – өмір айнасы». Сол әдебиетте қоғамдық өмірдің барлық саласы көрініс табатындықтан, оған пікір білдіретін әдеби сын да тек көркемдікті сөз етіп қоймай, әлеуметтік мәселелерді де қозғайды. Баспасөз ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті, ғылымды, мәдениетті қалай жазса, көркем әдебиет мәселелерін де ұдайы көтеріп отыруға тиісті журналистикаға қойылатын барлық талаптар әдеби сынға да қатысты. Әдеби сынның осындай қасиеттеріне орай, оны әдебиет материалдарына негізделген публицистика деп атауға болады. Сынның пайда болуы, атқарар қызметі, мазмұн-түрі жақтарындағы публицистикалық қасиеттері оның журналистикамен тікелей байланыстылығын көрсетеді.

Әдеби сын журналистикаға аяқты нық тірегенде ғана өзіне жүктелген үлкен міндеттерді ойдағыдай орындай алады. В.Г. Плеханов сынның публицистикалық сипатын оның ғылыми жағымен байланыстырады: «Объективті сын шын мәнінде ғылыми болғанда ғана публицистикалық сипатқа ие бола алады. Егер өнердің мәңгілік заңдары өмір сүретін болса, белгілі бір тарихи кезеңдерде публицистика көркем творчество ауылына баса көктей кіріп, өз үйіндегідей іс-әрекеттер жасайды. Әдеби сын да солай». Өмірде болып жатқан құбылыстарға да белсене араласып, пікір білдіріп отыру, әдеби сынның өміршеңдігі мен өмірімен тығыз байланыстылығының басты шарты.

Қазақ әдебиеті сынының тарихына, оның жүріп өткен жолына көркемдік сапа деңгейі тұрғысынан қарағанда бірнеше айтулы кезеңдерді атап өтуге болады. XX ғасырдың 20-30 жылдарында Алаш арыстары негізін қалаған, осылардың арқасында жаңаша, ұлттық танымдық-көркемдік биікке көтерілген әдеби-көркем сын, ең бастысы, осы арқылы сол кезеңдегі туған әдебиетіміздің тарихын, теориясын, көркемдік ізденістерін бір жүйеге түсіруге деген талпыныс өз жемісін берді. Сол жылдардағы А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ғ. Тоғжанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев бастаған және осы ізденістер арнасын әрі қарай сәтті жалғастырып кете алған кейінгі толқын әдебиет зерттеушілері мен сыншылары да ұлтымызға теңдессіз, құнды мирас қалдырды. Қазір қолымызда қалған осынау баға жетпес құнды мұра бүгінгі әдебиетін іздейтін, әдебиетін сүйетін жас ұрпаққа да таптырмас рухани азық екендігін айтып жату артық. Демек, қазіргі қазақ көркем сыны тақыр жерден басталған жоқ, құнарлы мектептен, телегей теңіз әдебиетіміздің өз қайнарынан нәр алды. Қазақтың ұлттық әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымындағы осынау күрделі жылдарда қалыптасқан, өркен жайған құнарлы дәстүр 60-90 жылдар, керек болса бүгінгі тәуелсіз әдебиетіміз бен өнеріміз үшін де баға жетпес биік тұғыр, эстетикалық құндылық болып отыр. Осы жылдар аралығында осынау құнарға табан тіреген, содан нәр алған бірнеше буын қазақ сыншылары да өсіп жетілді, әдебиет айдынына шықты. 70-жылдардың ішінде жазған дүниелерімен оқырманын елең еткізіп осы көшке келіп қосылған З. Серікқалиев, Т. Тоқбергенов, А. Сүлейменов, Ж. Әбдірәшев, С. Әшімбаев, Т. Шапай, Сайлаубек Жұмабек, т.б. сын еңбектері әдебиетке соны леп алып келді.

Жалпы, әдеби сын туралы көптеген ғалымдардың түрліше берген баға, пайымдаулары бар. Мысалы, мына анықтама әдеби сынның атқарар қызметін, парызын дәл анықтайды.

«Әдебиет сыны – әдеби сын, көркем әдеби сын – әдебиеттану ғылымының бір саласы. Ол өмір шындығы мен әдеби шығармадағы көркем шындық арақатынасын саралап, көркем шығарманы әдеби тұрғыдан бағалайтын, әдеби дамудың ағымдағы мәселелерін талқылап, бағыт сілтеп отыратын әдеби-публицист, ғылыми-эстетикалық шығармашылық түрі. Әдеби сын – аса күрделі сала. Оның негізгі зерттеу объектісі – көркем әдебиет, әдеби процесс. Сыншы белгілі бір әдеби шығарманы талдап, баға беру үшін әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін, методологиясын қолданады. Әдеби сынның басты ерекшелігі, көбінесе, қазіргі әдебиеттің жай-күйін қарастыруында, әдеби мұраларды бүгінгі заман тұрғысынан пайымдауында. Әдеби сын әдебиеттің теориясы, әдебиеттің тарихы жеткен жетістіктерге сүйенеді. Көркем шындыққа айналатын өмір – аса күрделі құбылыстардың біртұтас жиынтығы. Міне, сол сан қырлы өмір оқиғаларының көркем әдебиетте қалайша көрініс тапқандығын анықтап отыратын әдеби сынның да оларды түрлі жақтарынан зерттейтін ғылым салаларының жетістіктерін қажетінше пайдаланып отырады».

Жалпы, әр жанрдың өз сыншылары болуы керек екеніне ешкімнің таласы болмас.

Іргелі елдерде солай. Оларда уақыттан қалып қоймау үшін мерзімдік әдеби басылымдарда жарияланған шығармалар мен бір жыл ішінде жарыққа шыққан кітаптарды саралап отыратын сын жүйесі қалыптасқан. Бізде осындай жүйе қашан қалыптасар екен дейсің. «Атаусыз қалу – атумен тең» деп Асқар Сүлейменов айтпақшы, кез келген қаламгер үшін өзінің шығармасына сыни тұрғыда баға берілуі, тіпті, жағымсыз күйде болса да, маңызды екені анық.

Сын тағдыры бүгінде орта буын, жас буынның қолына көше бастады. Аға ұрпақ сыннан біржола сырт айнала бастады деген пікірлер де бар. Жаңа жазып бастаған жас сыншылар мен бай тәжірибелі аға сыншылардың сабақтастығы үзіліп тынған. Содан да жас сыншылардың сыны сұйықтау, шикілеу, ғылыми негіздемеден жұрдай болып келеді. «Кез келген адам өзінің пікірін айтуға құқылы, бірақ кез келген адам өзінің көзқарасын білдіруге құқылы емес» деген ойлы сөз бар. Пікірді айта беруге болады, ал көзқарасыңды ғылыми түрде негіздей білуге тиіссің. Сынға шындап араласқан адамның теориялық жағынан өте мықты дайындығы болуы, салыстырып отыру үшін, ұлттық әдебиетпен қоса, әлемдік әдебиетті де терең білетін жан болуы керектігі күмән туғызбаса керек. Сыншы жазушыдан гөрі талланттырақ болуы, интеллект жағынан да биік тұруы шарт. Сонда ғана оның сыны қаламгерге ой салып, әдебиеттің дамуына, қоғамдық, әдеби-эстетикалық ойдың өсуіне ықпал етеді. Сыншының жазушы мен оқырманды байланыстыратын алтын көпір болмағы ләзім. Ал бүгінде жазушы мен оқырман арасындағы байланыс үзілген, үзілмеген күнде де, үзіліп түсуге шақ тұр.

Оқушы бұрын өмірді кітаптан іздейтін. Жастар махаббатты, сүю мен күюді кітаптан іздегені өтірік емес. Қазір сол кезде өмірдің орнын басқан мәртебелі кітап қалың оқушыға бір кездегідей керек пе? Керек болса да, дәл сол кездегідей керек емес-ау... Әдеби ағыстың ауа райын анықтайтын болғандықтан, сыншылардың мойнына артылатын жүк те ауыр, жауаптылық одан да салмақты. Нағыз сын авторды қаралау емес, үйрету болса керек-ті. Кез келген шығармашылық тұлғаны, жалпы рухани ізденістерді бағалай білгенге не жетсін?! Қанша жерден сынап отырсаң да, авторға деген құрметің де болуы керек емес пе?! Жалпы, бәрін бірден әлемдік әдебиет өлшеміне салуға тырысатынымыз жаман-ақ. «Әдебиетте жас жоқ» деген қағида бар. Десек те, автордың бәріне бірдей талаппен қарауға болмайтыны анық. Сыни тұрғыда сақа жазушыға бір бөлек, жас жазушыға бір бөлек қарау керек екенін ұмытпауға тиіспіз. Кәсіби қаламгер мен әуесқой қаламгерді бір қатарға қоюға болмайды. Кейде баспадан көржердің бәрі шығып жатыр, таза әдебиет пен халтура мидай араласып кетті деген сөздерді естиміз. Ауылдық, аудандық деңгейдегі әдебиет те өмір сүруге құқылы шығар, кім білген. Бәрібір олар үлкен айналымға түсе алмасы анық. Жақсының жақсы екенін білу үшін жаман да керек секілді.

Бүгінгі күні сын жазуға деген қызығушылық жоқтың қасы. Ешкім қызықпағаннан кейін, әрине, ол салада қалам тартылмайтыны белгілі. Кезінде В. Белинский секілді мықты сыншылар әдеби сын жанрын арнайы қалап, таңдап алып, әдебиеттің деңгейін көтеру үшін қызмет еткен болатын. Шынында да әділ сын әдебиеттің дұрыс дамуына үлкен септігін тигізетін нәрсе. Сол сын арқылы әдебиеттің бағыт-бағдары, жетістігі мен кемшілігі көрінеді. Ал сынды жазу өте ауыр. Оған үлкен дайындық керек. Жақсы сын жазу үшін әуелі терең білім, сонан соң ұзақ уақыттық жаттығу қажет. Ал дәл қазір ондай мамандар өте сирек. Бір кездері академиялық оқытуларда әдебиеттің мәнін, мағынасын, маңызын кең көлемде түсіндіретін. Ондағы адамдардың теориялық дайындығы мықты еді. Сол жерде оқып, білім жинақтағаннан кейін ғана сын жазуға бейімделе бастайтын. Ал бейімделу ұзақ процесс. Жалпы, сын дегеннің өзі абырой әперетін нәрсе болмағандықтан да оған қызығушылық аз. Өйткені белгілі бір туындының жақсылығын, я жамандығын көрсету үшін, шығарма сыналып, жазушының шеберлігі туралы ойлар айтылуы тиіс. Ал ондай сын қай жазушыға жағуы мүмкін. Қанша жерден сын – әділ таразышы дегенімізбен де, дәл осы күні жазылып жүрген сындар туралы олай дей алмайтынымыз рас. «Сын – шын болсын, шын – сын болсын», – деген М. Әуезов сөзі ескерусіз қалғалы қашан. Оның бірнеше себептері де бар. Біріншіден, осы күні жазған дүниеңе ештеңе төленбейді. Екіншіден, тек қаржылық жағынан ғана емес, творчестволық тұрғыдан да өсіп-өнуге ешқандай мүмкіндік жоқ. Қазір, тіпті, сынды ешкім басып шығармайды да. Мәселен, кезінде Сағат Әшімбаевтар ең әуелі әдебиет туралы ойларын жазып тұратын. Біртіндеп кей шығармаларды сынап, олардың мазмұнына тереңдей еніп, өзінің

эстетикалық талғамын, теориялық білімін, жанжақты біліктілігін мақала ретінде таныта бастады. Кейін сол жазғандарының бәрін кітапқа біріктірді. Сөйтіп, мақаласына да, кітабына да қаламақы алып, өзіне қаржылық жағынан көмек тауып жатты. Ал қазір ондай мүмкіндіктер жоқ. Біреудің шығармасын оқып, кейін оны сынап, бәленбай уақытыңды бөлгеніңмен, саған келер ешқандай пайда болмаса, ондай іске кім құлшынбақ. Тіпті, ең болмағанда, сыншы ретінде танылуға да мүмкіндік жоқ қой қазір. Мәселен, бүгінгі шығып жатқан кітаптарды алып, соларға сын жазу үшін қаншама уақытыңызды бөлуге тура келетінін ойлаңыз. Оқып шыққаннан кейін оны талдауыңыз керек. Ал осынша есіл уақыт пен қажырлы еңбектен еш нәтиже көрінбесе, ол салаға кім ат басын бұрғысы келсін. Сонымен қатар қазіргі күні көпшіліктің әдебиетке деген қызығушылығы да аз. Негізінен, қай кезеңде болмасын әдебиеттің негізгі оқырманы 20 мен 30-дың аралығындағылар. Әдебиет – адамды адам болып қалуға үйретететін тәрбие құралы, өмірдің қарапайым шындығын көркемдік шындыққа айналдырып беретін де осы әдебиет десек, негізінен, соны ұғынатын, өзі оқыған шығармадағы бүкіл жақсылық пен жамандықты саралайтын, оның көркемдігіне тұшынатын, автордың ұтымды тәсілдеріне тәнті болатындар – осы жас аралығындағылар екен. Ал бүгінгі заманда ондай құлшынып оқитындар сирек. Жазылған сынды ешкім оқып жарытпауы да мүмкін. Себебі, көп адам сол сын нысанасына айналып отырған шығарманың өзімен таныс емес болып шығады. Үшіншіден, бүгінде сыншыларды ұйыстыратын, ұйымдастыратын, көзқарас бірлігін, бағыт-бағдар бірлігін, заманға ыңғайлы, жоспарлы-жобалы түрде қарайтын орта жоқ. Әркім өзінің білгенінше біреуі ағасын, біреуі інісін мақтап жазып жатыр. Біреуге ерегесіп қалған болса, шығармасын түкке алғысыз етіп сынап тастайды. Сонда осыны таразылайтын, мынанікі дұрыс, мынанікі бұрыс дейтін орта қайда? Қай кезеңде болмасын, «сын әдебиеттен қалып қалды», «жақсы сын жоқ» деген пікірлер ылғи болып тұрады. Ал қазіргі күні жақсы сынның жоқ екені айтпасақ та белгілі болып тұр.

«Әдебиет – халықтың ішкі запыраны, билік әдебиетті осылай түсінуі керек, сондықтан әдебиетті жолға салатын, өрістететін сынға билік көңіл бөлуі тиіс, – дейді сыншы Амангелді Кеңшілікұлы. Кеңестік кеңістікте баспаларда «жабық рецензия» дейтін жүйе болатын. Оған пікір жазғандарға қомақты қаламақы төленген. Қаламақы төленген соң, сыншылар жанын салып еңбектенген. Қазір ондай қаламақы жоқ болғасын, жан бағудың жолында жанталасып жүргендердің босқа арам тер болғысы келмейді» – дейді сыншы Бақыт Кәрібаева [«Айқын» газеті].

Орыс әдебиетшілері «біздің алтын ғасырымыз Пушкин, Толстой дәуірінде өтіп кетті, XX ғасырда орыста үлкен әдебиет туған жоқ» деген қорытындыға келуде. Кеңестік замандағы мықтыларын қайтадан жаңаша пайымдап, талдап-сараптауда. Әдеби сыны бұрыннан мықты елдің әдебиеті де мықты. Тургенев: «Мен өлгенде мәйітімді Белинскийдің қасына қойыңдар», – депті. Бұл екеуі – өнерде көзқарастары түйіспеген адамдар, бірақ... Бұл да – сынның, сыншының құдіреті. Әдебиет зерттеушісі Айгүл Ісімақованың айтуынша, «тәуелсіздік жылдарынан кейін қазақ әдебиетіне тың серпін әкелген шоқтықты шығармаларды, келісті кітаптарды таратып талдау, әділ безбендеу үшін бұрынғы академиялық стильдегі сыни жүйеміз жарамсыз, ол үшін тыңнан ойлайтын жас сыншылардың жаңа буыны пайда болуы керек. Ал ол жас сыншыларды баулып, қалыптастыратын кім сонда?!» [«Айқын» газеті] Бұл сұрақ баршамызды толғандырады.

Әдебиет сыншысы Бақыт Сарбалаұлы «Тәуелсіздік алғаннан кейін әдебиетімізде үлкен дағдарыстың белең алғанын жасырмай айтуымыз қажет. Қазір де содан шыға қойған жоқпыз. Өйткені шын мәнісіндегі кесек туындылар өте сирек туып жатыр. Бірақ соған қарамастан, маған дәл бүгінгі таңда әдеби сын көбірек керек секілді болып көрінеді. Олай дейтін себебім, Кеңес одағы құлағаннан кейін бәріміз де бетімізбен кеттік. Әсіресе бүгінгі жастарымыз нақты бағдарсыз өмір сүріп жатқан секілді», – дейді. [www.azattyg.org]

Дәтке дауа, соңғы уақыт бедерінде жас әдебиетшілердің ішінен суырылып шығып, сын майданына араласқандары бар. Олардың санатына Серікбол Хасан, Бағашар Арықбай, Қозыбай Құрман тағы басқа сыншыларды қосуға болады. Жас сыншылардың жазған рецензия, сындары ауық-ауық «Қазақ әдебиеті», «Ақ желкен», «Жас қазақ» басылымдарында жарық көруде.

Бұл сонау аға буын өкілдері бастаған әдебиет сыны жолының әлі де жалғасып келе жатқанын көрсетсе керек.

Әдебиеттер

1 «Қазақ энциклопедиясы – VI» «Kazakh encyclopaedia – VI»
2 Қабдолов З. Екі томдық шығармалар. – Алматы, 1983.
3 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақтары. – Алматы, 1992.
4 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы, 2001.
5 Сыздықов Қ. Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы. – Алматы, 1973.
6 Қазақ әдебиетінің тарихы. III том. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1967. – 663 б.

References

1 Kazakh encyclopedia – VI.
2 Khabdolov Z. Two-volume edition. – Almaty, 1983.
3 S. Kirabayev, White spots of literature. – Almaty, 1992.
4 Kirabayev S. Independence of nation and literature. – Almaty, 2001.
5 Syzdykov K. Mukhtar Auezov – literature expert. – Almaty, 1973.
6 History of Kazakh literature, III edition, Second book. – Almaty: Gylym, 1967. – P. 663.

ӘОЖ 339.5/.9

Қ. Қабиден

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: mr.haly1986@mail.ru

ҚХР Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданының Қазақстан Республикасымен сауда байланыстары

Мақалада Қытайдың Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданының сыртқы сауда байланыстарының жалпы жағдайы және оның Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыстары қарастырылған. Автор Шыңжаң мен Қазақстанның аймақаралық байланыстарының тарихи кезеңдеріне сипаттама беріп, қазіргі таңдағы ШҰАА-ның сыртқы сауда саясаты және Қазақстанмен әртүрлі формадағы сауда байланыстарының даму үдерісіне талдау жасап, ғылыми қорытындылар тұжырымдайды.

Түйін сөздер: Қытай, Шыңжаң, сауда, Қазақстан, даму.

K. Kabiden

The foreign trade – economic relations between Xinjiang, China and Kazakhstan

This article discusses the general appearance of the economic situation of Xinjiang – Xinjiang Uygur Autonomous Region of China, and its trade – economic relations with Kazakhstan. The author describes the historical relationship between Xinjiang and Kazakhstan, exploring the modern strategies of foreign trade and the development of different forms of trade – economic relations between Xinjiang and Kazakhstan, which's leading scientific conclusion of the study.

Keywords: China, Xinjiang, trade, Kazakhstan, developing.

К. Кабиден

Внешнеторговые отношения между Синьцзян-Уйгурским автономным районом (КНР) и Казахстаном

В данной статье рассматриваются общее внешне экономическое положение Синьцзян-Уйгурского автономного района Китая и его торгово-экономические отношения с Казахстаном. Автор описывает исторические связи между Синьцзянем и Казахстаном, исследуя современные стратегии внешней торговли и развитие разных форм торгово-экономических отношений между СУАР и Казахстаном, приводит научный вывод исследования.

Ключевые слова: Китай, Синьцзян, торговый, Казахстан, развивающийся.

Қазіргі Шынжаң ұйғыр автономиялы ауданы (ШҰАА) Қазақстан Республикасымен іргелес жатқан Қытайдың батыс провинциясы. Бұл аймақтың Қазақстанмен байланыс тарихы ежелгі заманнан басталады. Қытайдың байырғы Чанань қаласынан Римге қатынаған «Ұлы жібек жолы», кезінде Шынжаң мен Қазақстанды басып өтіп жатқан-ды. «Ұлы жібек жолы» сан ғасырлар бойы Шығыс пен Батыс мәдениетін алмастыру миссиясын атқарды. Сол «Ұлы жібек жолы» өткен Қазақстанның көптеген қалалары кезінде гүлденіп, өркендегені тарихи деректерден белгілі[1]. Демек, қазіргі ШҰАА аймағы мен Қазақстан Шығыс пен Батыс мәдениетін байланыстырған, тоғыстырған өркениет ошағы болып табылады.

Бірақ таяу заманда, патшалық Ресей мен Қытайдың Чиң (Цин) империясының Қазақ жерінен мемлекеттік шекарасын анықтау арқылы 1864-1885 жылдары қол қойған бірқатар келісімшарттары негізінде, қазіргі Шынжаң мен Қазақстанның шекара шебі қалыптасқан. Содан бастап Шынжаң мен Қазақстан Қытай, Ресей құрамындағы іргелес аймақтарға айналды[2].

Қытай Компартиясы 1949 жылы Қытай Халық Республикасын құрып, Қытайда социа-

листік қоғам орнатып, Қытайдағы аз санды ұлттарға автономиялы саясат қолданды. Бұрынғы Шынжаң өлкесі 1955 жылдың 1 қазан күні Шынжаң ұйғыр автономиялы ауданы болып құрды. Содан бері Шынжаң қоғамы жалпы қытайдың социалистік құрылыс үдерісінде дамып келеді.

1978 жылы желтоқсан айында Қытай Компартиясы өзінің XI кезекті III пленумында «қоғамдық реформа жүргізу, есікті ашық ұстау» сынды тарихи шешімін қабылдады. Содан бастап қытай қоғамы реформа және даму дәуіріне қадам басты. Қытай реформасы жоспарлы түрде іске асырылып, алдымен, аграрлық салаға, одан соң сауда-өнеркәсіп, одан соң білім-ғылым саласына, одан соң саяси жүйеге реформа жүргізіп келеді, дамып келеді. Қытай реформа арқылы бұрынғы жоспарлы экономика жүйесінен нарықтық экономика жүйесіне өзгертті [3].

Қытайдың қоғамдық рефома және даму жоспары – «Шығыс бөлігінен батысқа қарай», «Теңіз жағалауы аудандарынан ішкі құрлық аймақтарға қарай дамуға» бағытталған. Соған байланысты ШҰАА-ның жапы әлеуметтік даму деңгейі мен сыртқы сауда байланыстарының дамуы басқа өлкелеріне салыстырғанда біршама төмен болып келген-ді.

Бірақ ШҰАА-ның географиялық орналасуының Еуроазия материгіндегі халықаралық сауда байланыстарын дамытудағы алатын орны мен рөлі өте маңызды. Оның бұл басымдылығы өткен ғасырдың соңына таман көріне бастады.

КСРО құрамындағы Қазақсатан мен Қытайдың Шыңжаң өлкесі арасындағы өзара байланыстар өткен ғасырдың 80-жылдары басталды, нақтылап айтқанда 1989 жылы ресми бастады. Сол жылы Шыңжаң мен Қазақстан арасында сауда ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды. 1990 жылдың шілде айында Нұрсұлтан Назарбаев бастаған делегация Шыңжаң, СинЧжин және Пекинге сапармен барды. Сапар барысында екі жақ «Үрімжі мен Алматыда ҚХР ШҰАА мен Қаз КСР-інің экспорттық тауарлар көрмесін ашу туралы келісім» және «ШҰАА мен Қаз КСР-і арасындағы Алашанькоу-Достық шекаралық темір жол өткелін тиімді пайдалану туралы шарт»[4] сияқты құжаттарға қол қойды. Бұл Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы алғашқы ресми байланыстардың басталуы еді. Қазақстан тәуелсіздігінен кейін, Қытай – Қазақстан қатынастары терезесі тең мемлекеттер ретінде жаңа сипатта дами бастады.

ҚХР мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылы 3 қаңтарда орнады. Содан кейін Қазақстан мен Қытай арасында жасалған жоғары дәрежелі өзара ресми сапарлар, екі елдің саяси дипломатиялық қатынастарының құқықтық негізі қаланды. 1992 жылдың ақпан айында Қазақстан премьер-министрі С. Терещенко ресми сапармен Қытайға барды. Бұл Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жоғары дәрежелі үкімет делегациясының Қытайға бірінші рет баруы. Сапар барысында тараптар Бірлескен мәлімдемеге, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара жол жүруі туралы келісімге қол қойылып, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық комиссия құру туралы келісім жасады [5]. 1992 жылы 10 тамызда, екі елдің сыртқы істер министрлері «Шекара өткелдерін ашу туралы келісімге» қол қойды. Осы келісімнің 3-тармағы бойынша, Қазақстан мен Қытай арасында, Қорғас (ҚР)-Қорғас (ҚХР) кедені, Достық (ҚР) – Алашанькоу (ҚХР) кедені, Бақты (ҚР)-Бақту (ҚХР) кедені сияқты халықаралық тасымалдау кедендері құрылды. 1992 жылы қарашадан бастап үшінші жақ елдердің азаматтарына, қатынас құралдарына және тауарларына аталған кедендерден өтуге рұқсат берілді. Содан кейін Майқапшағай (ҚР)-Жеменей (ҚХР) кедені, Алексеев (ҚР)-Ақтүбек (ҚХР) кедені, Нарынқұл (ҚР)-Мұзарт (ҚХР) кедені екі жақты тасжол транспорт және ресми делегациялардың өткелін құратын болды [6].

ШҰАА өзінің географиялық орналасу орнын пайдалана отырып, сыртқы сауда байланысын дамыту үшін, 1992 жылы 2 қыркүйек айында Үрімжі қаласында, «Үрімжі шекара аймақтық сауда-экономика жәрмеңкесінің» шымылдығын алғаш рет ашты [7]. Оған тек Шыңжаң өлкесі ғана емес, бүкіл қытайдың ішкі өлкелерінен 20 провинцияның 68 сауда үйірмесі, 600-ден аса кәсіпорын қатысты. Шет елдік 38 мемлекеттен 2000-нан аса кәсіпкер арнайы келіп, өзара сауда байланыстары жөнінде әріптестерімен байланыс орнатты. Осыдан бастап ШҰАА үкіметі «Үрімжі жәрмеңкесін» жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырды. 1994 жылы жәрменкенің атын «Үрімжі сыртқы сауда-экономика жәрмеңкесі» деп өзгертті. 2008 жылғы атауы «XYII кезекті Қытай Үрімжі сыртқы сауда-

экономика жәрмеңкесі» деп аталды. Ал 2011 жылы қыркүйектегі жәрмеңкенің атауын – «Қытай-Еуразия көрмесі» деп жаңаша атаумен жаңа формада қайта ашты[8]. Демек, Үрімжі қаласында жыл сайын өткізіліп тұратын аталмыш жәрмеңке немесе көрме арқылы Шыңжаң өзінің сыртқы сауда-экономикалық байланыстарын жыл сайын кеңейтуде. Сондай-ақ олар Қытайдың шығысындағы провинцияларымен де ішкі сауда байланыстарын нығайтуда. Өйткені Шынжаң үкіметінің сауда стратегиясы – «шығыс провинциялармен байланыс жасап, батысқа экспорт ету» немесе «шығыстан енгізіп, бастысқа шығару» болып анықталған.

Шыңжаң басшылары белсенді түрде дипломатиялық қимылдар жасау арқылы, алдымен іргелес көрші мемлекеттермен сауда байланыстарын дамытуды көздеді. Мысалы, 1994 жылы 24 маусым айында, Қытай ШҰАА-ның төрағасының орынбасары Ли Дунхэй Шыңжаң сауда-экономика делегациясын бастап Қазақстанға келді. Ол сапар барысында Алматы қаласында Қазақстан премьер-министрінің орынбасарымен кездесу өткізді және Алматыда ашылған «Шыңжаң экспорт тауарлары көрмесінің» тұсаукесеріне қатысты. 1995 жылы шілдеде ШҰАА үкіметі төрағасының орынбасары Асқат Керімбай Шыңжаң үкіметі сауда-экономика делегациясын бастап Қазақстанға сапармен келді. Соған орайластырылған «Шыңжаң сыртқы сауда көрмесі мен жәрмеңкесі» Алматы қаласында ашылды. Сол жылдың 17-20 қарашасында Алматыда «Қытай мен Қазақстан сауда-экономика және ғылым-техника селбестік комитетінің» екінші реткі кездесуі өтті. 1997 жылы 26-30 мамыр аралығында, «Шыңжаң-Тяньзинь экспорт тауарлар көрмесі» Алматы қаласында өтті. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде Қазақстан мен Қытайдың Шыңжаң өлкесі арасындағы сауда-экономикалық байланыстар дамыды.

Қытай XXI ғасырдан бастап, «Батыс бөлікті игеру стратегиясын» жүзеге асыруда. Бұл – Қытай Халық Республикасының жалпы әлеуметтік даму стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Сондай-ақ ол Қытайдың кезек-кезегімен, рет-ретімен іске асырып келе жатқан әлеуметтік даму бағлдарламаларының аса зор көлемдегі ең күрделісі болып табылады [9]. Бұл іс жүзінде Шыңжаңның сыртқы сауда байланыстарын дамытуға орасан зор мүмкіндіктер жасады.

2005 жылы «Қытай-Қазақстан сауда-экономика форумы» Үрімжі және Құлжа қалаларында өтті. Бұл форумға Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің сауда-экономика компаниялары мен Шынжаңның сыртқы сауда компаниялары қатысып, тараптар бас қосып, өзара сауда байланыстарын дамытудың жолын қарастырды. Сондай-ақ сауда-экономиканы зерттеуші мамандар тараптардың сауда-экономика жағдайын, кеден өткелдерінің қызметін жетілдіру туралы мәселелерді талқылады[10]. Осындай шаралар ШҰАА-ның сыртқы сауда айналымын дамыта түсті. Сыртқы байланыстардың сұранысына орай Шыңжаң төңіректегі елдермен қатынас-транспорт жүйесін де дамытты.

ШҰАА Үкіметі Қытайдың іші мен сыртына қатынайтын теміржол, тасжол және әуе жолдары тораптарын қалыптастырды. Бұл Шыңжаңның сыртқы сауда саласының дамуына қолайлы жағдай жасады. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, 1992 жылы ШҰАА-ның импорт-экспорт жалпы құны 750,39 милл АҚШ доллары болса, 2002 жылы 2692 милл АҚШ долларына жеткен, жылына 13,63%-ға артып отырған. Мұнда экспорт құны 548,57 милл АҚШ доллары болса, импорт құны 453,04 милл АҚШ доллары болған. Бұл санақ 1992 жылмен салыстырғанда 258,75% арытқан.

2003 жылы ШҰАА мен Қазақстан арасындағы импорт-экспорттың жалпы құны 2546 милл АҚШ долларына жетіп, сыртқы сауда импорт-экспорт жалпы құнының 83,77%-ын ұстаған. Мұнда экспорт құны 1273 милл АҚШ доллары болса, импорт құны 1273 милл АҚШ доллары болған. 2011 жылы импорт-экспорт жалпы құны 22822,25 милл АҚШ долларына жеткен. 2011 жылғы ШҰАА мен Қазақстан арасындағы импорт-экспорт жалпы құны 10596,64 милл АҚШ долларына жеткен. Бұл санақ 2003 жылға қарағанда 316,2%-ға өскен. Қазақстан ШҰАА-ның сыртқы саудасында бірінші орында тұрады [11].

ШҰАА-ның Импорт-экспорты (мың АҚШ долл.)

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Импорт-экспорт жалпы құны	5635630	7941890	9103270	13716230	22216800	13827710	17128340	22822250

*Шыңжаң статистикалық жылдық жинағынан (2009-2012) реттеп алынды.

Жоғарыдағы кестеден ШҰАА-ның 2004 жылдан бергі, сыртқы саудасының жалпы беттік көбейіп келе жатқан беталысын аңғара аламыз. 2008 жылға қарағанда 2009 жылы азаю жайы көрінгеніменен, 2010 жылдан бастап қайтадан жоғарлаған.

ШҰАА мен Қазақстан импорт-экспортының жалпы құны (мың АҚШ долл.)

ШҰАА-ның Қазақстанмен болған Импорт-экспорт жалпы құны	2008	2009	2010	2011
	9070740	6897510	9259180	10596640

*Шыңжаң статистикалық жылдық жинағынан(2009-2012) реттеліп алынған.

Жоғарыдағы кестеден ШҰАА мен Қазақстан арасындағы сауда айналымның жалпы көбейіп келе жатқанын көруге болады. 2008 жылға қарағанда 2009 жылы 30 пайызға азайған. Бұл жағдайды сол жылы, Қазақстанның Кеден одақтастығына мүше болуына байланысты, кеден салығының көтерілуіне, сол жылдары жалпы дүние жүзілік экономика дағдарысының ықпалдарынан болған деп түсінуге болады. 2009 жылдан кейін, ШҰАА мен Қазақстан арасындағы импорт-экспорт жалпы құны қайтадан бұрынғы деңгейге көтерілді, тіпті, одан әрі арта түскені байқалады.

Қазіргі таңдағы экономикалық жаһандану үдерісі дамушы елдердің аймақаралық байланыстарын тереңдетуде. Соның мысалдарын Шыңжаң мен Қазақстан және Орта Азия елдері арасындағы сауда-экономикалық байланыстардан көруге болады. Өйткені олар арасындағы сауда байланыстары сыртқы сауданың барлық формаларын бастан өткізу арқылы жоғары деңгейге көтеріліп отыр. Яғни олар ең алғашқы тауар айырбастау формасынан кезір, қаржы біріктіріп кәсіпорын ашу сынды ынтымақтастық қатынасын орнатып, екі жақты сыртқы сауда қимылдарын ортақ жүргізу дәрежесіне көтерілді әрі халықаралық өлшемге де сай жұмыс жасауда.

ШҰАА аймағы мен Қазақстан арасындағы географиялық және транспорттық байланыстары сыртқы сауда әрекеттерін сәтті жүруінің ең негізгі алғышарттарының бірі болып табылады. ШҰАА-ның 10 елмен шекаралас жатқан өңірлерінің ішінде бесеуі Қазақстанмен көрші. Олардың арасында бірінші дәрежелі кеден пунктінен төртеуі, мезгілдік тауар өткелінен үшеуі бар. ШҰАА шекарасы мен Қазақстан қалаларының аралығы қашық емес. Және шекара арасы тасжолдар бір-бірімен ұласып тұр, шекара өткелерінің инфрақұрылымдары мен қызмет көрсетуі барған сайын жақсаруда. Мұның ішінде Қорғас өткелі, ШҰАА мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық және бұқаралық қарым-қатынастағы маңызды өткел болып отыр. Қорғас кедені – Қытай мен Қазақстан арасындағы, сауда-айналымлына арқау болып отырған кедендердің бірі. Сонымен қатар кеден өңірдің экономика, әлеуметтік дамуына мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп, нақтылы іс-шаралар жүзеге асырылуда. 2005 жылы шілдеде Қытай мемлекет басшысы Ху Цзэньтао Астанада өткен ШЫҰ-ның самитіне келген кезде, Қытай мен Қазақстан екі ел бірігіп, Қорғаста «Қытай-Қазақстан халықаралық шекара селбестік орталығын» ашу туралы келісімге қол қойды. Орталық жалпы аумағы 5,28 шаршы км болса, Қытай жағы 3,43 шаршы км, Қазақстан жағында 1,85 шаршы км болған. Бұл Орталыққа кез келген адам, екі жақтағы қақпадан емін-еркін кіріп-шыға алады. Орталықта базар, емхана, қонақүй сынды нысандар тұрғызылды. Бір ретте бір азамат

Орталықтың территориясында 30 күн визасыз тұра алады. Қытай жағында тағында 9,37 шаршы келеметр болатын қосымша аймақ дайындалды. Осы қосымша аймақта 30-дан аса кәсіпорын орын теуіп отыр. Бұл Орталықтың Қазақстан бөлігі 2006-2008 жылдары аралығында, Қазақстан индустрия және сауда министрлігінің басқаруында болған. 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасы «Жетісу» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының тікелей басқаруына өтеді. Қазақстан бөлігінде 153 инвестициялық жоба жоспарланып отыр. Әрбір нысананың салынуына тендр белгіленген. 2006-2008 жылдар арасында, Қазақстан үкіметі тарабынан 15 млрд теңге қаржы бөлінеді. 2009 жылы тағы 23 млрд теңге қаржы өңірдегі негізгі құрылғылардың салынуына жұмсалды[12].

2010 жылы мамыр айында Қытай үкімет тарапынан, Қорғаста және Қашқарда «Экономикалық ерекше игеру ауданын» құрды. Бұл шараның қолға алынуы – Қытайдағы алғашқы кезде құрылған Шэньчжэнь еркін экономикалық аймағының даму тәжірибесін батыс аймақтарға қолдану болып табылады.

Екінші Еуроазия құрлық көпірінің ашылуы, ШҰАА және жалпы Қытайдың солтүстік батыс өңірлерінің дамуына бұрын-соңды болмаған орай тудырып отыр. Бұл теміржол желісі Қытайдың шығысындағы Лянь Юнь ган қаласынан басталып, Еуропадағы Голландияның Роттердам қаласына дейін барады. Жол жалпы жеті елдің жерін басып өтеді. Олар – Қытай, Қазақстан, Ресей, Белорусь, Польша, Германия, Голландия. Бұл теміржол желісі, Азия-Атлантика мұхиты мен Еуропа арасындағы ең қолайлы құрлықтық өткел болмақ. Мамандардың пайымдауларына қарағанда, екінші Еуроазия құрлық көпірі, Сібірден өтетін бірінші Еуроазия құрлық көпіріне қарағанда, тасымал аралығы 2000 км-ге қысқарып, тасымал ақысы 30% төмендемек; теңіз тасымалына қарағанда, тасымал уақыты 60% қысқарып, тасымал ақысы 20% қысқармақ. Орта Азиядағы бес мемлекет, ішкі құрлықта болғандықтан, оларға теңіз жолымен тасымалдау, өте қолайсыз болмақ. Сондықтан да Орта Азия елдері көршілес ШҰАА мен экономикалық техникалық байланыстарында ортақ мүдделер сақталып отыр. Орта Азиядағы бес мемлекет сыртқы байланыстарын дамытуда осы құрлықтық көпір арқылы Атлантика мұхиты елдерімен де тікелей байланыс жасауына мүмкіндік жасалады. Демек, Қазақстан мен ШҰАА арасындағы экономикалық байланыстар әлемдік сауда байланыстарына жалғасуына жол ашылады.

Қытайдың «Батыс бөлікті қаурыт игеру» стратегиялық жоспары аясында ШҰАА-ның экономикалық дамуы қарқын ала түседі. Соған байланысты оның Қазақстанмен сауда байланыстары дами түседі деп жорамалдауға толық негіз бар.

Әдебиеттер

1 Жібек жолының бойындағы қалалар. http://www.baq.kz/kaz/news/cat/30/15836/. 2013-02-01.

2 Мұқаметқанұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010. – 48 бет.

3 Мұқаметқанұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010. – 59 бет.

4 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – Алматы: Дәуір, 1992. – 56 б.

5 Ресми сапармен// Егеменді Қазақстан. – 1992. – 25 ақпан.

6 «ҚХР үкіметі мен ҚР үкімет арасындағы шекараның өткелін ашу туралы келісім». http://www.fmprc.gov.cn/mfa_chn/ziliao_611306/tytj_611312/t556621.shtml 2013-01-20

7 Хуаң Пиң Жао. «Реформа жасап есікті ашық ұстау» саясаты алға қойғаннан бері Шыңжаң сыртқы саудасының дамуына қайта шолу[J]// Шинжяң финансы. – 2000(4). – 26–9.

8 CNENA Қытай Көрмелер порталы сайытынан. http://www.cnena.com/show.asp?id=6107 2013-01-25

9 Мұқаметқанұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2010. – 59 бет.

10 ЭКСПО «Китай-Евразия» ресми сайытынан. http://ru.caeexpo.org/ 2013-01-25

11 Шыңжаң статистикалық жылдық кітабының 1992 жылдан 2005 жылға дейінгі жинағынан реттеліп алынды.

12 Қорғас әкімшілік сайты. http://www.xjhegs.gov.cn/ . 2013-01-25

References

1 Zhibek zholynyn boindagy kalalar. http://www.baq.kz/kaz/news/cat/30/15836/. 2013-02-01.
2 Nabizhan Mukametkanuly. Diplomatialyk katynastar zhane kytaitanu maselelery. – Almany. – 2010. – 48 bet.
3 Nabizhan Mukametkanuly. Diplomatialyk katynastar zhane kytaitanu maselelery. – Almany. – 2010. – 59 bet.
4 Nazarbaev N.A. Kazakhstan egemendy memleket retynde kalytasuy men damuynyn strategiasy. – Almaty: Dauyr,1992. – 56 bet.
5 Resymi saparmen// Egemendy Kazakhstan, 1992. – 25 akpan.
6 «Kytai ukimeti men Kazakhstan ukimeti arasyndagy shekara otkelderyn ashu turaly kelisim ». http:///7 www.fmprc.gov.cn/mfa_chn/ziliao_611306/tytj_611312/t556621.shtml 2013-01-20
7 Huang Ping zhau. «Reforma zhasap esikti ashyk ustau» sayasatyn alga koigannan beri Shinzhang syrtky saudasynyn damuyna kaita sholu[J]//. Shinzhang finanysy. – 2000(4). – 26-29.
8 CNENA Kytai kormeker portaly saiytynan. http://www.cnena.com/show.asp?id=6107 2013-01-25
9 Nabizhan Mukametkanuly. Diplomatialyk katynastar zhane kytaitanu maselelery. – Almany. – 2010. – 59 bet
10 EXPO «China-Eurasia» resmi saitynan. http://ru.caeexpo.org/ 2013-01-25
11 Shinzhang statistikalyk zhyldyk kitabinyn 1992-2005 zhinaktarynan rettelip alyndy.
12 Korgas akimshilik saity. http://www.xjhegs.gov.cn/ . 2013-01-25.

УДК 070

Е.А. Морозова

Институт журналистики Киевского национального университета им. Тараса Шевченко, Украина, г. Киев
E-mail: moros-ka@ukr.net

У истоков изучения печатных СМИ: Украинский опыт

